

**Қазақстан Республикасы ІІМ
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Заң институты
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы**

Бекітемін
Жалпы білім беретін пәндер
кафедрасының бастығы
полиция майоры
_____ Е.М. Баймұханов

«_____» _____ 2019 жыл

**Пән бойынша
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН**
ККЗТ 1101 «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы»

«6В12301-Құқық қорғау қызметі» мамандығы

оқыту нысаны: күндізгі
курс: 1
семестр: 1
кредит саны: 5
дәріс: 15 с.
семинар: 35 с.
КООЖ: 15 с.
КӨЖ: 85 с.
Мем. емтихан: 1 семестр

Қарағанды 2019

«Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша «6В12301 - Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған ОӘК

Құрастырғандар: Уалиев Манап Ерсайынұлы жалпы білім беретін пәндер кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция майоры;
Жағыпар Әділет Бауыржанұлы жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдарының магистрі, полиция аға лейтенанты.

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының отырысында қарастырылды
«11» __ 06 __ 2019 ж., № 19 хаттама

Жалпы білім беретін пәндер
кафедрасының бастығы
полиция майоры

Е.М. Баймұханов

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ОӘК отырысында бекітілді
« ____ » _____ 2019 ж., № ____ хаттама.

© Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы,
2019

2.1 Негізгі ақпарат:

1. Шифр және мамандық атауы	6В12302-«Құқық қорғау қызметі»
2. Курс, семестр	1 курс, 1 семестр
3. Пән циклы	ЖББП
4. Кредит саны	5
5. Сабақ өткізу орны	кесте бойынша
6. Дәріскер (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Уалиев Манап Ерсайынұлы, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция майоры тел. 30-33-82, ішкі. 3-01, manap_2402@mail.ru
7. Қалған сабақ түрлерін жүргізетін оқытушылар (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Жағыпар Әділет Бауыржанұлы жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдарының магистрі, полиция аға лейтенанты тел. 30-33-82, вн. 3-41. karakesek334@mail.ru

2.2 Пререквизиттер: «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» курсы менгеру үшін курсант орта мектеп бағдарламасы көлеміндегі келесі пәндер бойынша бастапқы білімдері болу керек: Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, құқықтану, экономикалық теория негіздері, қоғамтану.

2.3 Постреквизиттер: «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» курсы оқу барысындағы білімдарлық келесі пәндерді игеруге қолданылады және тиімді жұмыс істеуге мүмкіншілік береді: мемлекет және құқық тарихы, Қазақстанның экономикалық тарихы, әлеуметтану, мәдениеттану, саясаттану, философия.

2.4 Пәнді қысқаша сипаттау:

«Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» курсы нақты тарихи материалға сүйене отырып, Қазақстан Республикасының қазіргі территориясының ХХ ғасыр басынан қалыптасу үрдісін ашып көрсетеді. Сонымен қатар тарихи оқиғаларды объективті түрде қарастыра отырып, қоғам дамуының барлық карама-қайшылығын анықтап беруде қоғамдық-экономикалық құбылыстарды талдауда ғылымилық, тарихилық қағидаларды ескере отырып, курс тарихи білімдерді құрайтын фактологиялық материалдарды оқыту негізінде құрылған.

«Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» курсы Қазақстан территориясында ХХ ғасыр басында болған тарихи оқиғаларды іргелес-көршілес, нақты бір елдердегі халықтардың тарихымен өзара байланыста көрсететін Отандық тарихтың басты және жалпы бағыттарын анықтап береді.

«Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» курсы ХХ ғасыр басынан бүгінгі күнге дейінгі тарихи үрдістерді қамтиды.

Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері - курсанттарды Қазақстан территориясында ХХ ғасырдан бастап бүгінгі күнге дейінгі тарихи, саяси,

әлеуметтік, экономикалық, этникалық және мәдени үрдістер; қазақ халқының ХХ ғасыр тарихындағы алатын орнын баса көрсете отырып әр курсанттың бойына ел тарихынан терең білім беруді, отанымыздың тарихын сүйшілік пен қастерлеуге үйрету барысында азаматтық, патриоттық сенімді қалыптастыру болып табылады.

Оқу - әдістемелік кешеннің міндетіне курсанттарға Қазақстанның қазіргі заманғы тарихын меңгерудің дүниетанымдық кешендік мүмкіндігін тудыру жатады. Оған іс жүзінде қол жеткізудің жолдарын көрсетеді.

«Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні Қазақстан Республикасының алға қойған міндеттерін ойдағыдай шешуде курсанттардың тарихи сана-сезімін оятады, қоғамдық белсенділігін арттырады. Курсанттардың «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» курсына оқыту барысында отандық тарихтың түбегейлі мәселелерін және олардың қазіргі деңгейдегі ғылыми-зерттеулерімен танысады.

Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы оқу үрдісінде курсант курстың мазмұнын меңгеруі тиіс. Тарихи деректемелерге ой жүгіртіп алған білімін сұрыптайды, оларды бір арнаға құяды. Оқу – түсініктемелер мен арнайы әдебиеттерді пайдалануға үйренеді.

2.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны және мақсаты	Ұсынылған әдебиеттер тізіміне сілтеме	Орындау мерзімі	Бақылау түрі	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Семинар сабағында ауызша жауап беру және баяндама жасау	Семинар сабақтарының жоспарына сәйкес	Семинар сабақтарына дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Курсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Күнділікті тексеру, семинар сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары 100 %дейін бағаланады	Ағымдық бақылау (семинар сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары бағаланады)	Семинар сабақтары мен КОӨЖ сабақтарының сабақ кестесі және оқу жоспарына сәйкес
2	КОӨЖ сабағында ауызша жауап беру және баяндама жасау	КОӨЖ сабақтарының жоспарына сәйкес	КОӨЖ сабақтарына дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Курсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Күнділікті тексеру, семинар ж/е КОӨЖ сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары 100 % дейін бағаланады	Ағымдық бақылау (семинар және КОӨЖ сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары бағаланады)	Семинар сабақтары мен КОӨЖ сабақтарының сабақ кестесі және оқу жоспарына сәйкес

3	Межелік бақылауға дайындық	Сабақтардың жоспарына сәйкес	сабақтарға дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Курсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Тестілеу немесе Коллоквиум (100% дейін)	Межелік бақылау	семестрдің 7 және 14 аптасы
4	Реферат, эссе жазу, слайд-проект дайындау	КӨЖ сабақтарының жоспарына сәйкес	КӨЖ сабақтарына дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Курсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Тестілеу немесе реферат қорғау (100% дейін)	Үй жұмысы КӨЖ тексеру	Семинар сабақтары мен КӨЖ сабақтарының сабақ кестесі және оқу жоспарына сәйкес
5	Емтиханға дайындық	Курсанттардың пән бойынша қортынды білімдерін тексеру	Негізгі және қосымша әдебиеттердің тізімімен сәйкестігі	Барлық оқу процесі аралығындағы дайындық	Қорытынды бақылау	Қорытынды	Курс аяқталғаннан кейін емтихан кестесімен сәйкестігі

2.6. Курс саясаты.

Оқу процесінде курсанттарға қойылатын негізгі талаптар оқу курсының мақсаттары мен міндеттерінен шығады. Оқу уақытында белсенділік көрсету үшін курсант осы пәнді меңгеруге және топтың үлгеріміне ықпал етуі керек; бірігіп оқудың субъектісі, белсенділік пен жауапкершіліктің иесі болуға тиіс.

- Барлық тапсырмалар уақытында орындалуы керек;
- Сабаққа курсанттар дайындалып келуге тиісті;
- Қойылған сұрақтарға, проблемаларға шығармашылық тұрғысынан жауап беруге тырысуы керек;
- Курсант дәрістік және семинарлық сабақтарға міндетті түрде қатысуы керек;
- Міндетті түрде қатысатын сабақтары курсанттардың рейтингісіне әсер етеді;
- Сабаққа кешігуге болмайды;
- Сабақ кезінде бос әңгіме, газет-журнал болмауы керек;
- Ұялы телефонмен сөйлесуді тоқтату қажет; сағыз шайнау секілді өрескел әдеттерден құтылу қажет;
- Сабаққа себепсіз келмей қалуды тоқтату керек;
- Сабақ барысында шығармашылық белсенділік көрсетуге тырысу керек;
- Үй жұмысын ұқыпты орындаған жөн;

2.7. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

№№	Автор, атауы	Жылы, басылым орны
----	--------------	--------------------

р/н		
1. Нормативтік құқықтық актілер		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы.	Астана, 2019.
2	Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі жөніндегі Декларация /Ведомости ВС РК	Алматы, 1990, №44.
2. Негізгі әдебиеттер		
3	Современная история Казахстана: Учебник для студентов неисторических специальностей (бакалавриата) высших учебных заведений / Б.Г. Аяган, Х.М. Абжанов, С.В. Селиверстов, М.С. Бекенова; под общей редакцией Б.Г. Аягана. - 432 с, 16 с. ил.	Алматы: Раритет, 2010.
4	Асфандияров С. Қазақстан тарихы	Алматы, 1993.
5	Қозыбаев М. Қазақстан тарихы.	Алматы, 1993.
6	Артықбаев Ж.О. Қазақстан тарихы.	Астана, 2000.
7	Күзембайұлы А., Әбіл К. Қазақстан тарихы.	Алматы, 1998.
8	Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Төрт томдық.	Алматы, 1997.
9	Ч. Мусин. Қазақстан тарихы.	Алматы, 2007
10	А. Пірімбетова Қазақстан тарихы	Алматы, 2005
11	Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан - 2030».	Алматы, 1997
12	Назарбаев Н.Ә. Тарих тоғысында.	Алматы. 1999.
13	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Дағдарыстан дамуға»	Астана, 06.03.2009 ж.
14	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Болашақтың іргесін бірге қалайық».	Астана 28 қаңтар 2011 жыл.
15	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты».	Астана 27 қаңтар 2012 жыл
16	.Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан 2050» стратегиясы. «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.	Астана, 2012 жылғы 14 желтоқсан.
17	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».	Астана 17 қаңтар 2014 жыл.
18	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол».	Астана 11 қараша 2014 жыл.
19	Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы	Астана 12 сәуір 2017 жыл.
20	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері».	Астана, 10 қаңтар, 2018 жыл.
21	Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуі	Астана, 5 наурыз 2018 жыл.
22	Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру».	Астана, 5 қазан 2018 жыл.
23	Мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы	Астана, 21 қараша 2018
24	Х.К. Уразбаев. Қазақстан тарихы.	Қарағанды, 2005
25	М.Е. Уалиев. Қазақстан тарихы. ... /Дәрістер курсы/	Қарағанды, 2012
26	М.Е. Уалиев. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Оқу құралы	Қарағанды, 2016
3. Қосымша әдебиеттер		
27	Әмірханов М.Б. Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы.	Алматы: Заң әдебиеті, 2007
28	Хасенов Ө.Х. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы.	Алматы, 1987.
29	Ш. Құдайбердіұлы Қазақ, қырғыз, түрік һәм хандар шежіресі.	Алматы, 1990
30	Қәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылуы. Қазақ тарихы.	1995. 4-6 беттер.
31	Қасымбаев Ж. Хан Кенесары.	Алматы, 1991.
32	Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы.	Алматы, 1995.

33	Қозыбаев М.Қ. Ақтандақтар ақиқаты.	Алматы, 1992.
34	Шаймуханов Д.А. Карлаг.	Қарағанда, 1999.
35	Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. Қазақстан даму институты.	Алматы, 2000.
36	Мәшімбаев С.М. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты.	Алматы, 1994.
37	Бұхар жырау. Шығармалары.	Алматы, 1992.
38	Нүрпейісов К.Н. Алаш һәм Алашорда.	Алматы, 1995.
39	Аманжолов К., Рахметов К. Түркі халықтарының тарихы. Көне дәуірден біздің заманымыздың XIV ғасырына дейінгі кезең.	Алматы, 1996
40	Жолдасбайұлы С. Ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстан.	Алматы, 1995.
41	Левшин А.И. Описание киргиз-казсацких или киргиз-кайсацких Орд и степей.	Алматы, 1996.
42	Ағибаев Х. Гибель Отрара.	/Қазақстанская правда. 1994, 28 мая.
43	Самарин К. Династии ханов	Алматы, 1992
44	Артыкбаев Ж.О. Казахское общество в XIX в.: традиции и инновации.	Қарағанда, 1993
45	Тынышпаев М. Великие бедствия /Ақтабан Шұбырынды/.	Алматы, 1991.
46	Бекмаханов Е.Б. Қазақстан в 20-40-е гг. XIX в.	Алматы, 1992.
47	Абылхожин Ж.Б., Бурханов К.Н., Кадырбаев А.К., Султанов Т.И. Страна в сердце Евразии.	Алматы, 1998.
48	Абилев К. Материалы по истории Казахстана (с древнейших времен до XIII в.).	Қарағанда, 1992.
49	Кенесарин А. Султаны Кенесары и Сыздық.	Алматы, 1992.
50	Турсунбаев А.Б. Казахский аул в трех революциях.	Алматы, 1993.
51	Ертысбаев Е. Қазақстан и Назарбаев: логика перемен.	Астана, 2001
52	Мағауин М. Азбука казахской истории.	Алматы, 1993.
53	Масанов И.Э. Кочевая цивилизация казахов.	Алматы, 1995.
54	Абдақимов А. Тоталитаризм: депортация народов и репрессии интеллигенции.	Қарағанда, 1998.
4. Ғаламтор көзі		
55	История Казахстана [Электронный ресурс]. обзорный сайт. -Режим доступа: http://ww.kazakhstan.awd.kz .	
56	История Великой степи [Электронный ресурс]. -Режим доступа: http://ww.neonomad.kz/history/ .	
57	Архивы Казахстана [Электронный ресурс]. -Режим доступа: http://ww.kazarchires.kz .	
58	Мемориал. [Электронный ресурс]. -Режим доступа: http://ww.memorial.ru/first.html .	
59	Победа 1941-1945. [Электронный ресурс]. -архивные фотодокументы. - Режим доступа: http://ww.victory.rusarchives.ru .	
60	Сайт об известных людях и исторических личностях Казахстана. [Электронный ресурс] обзорный сайт. -Режим доступа: http://www.biografia.kz .	
61	Қазақстанская Интернет Энциклопедия, Биографии Казахстана. - Режим доступа: http://www.encyclopedia.kz .	
62	Асылмұра. Музыкальное наследие Казахстана // http://www.asylmura.kz/	
63	Мәдени мұра. Ұлттық жоба. // http://www.madenimura.kz/	
64	Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты. // http://www.iie.kz/	
65	Мемлекеттік тарих институты. // http://www.memti.kz/	
66	Қазақстан тарихы. // Қазақстан тарихы - www.kazakhstan.awd.kz	
67	Қазақстан тарихы. Онлайн ЕНТ // http://www.testent.ru/tests/7	
68	Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы // http://www.nlrk.kz/page.php?lang=2	
69	<u>Қазақстан – Ресей «Шекарадағы кездесулер» бірлескен мегажобасының электрондық кітапханасы</u> // http://www.nlrk.kz/data11/	
70	Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты // http://www.kisi.kz/	
71	Официальный сайт Президента Республики Казахстан // http://www.akorda.kz/ru/	
72	Восточная Литература // http://www.vostlit.info	
73	Библиотека электронных ресурсов исторического факультета МГУ им. М.В.Ломоносова // http://www.hist.msu.ru/ER/index.html	
74	Электронная библиотека Российской государственной библиотеки (РГБ) // http://www.rsl.ru/ru/s2/s101/	
75	Мировая цифровая библиотека // http://www.wdl.org/ru/	

76	Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігі // www.akorda.kz		
Электрондық оқулықтар мен оқу құралдары			
77	М.Е. Уалиев. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша электронды оқулық.	Қазақстан Республикасы Б.Бейсенов атындағы академиясы, 2013 жыл.	ІІМ Қарағанды
78	Х.К. Уразбаев, М.Е. Уалиев, Ә.Б. Жағыпар. «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша электронды оқулық.	Қазақстан Республикасы Б.Бейсенов атындағы академиясы, 2017 жыл.	ІІМ Қарағанды

2.8. «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» курсы бойынша тақырыптық жоспар

№	Тақырып номері	Тақырыптың атауы	Дәріс	Семинар	Тәжірибелік сабақ	КООЖ	КӨЖ
1	1	Пәнге кіріспе	1	2	-	1	6
2	2	Қазақстандағы тәуелсіздіктің тарихи алғышарттары: ұлттық мемлекет құру идеяларының кезеңдері	1	3	-	1	6
3	3	Азаматтық-саяси қайшылықтар	1	2	-	1	6
4	4	Кенестік мемлекеттік құрылыс үлгісінің жүзеге асырылуы	1	3	-	1	5
5	5	Фашистік басқыншылыққа қарсы күрестегі қазақстандықтардың ерлігі мен қасіреті	1	3	-	1	6
6	6	XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы кенестік реформалардың қайшылықтары мен зардаптары	1	2	-	1	6
7	7	Қазақстандағы «қайта құру» саясатының сипаты	1	3	-	1	5
8	8	Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымының қалыптасуы	1	2	-	1	6
9	9	Экономикалық дамудың қазақстандық үлгісі	1	2	-	1	5
10	10	Әлеуметтік жаңғыру – қоғамның әл-ауқат тірегі	1	2	-	1	6
11	11	Этнодемографиялық үдерістер мен ұлтаралық келісімнің нығаюуы	1	2	-	1	6
12	12	Рухани жаңғыру және қоғамдық-саяси дамудың келешегі	1	2	-	1	5
13	13	Ұлы Дала еліндегі жаңа тарихи сананы және дүниетанымды қалыптастыру саясаты	1	3	-	1	5
14	14	Қазақстан – замануи әлем мойындаған	1	2	-	1	6

		ел					
15	15	Н.Ә. Назарбаев – тарихтағы тұлға. Ортақ болашағы бар ұлттың қалыптасуы	1	2	-	1	6
Барлығы			15	35	-	15	85

2.9. САБАҚ ЖОСПАРЫ

ДӘРІС САБАҚТАРЫ

Дәріс тақырыбы 1. Пәнге кіріспе.

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Отандық тарихты оқудың тұжырымдамалық негіздері.
2. Қазақстанның қазіргі заман тарихының кезеңделуі.

Дәріс тезистері:

Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаев халыққа арнаған жыл сайынғы Жолдауларында, еңбектері мен сөз сөйлеулерінде тек қана қазақ халқының ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның барлық көп ұлтты халқының бұқаралық санасының қайта жаңғырту қажеттігіне көңіл бөледі. Қазақстандықтарды азаматтылық пен патриотизмге тәрбиелеуде, тарихи сананы қайта жаңғырту ісінде Қазақстан тарихының рөлін дәлелдеудің қажеттігі жоқ. «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттілігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн», – деп Елбасы өзінің «Тарих толқынында» деген кітабында жазды. Тарихтың маңызы туралы автордың өзінен артық ешкім айта алмас, «Тарих бізге аса бай мұра қалдырды. Ал жаңа сұрақтарға толық және тез жауап беруге уақыт аз. Тарихтағы өз орныңды түсіну, ата-бабаларыңды мақтаныш тұту ру шеңберінде ғана емес, жалпыұлттық мағынада, кең байтақ Еуразияның тарихында қазақтар мен олардың ата-бабаларының терең мағынасын түйсіну,- бұл ұлттық бірігудің қазіргі заманғы күшті және шексіз тәсілі», – деп жазды.

Біздің елімізде болып жатқан үрдістерді түсінуде ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы жолдауларын меңгеру аса маңызды, соның ішінде «Қазақстан – 2030. Барлық Қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әл – ауқатының артуы», «Болашақты бірге құрайық», «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты».

2012 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Біздің өзімізде және біздің балаларымызда қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу қажет. Бұл ең алдымен елің мен оның үшін мақтаныш» деп атап көрсетілген.

Қазақстанның қазіргі заман тарихын меңгеру әлемдік тарих пен Еуразия халықтарының тарихын зерттеу үшін үлкен маңызға ие. Қазақстан тарихының

зерттеу пәні болып біздің республикамыздың жеріндегі мемлекет пен қоғамның саяси және әлеуметтік-экономикалық даму заңдылықтары табылады. Қазақстанның қазіргі заман тарихы әлеуметтік өмір мен экономикалық қатынастар, көрші халықтар мен мемлекеттермен өзара қатынасы, ұлт-азаттық көтерілістер, Қазақстанның әлемдік өркениетке қосқан үлесін қарастырады. Басқа қоғамдық ғылымдардан ерекшелігі (философия, саясаттану, әлеуметтану) Қазақстанның қазіргі заман тарихы тарихи заңдылықтың тарихи оқиғалар мен фактілерде, экономикалық саясатта көрінетін нақты түрлерін зерттейді.

Қазақстанның қазіргі заман тарихы курсы қандай міндеттерді атқаратынын түсіну маңызды. Тарихтың келесі міндеттері айқын көрінеді: танымдық, тәжірибелік-саяси, дүниетанымдық, тәрбиелік.

Қазақстанның қазіргі заман тарихы курсы әлеуметтік – гуманитарлық пәндер циклінде дербес пән болып табылады және жоғарғы және орта оқу орындарының оқу жоспарларына енгізілген.

Қазақстанның қазіргі заман тарихы курсының мақсаты ұлт тарихының өзекті мәселелерін ой елегінен өткізу (этногенез, мемлекеттілік, ұлтазаттық көтерілістер және т.с.с.) және басқалары табылады.

Курсты меңгерудегі міндеттер:

- біздің Отанымыздың өткен тарихының объективті суретін тану;
- Қазақстан жерін мекендеген ұлттардың тарихын білу;
- Қазақстан Республикасы мемлекеттілігінің қалыптасу және даму жолдарын білу;
- Қазақстан Республикасының саяси дамуының қазіргі кезеңдегі ерекшеліктерін білу;
- деректанулық материалды талдай білу;
- негізгі оқиғалар мен үрдістерді сын тұрғысынан ойлай білу;
- тарихи түсініктерге сүйене білу;
- дербес жұмыс дағдыларын меңгеру, конспект құру әдісін білу;
- Қазақстан картасында еркін бағдарлай алу.

Қазақстанның қазіргі заманғы тарихының кезеңі ХХ ғасыр басынан бүгінгі күнге дейін қамтиды, сондықтанда Қазақстанның қазіргі заман тарихы курсының жалпы қабылданған әлемдік кезеңдестіру теориясына сәйкес келесі кезеңдерге бөлуге болады: 1. Жаңа заман (Қазақстан Ресей империясы құрамында) - ХVІІІ ғ. басы –1917 ж. Ақпан буржуазиялық-демократиялық төңкерісін қоса); 2. Қазіргі заман (1917 ж. қазанынан – бүгінгі күнге дейін).

Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы ғылымында ғылыми тарихи зерттеудің келесідегі негізгі қағидалары қолданылады: объективтілік, тарихилық, тарихты оқытуда әлеуметтік көзқарас, мәселені жан-жақты зерттеу. Қазақстанның қазіргі заман тарихы бойынша деректанулық базасы толық бір кешен болып табылады.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Ұлытау төріндегі толғаныс» атты сұхбатында: «Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп Тәуелсіздікке келіп тіреледі» деп Қазақстан тарихының тамырының тереңнен бастау алатынына ерекше мән

берген болатын. Осы тұрғыдан Н.Ә. Назарбаев 2015 жылы Қазақ хандығы құрылғандығының 550 жылдық мерейтойының ел көлемінде атап өтілетіндігін мәлімдеді және осы ұлы той өз дәрежесінде өтті.

Нормативтік құқықтық актілер: [1,2];

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7];

Қосымша әдебиеттер: [21,23,];

Ғаламтор көзі: [49,60,61]

2 дәріс тақырыбы. Қазақстандағы тәуелсіздіктің тарихи алғышарттары: ұлттық мемлекет құру идеяларының кезеңдері.

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. XX ғасыр басындағы Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдай.
2. Қазақ жерінде өнеркәсіп ошақтарының қалыптасу ерекшеліктері және оның отарлық сипаты.
3. Ұлттық мемлекетті қалыптастыру жолындағы қоғамдық-саяси қозғалыстар.

Дәріс тезистері:

XX ғасырдың басы Ресей империясында әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуімен, Қазақстанда отарлық саясаттың күшеюімен ерекшеленді. Отарлық саясат, әсіресе аграрлық салада пәрменді жүргізілді. Өйткені аграрлық мәселе қоныстандыру саясатымен тығыз байланысты еді. Қазақ өлкесі бірнеше қоныстандыру аудандарына бөлінді: Торғай-Орал, Семей, Сырдария, Жетісу. Патша өкіметі «Қоныс аудару қорына» (Переселенческий фонд) құру үшін Қазақ өлкесіндегі «артық» жерлерді анықтайтын қоныстандыру басқармаларын құрды. Қоныстандыру басқармалары әрбір қазақ отбасы 15 десятина жер үлесін алуға құқылы деген ереже енгізіп, ал қалған жердің барлығы Мемлекеттік меншік министрлігі басқаратын қоғамдық жер қорына берілетін болды. Мұндай тәртіптер қазақ халқының дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуіне әкеп соқтырды. Агроном А. Кауфманның есебі бойынша, мал шаруашылығының қалыпты өмір сүруі үшін, әрбір көшпелі шаруашылыққа, мысалы, Сырдария ауданында 145 десятина жер, ал Жетісуда 110 десятина жер қажет еді.

«Қоныс аудару қорына» қазақтардың жайылым, суат, мал айдау жолдарын, қыстақтарын тартып ала бастады. Сонымен бірге, Қазақ өлкесінде Орынбор, Орал, Сібір, Жетісу казак әскерлері де орналасқан болатын. XX ғасырдың басына қарай казактардың саны 1 миллион он бір мың адамға жетті және олар 15,6 миллион гектар ең құнарлы деген жерлерге иелік етті. Ресейдегі аграрлық саладағы өзгерістердің жаңа кезеңі «Столыпин реформаларымен» тығыз байланысты болды. 1906 жылы Ресейдің премьер-министрі болып тағайындалған П.Столыпин елде аграрлық реформа жүргізуді қолға алды. Столыпиннің аграрлық реформасының түпкі мәні селоларда аграрлық буржуазияны, яғни орта дәулетті кулактар тобын қалыптастыру арқылы

Ресейдегі аграрлық мәселені шешу болатын. Реформа бойынша шаруаларға өзіне тиесілі жер үлесі мен қауым құрамынан шығып, жеке хутор құруға рұқсат етілді. П. Столыпин Ресей империясының шеткі аймақтарына, соның ішінде астық өндіру үшін өте қолайлы Қазақ өлкесіне ерекше көңіл бөлді. Қазақ жеріне Ресейден келген шаруаларды қоныстандыру мен кулак шаруашылықтарын құру үшін оларға жеңілдіктер беру жүйесі енгізілді. Әрбір хуторға 45 десятина жарамды және 15 десятина егістік жер берілетін болды. Жер бөлуші мекемелерге жергілікті көшпелі қазақтардың жерін тартып алып, олардың орнына орыс шаруалары мен кулактарды орналастыруға рұқсат берілді.

Осындай шаралар арқылы Столыпин орыс шаруаларын Қазақ жеріне қоныс аудару қозғалысына күшті серпін берді. Егер 1895-1905 жылдары Қазақ өлкесінің далалық облыстарына 294296 адам қоныстанса, ал 1906-1910 жылдар арасында қоныстанушылар саны 770 мың адамға жетті. 1897 жылғы санақ бойынша Дала өлкесінде орыстардың үлесі 20% құраса, ал 1917 жылы 1 қаңтардағы есеп бойынша олардың үлесі 42%-ға жетті. Түркістан өлкесінде орыс шаруаларының үлес салмағы 3,7%- дан 7,9% -ға дейін өсті.

1893-1905 жылдары қазақтардан 4 млн. десятина жер тартып алынса, ал 1906-1912 жылдары 17 млн десятинаға, 1916 жылы 40 млн десятинаға, 1917 жылы 45 млн десятинаға жетті. Тартып алынған жерлер негізінен Семей, Ақмола, Орал, Торғай облыстарында болды. Бұл облыстардан 40,5 млн десятина, Жетісудан 4 млн десятина, Сырдария облысынан 500 мың десятина ең құнарлы жер алынды.

XX ғасырдың басында Қазақ өлкесінде тау-кен өнеркәсібі даму үстінде болды. Өйткені, қазақ жерінің қазба байлығын игеруде жақсы жолға қойыла бастаған еді. 1902 жылы барлығы 18695 жұмысшы еңбек ететін 197 өндіріс орны жұмыс істеген. Тау-кен өндірісімен бірге өнім өңдейтін шағын кәсіпорындар жүйесі де қалыптаса бастады. Бұл кезеңде өлкеде 690 кәсіпорын болса, ал онда 7297 адам жұмыс істеген. XX ғасырдың ең ірі деген өндіріс орындарына Қарағанды кемір шахталары, Қазақ өлкесінің шығыс және орталық аудандарындағы түсті металлургия, Орал-Ембі мұнай өңдеу кәсіпорындары кірді. Іс жүзінде бұл өндіріс орындары шетел кәсіпкерлерінің, негізінен ағылшын, француз, американдықтардың қолында болды. «Спасск мыс кеніші» акционерлік қоғамының төрағасы ағылшын парламентінің мүшесі Артур Фелл, ал төрағаның орынбасары Франция президентінің жиені Эрнест Жан Карно болды. Орыстық-Азиялық деп аталатын Риддер мен Екібастұз кеніштерінің корпорациясы ағылшын компаниясының иелігіне беріліп, оған болашақ АҚШ президенті Герберт Гувер мен ағылшын қаржыгері Уркварт қаржы салды.

Қазақ жері арқылы өтетін теміржолдарды салу нәтижесінде теміржол жұмысшыларының саны өсе бастады. Мысалы, Орынбор-Ташкент темір жолының ұзындығы 1656 км құраса, ал онда істейтін жұмысшылардың саны 30 мыңға жетті. Бұл теміржол 1901-1905 жылдары салынып, Қазақ өлкесіндегі ең негізгі магистральге айналды. Жол бойында Шалқар, Қазалы, Перовск, Түркістан сияқты ірі бекеттер жұмыс істеді.

XX ғасыр басында Ресейде болсын, Қазақ өлкесінде болсын жұмысшылардың әлеуметтік жағдайы өте ауыр еді. Әсіресе қазақ жұмысшыларының әлеуметтік жағдайы ешбір сын көтермейтін дәрежеде болды. Олар жұмыстың ең ауыр түрлерін және жалақы аз төленетін бөліктерінде істеді. Өйткені қазақ жұмысшыларының кәсіби мамандықтары болмады, көпшілігі маусымдық жұмыстарға жалданды. Өндіріс басшылары мен жергілікті патша әкімшілігі қазақ жұмысшыларының орыс тілінде еркін сөйлей алмайтындықтарын пайдаланып, үнемі олардың азаматтық әрі әлеуметтік құқықтарын бұзып отырды. Кәсіпорындар техникалық қауіпсіздік талаптарын орындамады, құрал жабдықтармен қамтылмаған күйде жұмыс істеді. Оның үстіне еңбекші халыққа шетел мамандары да астамшылық көрсетіп отырды. Мұның бәрі жұмысшылардың өз жағдайларын жақсарту үшін күреске шығуға итермеледі.

1916 жылы 25 маусымда патшаның Қазақстан, Орта Азия Сібір тұрғындарынан 19 бен 43 жас аралығындағы ер азаматтарын тыл жұмысына алу туралы жарлығы шығады. Бұл жарлық 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің басталуы себеп болды. Шілденің бас кезінде Қазақстанның барлық аймақтарында дерлік стихиялы наразылықтар басталып, көп ұзамай қарулы көтеріліске ұласты. Халық ашу-ызасынан алғашқы соққыларына тылдағы жұмыстарға алынатындардан тізімін тікелей жасаған болыс басқарушылары, старшындары және патша әкімшілігінің басқа да билік иелері ұшырады. Іс жүзінде тізімдер жасау жаппай паракорлық пен бұрмалаушылыққа жол болатын.

Оның үстіне патшалық өкімет орындары лауазымы адамдарды, болыстарды, село және ауыл басқарушыларын байырғы тұрғындардан шыққан төменгі шеңді полицейлер имамдарды, молдалар мен мүдәристерді, ұсақ кредит мекемелеріндегі есепшілер мен бухгалтерлерді, жоғарғы және орта оқу орындарындағы оқушыларды, үкіметтік мекемелердің шенеуліктердің, дворян және құрметті азамат құқықтарын пайдаланатын адамдарды әскерге алудан босатты.

Стихиялы қозғалыс бірте-бірте ұйымдасқан сипат алып қарулы көтеріліске ұласып, оның ірі ошақтары (Жетісу мен Торғайда) пайда болды. Көтеріліс бүкіл Қазақстанды қамтыды. Бұл көтерілістің басты мақсаты ұлттық және саяси болды. Сол арқылы ол қазақ халқының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы бұрынғы бүкіл күресінің қорытындысын шығарды. Көтерілістің негізгі күші ұлттық шаруалардың қалың тобы, сондай-ақ, сол кезде туып жатқан жергілікті жұмысшы табының өкілдері, қолөнершілер болды.

Сонымен бірге көтерілістің ұлт-азаттық сипатта болуы себепті қазақ халқының барлық топтарының өкілдері (екінің бірінде байлар, болыс демократияшыл зиялылардың жекелеген өкілдері қатысты.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қазақ халқының сан ғасырлық қозғалысының тарихында ерекше орын алады. Бірінші дүниежүзілік соғыс жағдайларында көтерілістің жалпы жұрт таныған басшылары Ә.Жанбосынов, А.Иманов, Ж.Мәмбетов, Ү.Саурықов, Б.Әшекеев, О.Шолақов, А.Жүнісов, С.Қонаев көтерілісшілердің саяси көсемдері Т.Бокин, Т.Рысқұлов, С.Мендешев,

Ә.Жангелдин, Б.Алманов және басқалар кезінде Сырым Датов, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов, Жанқожа Нұрмұхамедов, Кенесары Қасымов және басқалар жүргізген тәуелсіздік жолындағы күреске халықты көтерді. К.Қасымов басшылық еткен ұлт-азаттық қозғалыстан кейін 1916 жылғы көтеріліс бірінші рет кең-байтақ өлкенің барлық аймақтарын әр түрлі дәрежеде қамтып, бүкіл қазақтық сипат алған көтеріліс болды. 1916 жылғы көтерілістің айрықша ерекшелігі өлкенің бірқатар аудандарында (негізінен, Қазақстанның оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында) оған қазақтармен қатар қырғыз, ұйғыр, өзбек және басқа да халықтар өкілдерінің де қатысуы болды.

Қазақстан мен Орталық Азиядағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тұтас алғанда Ресей империясындағы саяси және әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың одан әрі асқына түсуіне себепші болды. Ол Ресейдегі әскери-отаршылдық басқару жүйесінің іргесін шайқалтып, шығыстың отар халықтарының империалистік езгіге қарсы ХІХ ғасырдың басында өріс алған бүкіл ұлт-азаттық қозғалысының құрамдас бөлігі болды.

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7,19,20];

Қосымша әдебиеттер: [21,23,29, 33,34];

Ғаламтор көзі: [49,50,51,60,61,71]

3 дәріс тақырыбы. Азаматтық-саяси қайшылықтар.

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Қазан төңкерісі және Қазақстанның саяси өмірі.
2. Ә. Бөкейхановтың төрағалығымен Алашорда (Халық кеңесі) үкіметінің құрылуы.
3. Қазақ жерлерінің ҚКАСР құрамына біріктірілуі.

Дәріс тезистері:

Қазақ ұлт зиялыларының қалыптасуы – ХІХ ғасырдың екінші жартысы - ХХ ғасырдың басында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуында болған өзгерістер қазақ халқының рухани өміріне терең әсер етті.

Саяси, экономикалық экспансиямен қоса, құлдыққа салушылардың мәдениеті күштеп танылды. Патша өкіметінің кертартпа саясаты халыққа білім беру саласынан мейлінше айқын аңғарылады. Отаршыл билік қазақ халқының мүдделері мен құқықтарын елемей, оның рухани дамуын тежеді. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде қарастырылып отырған кезеңде орын алған соны құбылыстар қазақ қоғамының қоғамдық санасындағы елеулі өзгерістерге әкеп соқты. Мұндай елеулі өзгерістер ұлттық сана-сезімді оятуға жағдай жасады, қазақ қоғамында жаңа идеялардың, ой-пікірлер мен көзқарастардың қалыптасуын анықтап берді. Мәдениет тұрғысынан алғанда, дәуірдің жаңалықтары ең алдымен еуропалық өркениетті, жаңа құндылықтарды бастапқыда әлеуметтік үстем топ өкілдерінің, адамдардың шағын тобының

меңгеруі орын алғанынан көрінді. Ұлттық зиялылардың қалыптасу жолы бірдей болған жоқ, күрделі және ұзаққа созылған үрдіс болды. Бұл жағдайдың халық шаруашылығында да, мәдениетте де мамандар санының өсуінен көрінгені күмәнсіз. Оның барысын отаршылдық режим жағдайлары, патша өкіметінің бағындырылған халық жөніндегі кемсітушілік саясаты тежеп отырды. Дегенмен XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басы халықтың интеллектуалдық күштері дамуындағы жаңа кезен болып табылады.

Бірінші дүниежүзілік соғыс 1914 жылғы 19 шілдеде (1 тамызда) басталды. Соғысқа дейінгі тұста Ресейде жаңа өнеркәсіп салалары жедел қарқынмен дамыды. Өнеркәсіп орындары ел экономикасының дамуына үлес қосумен қатар, соғыс қажеттілігіне орай ірі мемлекеттік тапсырмаларды да атқарды. Өнеркәсіп өндірісінің ішінде металлургия өндірісі үлкен жетістіктерге жетті. Өйткенмен, Ресей соғысқа дайындықсыз, әскери-өнеркәсіптік әлеуеті төмен, көлігі нашар дамыған жағдайда кірісті, армия әскери-техникалық жағынан нашар қамтамасыз етілген еді. Соғыс басталған соң жалпы империяда, ішінара Қазақстанда өндіргіш күштердің даму деңгейі бірте-бірте кеми берді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс Қазақстан экономикасының құлдырауына әкеліп соқты. Ауыл шаруашылығы өлкедегі егіншілік облыстар бойынша біркелкі дамымады. Ол құнарлы, егіншілік шаруашылығын жетік меңгерген аудандарда жақсы дамыды. Соғыс егін шаруашылығына да елеулі өзгерістер енгізді. Ең алдымен, ауыл шаруашылық бақша дақылдарының егіс көлемі ұлғайды. Мәселен, Қазақстан бойынша күзгі бидайдың егіс көлемі 1913 жылмен салыстырғанда 1917 жылы 63,5%-ға, жазғы бидай - 8,4%-ға, тары - 22,1%-ға, қартоп 46,3%-ға қысқарды. Ал бақша дақылдарының егіс көлемі 433,8 мың десятинадан 1115,0 мың десятинаға дейін, яғни екі еседен астам көбейді. Өлкенің солтүстік-батыс және батыс облыстары бойынша дөңді дақылдардың өнімділігі 1914 жылдан 1917 жылға дейін әр десятинадан алынатын 38,7 пұттан 29,8 пұтқа дейін төмендеді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында мыс рудасын негізінен «Спасск мыс рудалары» ақционерлік қоғамы мен «Атбасар мыс кендері» ақционерлік қоғамы өндірді. Бірақта, мыс кенін өндіру жылдан-жылға кеми берді. Жер қойнауын жыртқыштықпен пайдалану «Спасск мыс кені» ақционерлік Қоғамының Успен кенішіндегі барлық бай кенді (құрамындағы мыс 25%) алып қоюына әкеп соқты. Соғыс жылдарында Сарысу байыту фабрикасы салынды. Ол Революцияға дейін құрамында 25-30% мыс бар 128 мың пұт Шикізат өндірді.

Көмір өндіру Семей, Торғай, Ақмола облыстарында жүргізілді. Соғыс жылдарында Екібастұз кен орындары елеулі рөл атқарды. Шаруалар көтерілістері Қазақстанның солтүстік аудандарын да қамтыды. Мәселен, 1916 жылы 21 наурызда Торғай облысы Ақтөбе уезінің Ақбұлақ селосында 30 адам болатын солдат әйелдерінің тобыры көпестер – Незвановтың, Пряткиннің дүкендерін қиратады. Халық бұқарасының мұндай бой көрсетулерінің толқыны Қазақстанның басқа аймақтарында орын алды. 1916 жылдың орта шеніне қарай жұмысшылардың үкіметке ашынуы үдей түсті. Нәтижесінде бұл жағдайлар қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысына зор ықпал жасады.

I Дүние жүзілік соғыстың басталуы мен шығысты отарлауды жедел қарқынмен жүргізе бастауы 1913 жылы А. Байтұрсыновтың " Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды" деп жазғанымен дәл келіп, ұлттық мүддені көтеру мәселесі алға шықты. 1916 жылғы ұлт-азаттық революция, қазақ интеллигенциясының либералдық-демократиялық зиялылар тобы мен социал-демократиялық тобы болып бөлінуіне әкеліп, алғашқы ұйымдар мен қозғалыстардың басталуына тудырды.

1917 жылы 27 ақпанда Ресейде буржуазиялық-демократиялық төңкеріс болып, монархия құлады. Петроградтағы оқиғалар туралы хабарды Қазақстан халқы қуанышпен қарсы алды. Қазақтар самодержавиенің құлатылуын құттықтап, бұл фактіге өздерінің сан ғасырлық күресінің нәтижесі, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс мақсаттарының қанағаттандыруы деп қарады. Ақпан төңкерісі патша өкіметінің геноцид саясатын тежеді, ұлт саясаты саласында өзінің жалпы азаматтық мұраттарды-бостандықтарды, халықтардың теңдігін қолдайтынын мәлімдеді. Революция туралы Қазақстанда ұлттық-демократиялық қозғалысының басшылары қуанышпен қарсы алды.

XX ғасырдың бірінші ширегінде қазақ қоғамына жақын емес, таптық жіктелудің күшеюімен алғашқы қазақ партиялар мен қозғалыстар қалыптасты. Қорытынды жасасақ, XX ғасырдың бірінші ширегінде қазақ өлкесінде Кадет, Эсер, Алаш, Үш жүз, Шура-и-Ислами, Муслимин-и-иттифок, Ерік саяси партиялар құрылған еді. Кадет, Эсер партиялары ұлттық мәселелерді көтерген жоқ, ұлттық идеяларға қарсы болған, тек билік жолына ұмтылған, жалпы халықтық мәселелерді жамылып алған, қазақ өлкесінде үлкен нәтижелерге жете алмаған көз бояушы партия қатарына жатқызуға болады. Ұлттық мүддені көтере білген қалған партиялардың ішінде Шура-и-Ислами, Муслимин-и-иттифок негізгі басым бағыты діни ұстанымдарға, соның нәтижесінде мұсылмандық, діни мүддені көтеруге кетіп қалған партиялар. Ұлттық мүддені көтерген Алаш, Үш жүз партиясы болды. Бірақ, Үш жүз партиясы ұлттық мүддені көтерсе де, билік жолындағы талас-тартыста бұзылып, күштері басым жаққа ауысқан партия деуге болады. Ал Алаш сол кезде нағыз ұлт мәселесін көтеріп, ұлт алдында адал қызмет атқарған партия болды.

Сонымен, XX ғасырдың басында қазақ қоғамында түрлі саяси ағымдар, көзқарастар өрістеді. Түркішілдік, исламшылдық, ұлттық-демократиялық, социал-демократиялық қозғалыстар қалыптасып, дамыды. Бұл ағымдардың саяси өзегін интеллигенция өкілдері, соның ішінде ұлттық интеллигенция өкілдері құрады. Интеллигенция өкілдерінің қоғамдық-саяси қызметінің негізгі түрлері: саяси баспасөзді дамыту, петициялық қозғалыстарды жетілдіру, бүкілқазақ съездерін шақыру, мұсылман съездеріне қатысу, думалық қызметтерге араласу, ең маңыздысы қазақ халқының мүддесін барлық жерде қорғау болды.

1917 жыл Қазақстан тарихында Ұлы өзгерістер уақыты болды /Ақпан төңкерісі, қазан төңкерісі/. Қазақ либералдық қозғалысының басшылары осы жағдайда, дүниенің тез өзгеріп жатқанын және саяси күштердің бағыт ұстану процесінің шапшаңдай тускенін ескеріп, жалпықазақтық съез өткізуді жылдамдатуға шешім қабылдады. Делегаттар ұлттық автономия проблемасына,

жер мәселесінің шешілуіне, құрылтай жиналысына әзірлікке және қазақ саяси партиясын құруға басты назар аударды.

А.Байтұрсынов пен М.Дулатов тәуелсіз автономиялы қазақ мемлекетін құруды жақтады. Бөкейханов “демократиялық, федеративтік және парламенттік Ресей республикасындағы” қазақ ұлттық - территориялық автономиясы болғанын ұнатты. Осы пікірді делегаттардың көпшілігі қолдады. “қазақ облыстары, - деп көрсетілді съезд қарарында, - территориалды – ұлттық автономияны ... алуға тиіс”.

Бүкілқазақтық бірінші съезд шын мәнінде қазақтың ұлттық саяси партиясы “Алаштың” съезі болып айқындалды. Оның шешімінде: “қазақ партиясын құрудың қажет екенін мойындай отырып, съезд бүкіл-ресейлік мұсылмандар кеңесіндегі қазақтардан барған өкілдерге осы партияның бағдарламасын жасауды тапсырады, соның өзінде бұл саяси бағдарламаның негізіне демократиялық федеративтік парламенттік республиканы талап ету (Ресейде құру) алынуға тиіс” – деп жазылды. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов және буржуазиялық-демократиялық бағыттағы қазақ интеллигенциясының басқа да өкілдері “Алаш” партиясының жетекшілері болды. Бұл либералды байлар мен ұсақ буржуазиялық демократияның партиясы еді.

“Алаш” партиясына сондай-ақ ғылыми және шығармашылық интеллигенцияның өкілдері: М.Тынышпаев, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, Қарашев, С.Торайғыров, Х.Ғаббасов, Ә.Ермеков, Ж. және Х.Досмұхамедовтар ж.б. кірді. Бұлардың басым көпшілігі 1917 ж. жазында қалыптасқан жағдайда, тұтасынан алғанда қазақ қоғамы оған дайын болмағандықтан, социалистік бағдарламаны қабылдамады. Олар “қазақ халқын отарлық езгіден азат ету” ұраны төңірегіне топтасты.

1917 ж. 24 қазанда (6 қарашада) Петроградта қарулы көтеріліс басталды. Ертеңіне көтерілісші жұмысшылар, солдаттар мен матростар астананың аса маңызды орындарын басып алды. 25 қазанда (7 қарашада) таңертең әскери революциялық комитет Уақытша үкіметтің құлатылғанын хабарлады.

Қазан революциясынан көп бұрын-ақ қазақ либералдық-демократиялық қозғалысының жетекшілері Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуына байланысты өздерінің бағдарламалық көзқарастарын кеңінен насихаттаған болатын. Ал Петроградтағы революциядан кейін бірден “қазақ” газетінің 21 қарашадағы санында “Алаш” партиясының Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Е.Ғұмаров, Е.Тұрмұхамедов, Жүндібаев, Бірімжанов құрастырған бағдарламасының жобасы жарияланды.

1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынборда Екінші Бүкілқазақ съезі болды. Оның жұмысына Қазақстанның барлық жерлерінен делегаттар қатысты. Ұйымдастырушылар Ә.Бөкейханов, Е.Омаров, С.Доцанов, М.Дулатовтар болды. Съезд төрағасы Б.Құлманов болды. Күн тәртібінде мынадай мәселелер болды: Сібір, Түркістан автономияларына және оңтүстік-шығыс одаққа қарым-қатынас, қазақ облыстарының автономиясы, милиция, ұлттық кеңес, білім беру, ұлттық қор, муфтилік, халық соты, ауылдық басқару, азық-түлік мәселесі. Съездің басты мәселесі қазақ автономиясын құру болды. Автономия туралы баяндаманы Ә.Бөкейханов жасады және қазақ автономиясы туралы мәселе

ерекше комиссияның қарауына берілді. Комиссия атынан Х.Ғаббасов сөз сөйлеп, съезд қазақ облыстарының автономиясын құру және оны “Алаш” деген ат беру туралы қарар қабылдады. “Алаш-Орда” уақытша халықтық кеңесі құрылды, орталық болып Семей қаласы алынды. үкіметтің басшысы – Бүкілқазақтық халық кеңесі төрағасы болып Ә.Бөкейханов сайланды. Алаш-Орда лидерлері Кеңес өкіметімен байланысқа түсті, Х. және Ж. Досмұхамедовтер В.И.Ленин мен И.В.Сталинмен кездесті, Х.Ғаббасов И.В.Сталинмен сөйлесті. Олар Кеңес өкіметі мен Алаш автономиясын қатар мойындатуға тырысты. Бірақ бұлай болмады. Сонда Алаш – Орда лидерлері атаман Дутовпен, Самарадағы Құрылтай съезі Комитетімен, Омсктегі Уақытша Сібір үкіметімен байланыс орнатты.

Оңтүстік Оралда қызылдардың Жангелдин құраған Уфалық отряді П.Кобозев пен С.Павлов отрядымен бірлесіп, 1918 ж. 18 қаңтарында Орынбор қаласын басып алады. Дутовпен бірге Орынбордан бірыңғай қазақ автономиясын құрып үлгіре алмаған алашордашылар да кетеді, Алашорданың күш-қуаты бөлініп –жарылады: оның Шығыс бөлімі деп аталған бөлегі Семей түбіндегі Алаш қаласына (Жаңа Семей) көшеді, екінші бөлігі Орал облысының Жымпиты қаласына орналасады (бұл –Батыс бөлімі немесе Ойыл уәлаяты), үшінші бөлегі Жетісу облысында іске кіріседі. Жағдай осылай болып тұрғасын, Алаш партиясының басшылығы Орталық Совет үкіметімен және оның жергілікті орындарымен байланыс жасауға лаждың жоғынан көнеді. Ә.Бөкейханов, Ленинмен және ұлттар істері жөніндегі Халық Комиссары Сталинмен кездесуге Мәскеуге Халел мен Жаханша Досмұхамедовтарды жібереді, ал Халел Ғаббасов Ә.Бөкейхановтың тапсыруымен 1918ж. 20 наурызында телеграф арқылы Сталинмен сөйлеседі. Орталықтың болашақ автономияның мәдени мұқтажына материалдық көмек көрсету жөніндегі уәдесі, бүкіл қазақтық құрылтайды шақыру және өлкеде азаматтық бітімге келу туралы ұсынысы – осынау қимылдың қорытындысы еді.

Түркістан Автономиясы, Қоқан автономиясы — Түркістан өлкесі халықтарының өзін-өзі басқаруын қамтамасыз ету мақсатында 1917 жылы 28 қарашада Ресей мемлекеті құрамында құрылған автономиялы мемлекет. Оның өмірге келуіне кеңестік биліктің Түркістан халықтарының өзін-өзі басқару құқығын мойындамауы түрткі болды.

1917 жылы Қазан төңкерісі жеңген соң, 22 қараша күні Ташкентте өз жұмысын аяқтаған 3-Түркістан өлкелік кеңестер съезі өлкеде кеңес билігінің орнағанын, соған байланысты Түркістан Халық Комиссарлары Кеңесінің құрылғанын, өлкедегі биліктің ендігі уақытта соның қолына өтетіндігін мәлімдейді. 14 мүшесі бар бұл үкіметтің құрамында жергілікті мұсылман халықтарының бірде-бір өкілі жоқ еді. Бұл кеңестік биліктің отаршылдық сипатын танытқан оқиға болатын. Бұған жауап ретінде құрамында Мұстафа Шоқай, Махмұд Бехбудий, т.б. бар "Түркістан өлкесі мұсылмандар кеңесі" 26 қараша күні Қоқан қаласында 4-Түркістан өлкелік төтенше мұсылмандар съезін шақырды.

Үш күнге созылған съезд 28 қараша күні Түркістан өлкесін **Түркістан автономиясы** деп жариялап, Түркістан Құрылтайын шақырғанға дейін саяси

биліктің Түркістан Уақытша Кеңесі мен Түркістан халық билігіне өтетіндігі жөнінде қаулы қабылдады. Түркістан Уақытша Кеңесі құрамына барлығы 54 адам енді, оның 32-сі Түркістаннан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына сайланған депутаттар еді. Бұлардың арасында негізгі тұрғындары қазақтардан тұратын Сырдария мен Жетісу облыстарынан 11 өкіл бар болатын. Кеңес құрамында, сондай-ақ мұсылмандар съезі сайлаған өкілдермен бірге, қаланың өзін-өзі басқару ұйымдары съезінің 4 өкілі, түрлі өлкелік "еуропалық" ұйымдардың 13 өкілі бар болатын. Түркістан Уақытша Кеңесі 12 орыннан тұрған Түркістан автономиясының Уақытша үкіметін бекітті. Съезд Түркістан өлкесіндегі барлық халықтардың құқығын сыйлап, қорғайтындығын мәлімдеп, өлкенің барлық мұсылман, орыс, т.б. тұрғындарын Түркістан автономиясы төңірегіне топтасуға шақырды.

Сонымен, 1917 жылы қарашада Түркістанда қос билік орнап, оның алғашқысы кеңестік негізде құрылып, ең алдымен ресейлік қоныс аударушылардың мүддесін көздеп, жағдайын нығайта түсуге қызмет ететіндігін білдірсе, соңғысы отарлық езгіге қарсы, діни және ұлттық негізде құрылып, жергілікті халықтардың өзін-өзі басқару құқығын баянды ету басты мақсаты екендігін жариялады. Түркістан Уақытша үкіметінің төрағасы және Ішкі істер министрі болып Мұхамеджан Тынышпаев, Ішкі істер министрінің орынбасары болып заңгер Ә.Оразаев бекітілді. Уақытша үкіметтің Сыртқы істер министрі қызметіне Мұстафа Шоқай тағайындалды. Көп ұзамай Түркістан автономиясы үкіметінің төрағасы Мұстафа Шоқай болды.

Түркістан автономиясының құрылуын Түркістан өлкесінің жергілікті халықтары зор қуанышпен қарсы алып, оған қолдаушылық танытуға даяр екендіктерін білдірді. 1918 жылы қаңтарда Түркістан қаласында өткен Сырдария қазақтарының съезі Сырдария облысы Алаш автономиясы жарияланғанға дейін Түркістан автономиясы құрамында болатындығын білдірді.

Халық зор үміт артқан Түркістан автономиясын 1918 жылы 2 ақпанда Кеңес үкіметі қарулы күшпен таратып, оның бірнеше мүшелерін тұтқынға алды.

Қазақстандағы азамат соғысының алғашқы ошақтарының бірі 1917 ж. қарашасында Торғай облысының әкімшілік орталығы Орынборда қалыптасты, мұнда Орынбор казактары әскерінің атаманы Дутов Кеңес өкіметін құлатып, Кеңестердің Бүкілресейлік съезінің делегаты С.Цвиллинг бастаған революциялық комитетті тұтқынға алады. Кеңес өкіметімен күресудің қарулы орталығы Жетісуда да болды, 1917 ж. 1 (13) қарашасында Жетісу казактары әскерінің әскери кеңесі Әскери үкімет дегенді ұйымдастырады. Верныйға (қазіргі Алматы) кеңес үкіметіне қарсы күресу мақсатымен ақгвардия офицерлері мен юнкерлер жиналады. Қазақ даласында Кеңес өкіметін орнату жолындағы күрес жүріп жатты. Соның нәтижесінде 1917 жылғы қазаннан 1918 жылғы наурызға дейін Қазақстанның көптеген аудандарында Кеңес өкіметі орнады.

1918-1920 жылдарда шетел басқыншылары мен елдің ішіндегі төңкерісті жақтайтын күштердің қарсылығы жеңілгенен кейін, Қазақстанда экономиканы

қалпына келтіру, мемлекеттік құрылысты нығайту жұмыстары жүргізілді. 1919 жылы 10 шілдеде РКФСР Халық комиссарлары Кеңесі “қырғыз Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы” жарлық қабылдады. Орынбор қаласы қазақ АКСР-інің алғашқы астанасы болды.

1920 жылы 4 қазанда Орынборда алғашқы Қазақстан Кеңестерінің құрылтай съезінде Орталық Атқару Комитеті (төрағасы С.М.Мендешев) және Халком Кеңесі сайланды. Съезд “қырғыз (қазақ) АКСР-і еңбекшілері құқықтарының декларациясын” қабылдады. Онда қазақ АКСР-і РКФСР-дың құрамына кіретін жұмысшылардың, еңбекші қазақ халқының, шаруалардың, казактарының және қызыл әскер депутаттары кеңестерінің автономиялық республикасы болып құрылғанын мәлімдеді.

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7,19,20];

Қосымша әдебиеттер: [21,23,29, 33,34];

Ғаламтор көзі: [49,50,51,60,61,71]

4 дәріс тақырыбы. Кеңестік мемлекеттік құрылыс үлгісінің жүзеге асырылуы.

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Ф.И.Голощекиннің «Кіші Қазан» идеясы және оның қатерлі мазмұны.
2. Сталиндік «үлкен» қуғын-сүргін, оның ауқымы мен ауыр салдарлары.
3. Саяси сенімсіздік пен жекеленген халықтарды Қазақстанға еріксіз қоныс аудару – ұлттық намысты қорлаудың нақты мысалы.

Дәріс тезистері:

XX ғасырдың 20-30 жылдары КСРО, Италия, Германия, Испания және Шығыс Еуропаның бірқатар елінде бір – біріне өзіндік ұқсастығы бар саяси жүйе орныға бастады. Кейінірек Азияның бірнеше мемлекеттері осы жүйеге қосылды. Қалыптасып келе жатқан саяси жүйе халықтың дәстүрлі дамуына қоғамдық өзгерістер енгізуді мақсат етті. Жаңа жүйе халықты “тоқшылыққа, жайлы да жақсы өмірге” жеткізуі тиіс еді, алайда орныққан саяси жүйе террор мен қуғын – сүргінге, дүниежүзілік соғыстарға алып келді.

Әлемнің әр түпкіріндегі елдердің қоғамдық – саяси өмірінде қалыптасып келе жатқан жүйе “тоталитаризм” деп аталып, сипаттама беріле бастады. “Тоталитаризм” термині алғаш рет Италияда қолданысқа енді. 20-жылдардың басында Дж.Амендола мен П.Гобеттидің бір партиялық фашистік жүйе жөніндегі пікірін Муссолини сынға алып “тоталитаризм” деп атады. Уақыт өте келе Муссолини өз мақсаттарын жүзеге асыруда бір кездері өзі сынға алған отандастары идеясын жалғастырды. Германияның ұлтшылдық бағыттағы басшылары да өз мемлекеттерін “тоталитарлық мемлекет” деп атады. XX ғасырдың 20-30 жылдары итальян және неміс антифашистері Италиядағы фашистік режим мен Германиядағы ұлтшыл – социалистік қозғалысқа қатысты да “тоталитаризм” терминін қолданды. 20 – жылдардың соңына қарай Кеңестер Одағындағы саяси жүйе де осылай атала бастады.

Мәдени революцияның маңызды міндеттерінің бірі халық арасында сауатсыздықты жойып, жалпыға ортақ оқуды енгізу болды. БОАК-тың 1918 жылғы 16 қазандағы «Бірыңғай еңбек мектептері туралы» Ережесі, РКФСР Халық ағарту комиссариатының 1918 жылғы 31 қазандағы «Ұлттық азшылық мектептері туралы» қаулысы, В.И.Ленин 1919 жылы 26 желтоқсанда қол қойған «РКФСР халықтары арасында сауатсыздықты жою туралы» декреті осы шараға мемлекеттік сипат берді.

1917 жылдың қазанынан кейін Қазақстанда жаппай сауатсыздықпен күрес және халыққа білім беруді дамыту мәдени өзгерістердің басты бағыты болып саналды. Сауатсыздықты жою жұмысының мақсаты мен міндеттерін, оның мазмұнын қалалар мен ауылдардағы ересектер арасындағы сауатсыздықты жою бойынша курстар ұйымдастыру туралы Түркеспубликасы Халық ағарту комиссариатының Ережесі (26 шілде 1918 ж.) және Түркеспубликасы Кеңесі ОАК-нің ересектер арасында міндетті оқуды енгізу туралы Декреті (3 желтоқсан, 1919 ж.) барынша айқын белгілеп берді. Бұл қос құжат хронологиялық жағынан Орталық Үкіметінің негізге алынатын құжаты РКФСР халқының арасында сауатсыздықты жою туралы ХКК-нің 1919 жылғы 26 желтоқсандағы Декретінен бұрын шықты.

Қазақ жазуының араб қарпінен латын қарпіне ауысуы. Орыс жазуы негізінде жаңа әліппенің енгізілуі. Сауатсыздықты жою міндеті қазақ тілінің орфографиясы және алфавиті туралы мәселені шешуді талап етті. Республика алдынан Қазақ жазуының араб қарпінен латын қарпіне ауысуы. Орыс жазуы негізінде жаңа әліппенің енгізілуі шыққан қиыншылықтардың бірі-қазақалфавиті болды. 1920 жылдары қазақ алфавитін араб графикасымен белгілейтін еді.

Араб графикасы қалың еңбекші бұқарасы үшін қысқа мерзімде игеруге ауыр деп есептеліп, бірқатар ғалымдар оның орнына латын жазуын пайдалануды ұсынды. РСФСР-дің ұлттар ісі жөніндегі халық комиссариаты 1923 жылы араб қарпіне реформа жасау жөніндегі комиссия құрды. Бұл комиссия үш проблема бойынша жұмыс жасады:

1. Жазуы жоқ халық үшін жазу жасау;
2. Өз жазуы бар халық үшін латын қарпіне көшу;
3. Түркі жазуын реформалау.

1926 жылы наурыз айында 1-Бүкілодақтық түркологтар съезі өтіп, түркі тілдес халықтар жазуын латынға көшіру мәселесі қаралды. Латын қарпіне ҚазАКСР халық ағарту халкомы А.Байтұрсынов қарсы болды. Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынов араб жазуының кейбір белгілерін жеңілдетуді ұсынды. Жаңа алфавит жасау жөнінде комиссия құрылып, ол 1928 жылы күзде латын негізінде қазақ алфавитінің жобасын ұсынды. Латын графикасы, еуропалық жазу жүйесі сияқты елдегі түркі тілдес халықтардың ұлттық сезіміне бейтараптық әкелді.

1940 жылы латын қарпі орысшамен ауыстырылды. Осы жылы кириллица негізінде жаңа қазақ алфавитінің жобасы жасалды. Бұл бағыттағы жұмысты өз кезінде Ы.Алтынсарин бастаған болатын. Жоғарғы Кеңестің 1940 ж. 10

қарашадағы V сессиясында «Латынданған қазақ жазуын орыс графикасы негізінде жаңа алфавитке көшіру туралы» заң қабылданды.

Ең бастысы 1928 жылдан бастап мал басының күрт азаюы байқалып, мал шаруашылығында үрейлі жағдай қалыптасты. Кеңес мемлекетінің осындай солақай саясатының салдарынан ұжымдастыру қарсаңында республикада 40,5 млн. мал болса, 1933 жылғы 1 қаңтардың қарсаңында небәрі 4,5 млн. бас мал ғана қалды. Сөйтіп мал басы толықтай шығынға ұшырады

Бұрынғы Кеңестер Одағындағы тоталитарлық жүйенің де өзіндік қалыптасу ерекшеліктері болды. Қазақстандағы тоталитарлық жүйенің ерекшеліктеріне келетін болсақ: КСРО – ғы он бес одақтас республиканың бірі болған Қазақстанда да осы жүйе орнықты, дәлірек айтсақ орнықтырылды. Коммунистік партия мүшелері идеялық жағынан біркелкі, саяси мәселелер жөніндегі көзқарастары, ой-пікірлері бір жерде тоғысып жатуы тиіс болды. Партия мүшелерінің бәрі тең құқықты болған жоқ. Партия мүшелерінің тең құқықтығы партия құжаттарында айтылғанмен, төменгілер партияның жоғарғы органдарындағы көсемдерінің көзқарасын ұғынып істі жалғастыру дәстүрлі қалыптастырылды. Партияның басшылық рөлі алғашқыда социализм құрудағы қажеттіліктен туындаса, уақыт өте келе билікті толық қолға алған соң тоталитарлық жүйенің асыра сілтеулерін ақтап қалуға қажет болды. Төңкерістен кейін орнаған билік – жұмысшы мен шаруалар табының билігі деп ұрандалғанымен, шын мәнісінде партиялық билік орнады. Лениннің көзі тірісінде негізі қаланған тоталитарлы бюрократтық жүйені Сталин толық орнатты. Ол Ленин орнатқан партиялық билікті сақтап қалды. Ленин іліміне қосқан Сталиннің жаңалығы партия мүшелері арасындағы “идеялық бірлік” мәселесі болды. Партия мүшелері арасындағы “идеялық бірлік” бұлжымас заңға айналды. Бұл идея қоғамдық – саяси өмірді ғана емес қоғамның барлық саласын оның ішінде рухани мәдени өмірді, ғылым – білімді қоса қамтыды. “Басқа бағытта ойлаушылармен” ымырасыз күрес жүргізіліп, соңы саяси қуғын – сүргіндерге ұласты. Идеялық бірлік коммунистік жаңашылдық емес, қайта қоғамға құрылған қақпан болды. Партияның идеялық бірлігі – жеке дара биліктің негізін салып берді. Идеяны тудыратын шығармашылық тұлға біреу, алайда ол идея тұтас партия атынан ықпал етті. Ал, “көсемнің” ақыл – ой деңгейіне үніліп қарау, пікір айту күнә саналады. Қазақстандағы қоғамдық – саяси ахуал орталықтағы атқарылып жатқан іс – әрекеттің көшірмесі болды. Оны жүзеге асырған Қазақстандағы партия жендеті Ф.Голощекин болатын. Шынайы демократиядан алшақ тұрған тоталитарлық жүйе мемлекет пен қоғамдық өмірдің барлық салаларына толық үстемдігін орнатуға ұмтылды. Халық саяси биліктен шеттетілді. Қарапайым халықтың саяси санасында билік басындағылар мен халықтың “бірлігі”, “ынтымағы” деген жалған қағида қалыптасқандықтан, бұқара саяси биліктен қалай аласталғанын аңдамай да қалды. Мемлекет экономика, бұқаралық ақпарат құралдары, мәдениет, дін және адамдардың жеке өмірі мен іс-әрекетіне толық бақылауын орнатты.

20 жылдары КСРО –да социализм орнату доктринасын іс жүзіне асыру басталды. Ол негізгі үш бағытты қамтыды: индустрияландыру, ұжымдастыру және мәдени төңкеріс.

Қазақстандағы ең ірі құрылыс Түркістан-Сібір темір жолы болды. Сібір мен Орта Азияны байланыстыратын 1 445 км-ге созылатын темір жол құрылысы 1927 жылы сәуірде басталып, 1930 жылы 30 сәуірде жоспарланған мерзімнен 17 ай бұрын бітті. Бұл кезеңнің ірі құрылыстары: Шымкент қорғасын заводы, Балқаш мыс қорыту және Ащысай полиметалл комбинаттары, сондай-ақ Текелі полиметалл және Жезқазған мыс қорыту комбинаттарының, Өскемен қорғасын-мырыш заводының, Шымкентте, Ақтөбеде химия өнеркәсібі орталықтарының құрылысы басталды. Электр қуатын өндіру ұлғайтылды: Қарағанды ЦЭС-і, Ульба ГЭС-і, Балқаш мыс қорыту ТЭЦ-і-осы кезеңнің екіпінді құрылыстары саналды. Эмбі мұнай ауданы өркендеді. Қазақстан түсті металл өндіру саласы бойынша Одақтағы екінші орынды, мұнай өндіруде үшінші орынды иеленді. Қарағанды Одақтағы үшінші көмір базасын айналды. Индустрияландыру жылдары тамақ өнеркәсібі орталықтары ашылды: Семей еткомбинаты, Гурьев балық консервілеу зауыты, Алматы жеміс консервілеу заводы, Жамбыл, Мерке, Талдықорған қант зауытта. Индустрияландыру өз нәтижелерін де бере бастады. Бірқатар елді мекендер қала деңгейіне көтерілді. Олар: Қарағанды, Риддер, Балқаш және басқа. 1926 жылы Қазақстанда 44 қала және қала түріндегі елді мекендер болса, 1939 жылы олардың саны 81 –ге жетті. Соған сәйкес халық саны да 8,2-ден 27,7%-ға өсті.

1927 жылы желтоқсанда өткен ВКП (б)-ның ХУ съезді ұжымдастыру бағытын ұсынды. Партия шешімі бойынша өте қысқа мерзім ішінде, 1932 жылдың көктеміне дейін елдің ауыл шаруашылығы ұжымдасқан колхоздарға айналуы тиіс болды. Ұжымдастыру барысында жергілікті халық ерекшеліктері ескерілмей, күштеу әдістері қолданылды. 1928 жылы Қазақстанда ұжымдасқан шаруашылық саны 2% ғана болса, 1930 жылдың 1 сәуірінде 50,5%-ды, 1931 жылдың қазанында 65%-ды құрады. Орал, Петропавл округтерінде шаруашылықтың 70%-ға жуығын қамтыды. Ұжымдастыру шаралары бай-құлақтарды тап ретінде жоюмен қатар жүргізілді. 1928 жылы 27 қыркүйекте ОАК мен ХКК-нің “Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу” жөнінде декрет қабылдады.

Қазақстандағы ұжымдастыру 4 кезеңмен жүзеге асырылуы тиіс болды: 1) 1929 ж. мамыр – 1930 ж. наурыз ұжымдастыруды жеделдете жүргізу; 2) 1930 ж. наурыз – 1932 ж. тамыз ұжымдасқан шаруашылықтарға әр түрлі тәжірибелік шаралар жасауды аяқтау; 3) 1932 ж. қыркүйек – 1934 ж. қараша шаруашылықта ТОЗ-ын пайдалану; 4) 1934 ж. желтоқсан – 1938 ж. желтоқсан ТОЗ-ын қайта құру, ауыл шаруашылық артелдеріне айналдыру.

Кеңес үкіметі мәдениет саласында да стратегиялық бағытты белгіледі. Олар: атеизм, жаңа элитаны қалыптастыру, дәстүрлі дамудан бас тарту бағыты болды. Жаңа мемлекет пен партиялық аппарат бұл бағытты жүзеге асыру үшін рухани мәдени саланы, оқу-ағарту саласын реформалауды қажет деп тапты, науқаншыл шаралар жүргізді.

XX ғасырдың 20-жылдарының соңына қарай КСРО-да тоталитарлық жүйе орнықты. Ол билік басындағылардың озбыр саясатынан көрінді, 1929 ж. 6 қарашада Бүкіл Одақтық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлар кеңесінің шешімімен еңбекпен түзеу лагерлері құрылды. 1940 жылы ГУЛАГ

жүйесінде 53 лагерь болса, 1954 жылы 64-ке жетті. Тоталитарлық жүйе қоғамдық-саяси өмірдің барлық саласын қамтыды. Жоғарыда аталған тоталитаризмнің негізгі белгілерінің бәрі дерлік Қазақстанның қоғамдық – саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени өмірін қамтыды.

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7,8,9,11,19,20];

Қосымша әдебиеттер: [21,23,29,34,35,36,41,42,47];

Ғаламтор көзі: [49,50,51,55,59,60,61,71]

5 дәріс тақырыбы. Фашистік басқыншылыққа қарсы күрестегі қазақстандықтардың ерлігі мен қасіреті.

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Фашистерден отанды қорғау соғысының басталуы.
2. Қазақстан жерінде жасақталған әскери бөлімдердің ірі шайқастарға қатысуы және жанқиярлық ерліктері.
3. Соғыс кезінде жеңісті жақындату жолындағы тыл еңбеккерлерінің еңбектегі ерен ерлігі.

Дәріс тезистері:

1941-45 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы үшін бұрын сонды бастан кешкен барлық соғыстардың ішіндегі ең ауыры болды. Соғыс елді біртұтас жауынгерлік лагерге айналдыруды, бүкіл экономика мен Кеңес халқының күш-жігерін майдан мүддесіне, жауды жеңу мақсатына жұмылдыруды талап етті. Қазақстан еңбекшілері бұл міндетті толығымен қолдады. Сөйтіп, азаттық соғысына бір кісідей көтерілді. Осы тұста өткен жиындарда олар Отан алдындағы парызын орындауға әзір екендіктерін білдірді. қызыл армияның қатарына өз еріктерімен баратындықтары туралы қалалық және аудандық комиссияраттарға мыңдаған арыздар түсіп жатты. Жас жігіттер мен қыздар, аға буын өкілдері қолдарына қару алып, майданға аттануға тілек білдірді.

Соғыстың алғашқы күндерінде-ақ Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, қырғызстаннан шақырылған жігіттерден 316 атқыштар дивизиясы жасақталды. Оның командирі болып азамат соғысына қатысушы генерал М.В Панфилов тағайындалды.

Соғыстың бастапқы 3 айының ішінде 238,310,314,387,391 – атқыштар дивизиялары құрылды. 1941 жылдың аяғына дейін мұнда тағы бір дивизия, 3 бригада жасақталды. Соғыс кезінде республикада 12 атқыштар және төрт атты әскер дивизиясы, жиырмадан аса атқыштар және атты әскер бригадалары, әуе күштерінің зеңбірекшілерінің полктері, әр түрлі соғыс саласының 10-даған батальондары құрылды. Республика адам күштерімен тек Қазақстандық құрамалар мен бөлімшелерді ғана емес, сондай-ақ Қазақстаннан тыс жердегі басқа да құрамалар мен бөлімдерді толықтырып отырды. қарулы күштер мен еңбек армиясының қатарында барлығы 1, 8 млн. қазақстандықтар болды.

Республика майданға 14, 1 мың жүк және жеңіл автомашина, 1,5 мың трактор, 110,4 мың жылқы және 16,2 мың арба жіберді.

Қазақстан офицер кадрларын және армия мен флот үшін резерв даярлау ісіне лайықты үлес қосты. 1941-45 жж. әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас Қазақстандықтар жіберілді, Республика жерінде тұрған 27 әскери оқу орны 16 мыңдай офицер даярлап шығарды. Ұлы Отан соғысының даңқты тарихының беттеріне жазылған Қазақстандықтардың ерлік істері аз болған жоқ. Еліміздің басқа да халықтарының ұл-қыздары мен қатар біздің республиканың жастары да жаумен Балтық теңізінен қара теңізге дейінгі майдан шептерінде ерлікпен шайқасты. Даңқты Брест қамалын қорғаушылардың қатарында мыңдаған Қазақстандықтар болды. Олардың арасында, Жұматов, қ. Иманқұлов, Е. Качанов тағы басқалар жаумен жан аямай шайқасып, ерліктің үлгісін көрсетті.

Әсіресе, Мәскеу түбіндегі шайқаста Қазақстандықтардың жауынгерлік даңқы шықты. 1073-ұлан атқыштар полкін басқарған майор Бауыржан Момышұлы, 316-дивизияның командирі Кеңес одағының батыры И.В. Панфилов, панфиловшылар дивизиясы бөлімдерінің саяси жетекшілері В.Г. Клочков (Ресей байтақ, бірақ шегінер жер жоқ, артымызда Мәскеу), П.В. Вихров, М.Габдуллин, автоматшылар Т. Тоқтаров Р. Амандкелдиев гитлершіл басқыншылардың Мәскеу түбінде талқандалуына зор үлес қосып, мәңгі өшпес із қалдырды. Бұл жеңіс жау әскерінің рухын түсірді. Гитлердің қаурыт соғыс жоспары біржолата күйреп, неміс фашист армиясының жеңілмейтіндігі жөнінде аңыз біржола күйреді. (Германияның одақтастары Жапония, Түркия соғысқа кіру-кірмеу туралы ойланды).

Ұлы Отан соғысы барысында Сталинград шайқасы түбегейлі бетбұрысты жүзеге асыруды қамтамасыз етті және екінші дүниежүзілік соғыстың бүкіл барысына шешуші ықпал жасады (Паульс бастаған 24 генерал тұтқынға түсті). Қазақстандық жауынгерлер Курск иінінде, Днепр, Ленинград үшін шайқастарда жанқиярлықпен соғысты. Ленинград қоршауындағы әскери бөлімдерде қызмет еткен Д. Шыныбековтың, С. Жылқышиевтың есімдері мақтанышпен айтылып жүрді. 1942 жылы шайқастардың бірінде батыс Қазақстан облысындағы Жаңақала ауданының түлегі Арыстан Ахметов өз есімін өшпес даңққа бөледі. Ол 19 жауынгерімен әскери маңызы бар бір төбені жаудан қорғап, соңғы адамы қалғанша шайқасты. Жаралы болып ессіз-түссіз жау қолына түскен одан жау солдаттары әскери мағлұмат алмақ болып азапқа салды. Тістерін сындырып, құлағын кесті. Осындай азапта жау офицерінің бетіне түкіріп, қайсарлық пен қаһармандық үлгісін көрсеткен оны қанішерлер үстіне жанармай құйып, өртеді. Батыр жігіт жау алдында сес бермей өмірден өтті. Оның ерлігі туралы хабар елге майдангер жазушы Павел Кузнецовтың очерктері арқылы жетті.

Қуатты жарылғыш минамен жау танкісінің астына түскен Қарсыбай Сыпатаев, капитан Н. Гастеллонның ерлігін қайталаған Нұркен Әбдіров, жаудың пулементтен оқ шашып тұрған дзотының аузын өз кеудесімен жапқан ленинград қорғаушысы Сұлтан Баймағанбетов қазақ жауынгерлерін ерлікке рухтандырды. Қазақстандық жауынгерлер Украинаны, Белорусияны, Балтық бойын, Молдавияны азат етуге қатысты. Мыңдаған қазақ жігіттері Кеңес

әскерінің құрамында шығыс Европа халықтарын Гитлердің тепкісінен азат етуге атсалысты. Қазақстандық жауынгерлер Берлинді алуға қатысты. Лейтенант Р. Қошқарбаев қатардағы жауынгер Г. Булатовпен бірге Рейхстаг қабырғасына қызыл жалау тікті.

Қазақстандықтар партизандық қозғалысқа белсене қатысты. Толық емес мәліметтерге қарағанда Украинаның партизан отрядтарында 1500, Ленинград облысының партизан отрядтарында 220-дан астам қазақ жігіттері соғысқан. Белорусияның әртүрлі аудандарында 1500-ден аса Қазақстандықтар партизан отрядтарында болған. Партизан қозғалысына қатысқан даңқты қазақ жігіттері Г. Ахмедияров, Омаров, Қ. Қайсенов, Ә. Шәріпов, Ж. Саин тағы басқа есімдер бүгінде зор құрметке ие болып отыр.

Ұлы Отан соғысы майдандарында көрсеткен ерліктер үшін 96640 Қазақстандықтар Кеңес Одағының орден медалдарымен марапатталды. 500 ге жуық Қазақстандыққа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Олардың 101 қазақ. Солардың қатарында Кеңестік шығыстың қос қарлығашы, қаһарман қыздары Ә. Молдағұлова мен М. Мәметова бар. Кеңес Одағының Батыры атағы ұшқыштар Т. Бегелдинов, Л. Беда, И. Павлов, С Луганскийге екі рет берілді.

110 Қазақстандық азаматтар Даңқ орденінің 3 дәрежесіне ие болды. Қазақстандықтар соғыстың қиыр шығыстағы соңғы ошағын жоюға да белсене қатысты. Соғыс Қазақстан үшін қымбатқа түсті. Ұлы Отан соғысында 603 мыңдай Қазақстан азаматтары ерлікпен қаза тапты.

Ондағы адамдарды Қазақстан еңбекшілері жақын бауырындай қабылдап, қамқоршылыққа бөлеп, тұрғын үйімен, басқа да қажет нәрселермен қамтамасыз етті. Ел өнеркәсібінде 1940 жылы 158 мың адам жұмыс істесе, 1945 жылы 255 мың жұмысшыға жетті. Елдің колхозшы шаруалары соғыстың жеңіспен аяқталуына қомақты үлес қосты. Олардың ішінде Украинаның атақты тракторшысы П. Ангелина, даңқты қызылшасы М. Демченко, қызылордалық күрішші Ыбырай Жақаев, Ақтөбелік тары өсірудің шебері Шығанақ Берсиев астықтан мол өнім алудың майталмандары М. Сатыбалдина, Нұрке Алпысбаевалар бар.

Қ Сәтбаев басқарған республиканың жүзден аса ғалымдары қазба байлықтың көптеген жаңа орындарын ашты, олардың майдан мүддесі үшін тез игерілуіне мол үлестерін қосты.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстандықтардың майдандағы ерліктері және елде қалған колхозшы шаруалардың, кәрі-жастың еңбектегі ерліктері – осының барлығы майдан мен тылдың бірлігін көрсетті. Халықтар достығын нығайтуға үлкен әсерін тигізді. Қазақстан еңбекшілерінің майданға көмегі қызыл әскерлердің жағдайын жақсартып, олардың жауынгерлік рухын көтерді, қызыл Армия бөлімдерінің жауды талқандауы үшін мүмкін болған нәрсенің бәрін істеуге жігерленді. Сөйтіп, Қазақстан соғыстың алғашқы күндерінен ақ Кеңестер Одағы арсеналының біріне айналды, оның экономикалық тіректерінің бірі болды.

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7,8,9,11,19,20];

Қосымша әдебиеттер: [21,22,23,29,34,35,41,47];

Ғаламтор көзі: [49,50,51,55,59,60,61,71]

6 дәріс тақырыбы. XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы кеңестік реформалардың қайшылықтары мен зардаптары.

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Соғыстан кейінгі жылдағы Қазақстандағы ауыр ахуал. Бейбіт құрылысқа бейімделу ауыртпалықтары. Қазақстан халық шаруашылығындағы қиыншылықтар мен проблемалар.

2. И.Сталиннің жеке басына табынушылық саясатын сынау. Н. Хрущевтың «жылымығы» жылдарындағы Қазақстан. Күнәсіз қуғындалған мемлекеттік, қоғамдық қайраткерлерді «ақтау» және оның жартыкештік сипаты.

3. 60-70-ші жылдарға қазақ жастарының бейресми студенттік үйірмелерінің ұлттық жаңғырудағы рөлі («Жас тұлпар»).

Дәріс тезистері:

Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін Қазақстан еңбекшілері бейбіт құрылысқа қайта оралды. Экономиканы бейбітшілік жағдайға бейімдеп қайта құру еңбекшілердің қоғамдық-саяси белсенділігі жағдайында жүргізілді. 1945 жылы қазанда Алматыда Республиканың 25 жылдығына арналған Қазақстан Жоғары Кеңесінің мерекелік сессиясы болып, оған туысқан республикалардың, Мәскеу мен Ленинградтың делегациялары, өнеркәсіппен ауыл шаруашылығының озаттары, ғылым мен мәдениет қайраткерлері қатысты. Осы мерекеге орай 5304 адам ордендермен және медальдармен наградталды.

1946 жылы 18 наурызда қабылданған төртінші бесжылдыққа арналған жоспар бойынша соғыстан бүлінген аудандарды қалпына келтіру, өнеркәсіппен ауыл шаруашылығының соғыстан бұрынғы дәрежесіне жетіп, одан едәуір асып тусу міндеті белгіленді. Сонымен бірге онда Қазақстан экономикасын өрге бастауға үлкен мән берілді.

Осы жылдарда М. Әуезовтың «Абай жолы», С. Мұқановтың «Ш. Уәлиханов» сияқты көптеген тарихи көркем шығармалар жарық көрді. «Абай» қойылымы үшін қазақ академиялық драма театрының ұжымы КСРО мемлекеттік сыйлығын алды.

Музыка мәдениеті өрлеу жолына шықты. М. Төлебаевтың «Біржан Сара», А. Жұбанов пен Л. Хамедидің «Абай», Е. Брусиловскийдің «Дудар-ай», Қ. Қожамияровтың ұйғыр тіліндегі «Назугум» опералары сол жылдары дүниеге келді. «Біржан - Сара» операсына КСРО мемлекеттік сыйлығы берілді.

Алайда, бұл кезде Қазақстанның мәдениеті, әдебиеті, ғылымының одан әрі дамуына 50-ші жылдың басында өзінің шырқауына жеткен тотаритарлық социализм идеологиясы кері әсерін тигізді. Әсіресе БКП (б) ОК «Звезда» және « Ленинград » журналдары туралы (1946ж 14-тамыз) қаулысы басқаша ойлайтын адамдарды қудалаудың жаңа науқанын ашып берді. Қазақстан партия комитеттері де өз жұмысын осы қаулының ағымына құрды. Республика

Компартиясы Орталық Комитетінің 1947 ж. наурызда өткен пленумы төменгі партия комитеттерінің Қазақстан тарихын жазудағы, әдебиет пен өнердегі саяси қателер мен ұлтшылдық бұрмалауға қарсы большевиктік сынды кеңінен өрістетіп, БКП (б) ОК идеологиялық мәселелер жөніндегі қаулыларын сөзсіз орындауды талап етті.

Бұл кезде орталықта «Ленинградтық іс», «Дәрігерлердің ісі» қолдан жасалып жатқан кезде Қазақстанда «Бекмахановтың ісі» ұйымдастырылды. Ол іс бойынша Е.Бекмахановтың 1947 жылы шыққан «XIX ғасырдың 20-40 жж. Қазақстан» деген монографиясында буржуазияшыл-ұлтшыл концепциялар дамытылған және оның саяси – идеялық зияны бар деп табылды. 1950 жылы «Правда» газеті Қазақстан тарихының мәселелерін маркстік - лениндік тұрғыдан жазу үшін деген мақаласында оның кітабын айыптады. Осыдан кейін тарих ғылымдарының докторы Е.Бекмаханов Ғылым Академиясынан шығарылды, ал 1952 ж. 4 – желтоқсанда Қазақ ССР Жоғары сотының алқасы оны 25 жылға соттады. Тек Сталин өлгеннен кейін ғана Е.Бекмахановты айыптау жөніндегі іс қайта қаралып, қылмыс құрамы жоқ болғандықтан доқарылып, ол 1954 жылы түрмеден босап шықты.

1940 жж. аяғы–50 жж. басында «Бекмахановтың ісі» жалғыз болмады. Республиканың көрнекті қоғамтану ғалымдары А.Жұбанов, Х.Жұмалиев, Б.Сүлейменов, Е.Смаилов және т.б. нақақтан танылған саяси айыптармен жазаланды. Қ.Аманжолов, Қ.Бекхожин, С.Бегалин және басқа белгілі ғалымдармен жазушылар саяси және буржуазиялық - ұлтшылдық қателіктер жіберді деп дәлелсіз айыпталды.

1954 жылы КОКП ОК ақпан-наурыз Пленумында елімізде азық-түлік мәселесін шешу үшін шығыс аудандарда тың және тыңайған жерлерді игеру мәселесі қойылды. Оны игеруге Қазақстан кенінен қатыстырылды. Мұнда қысқа мерзімде тың жерлерді игеру есебінен егіс көлемін 35 млн. гектарға дейін жеткізіліп, солтүстік аудандарда жүздеген жаңа поселкілер, совхоз орталықтары салынды. Тың өңіріне жүздеген мың қоныстанушылар келіп, оларды қарсы алу, орналастыруға байланысты республика партия және кеңес органдарының күрделі де ауыр міндеттерді шешуіне тура келді. Қазақстанға Ресей мен Украина, Белорусиядан және басқа республикалардан тыңды жаппай игерудің бірінші кезеңінде (1954-1956жж) 640 мың адам келді, бұлардың ішінде 391,5 мың ауыл шаруашылық механизаторлары, 50 мың құрылысшы, 3 мың денсаулық сақтау қызметкерлері, 1,5 мыңдай мұғалім, 1 мыңнан астам сауда қызметкерлері және басқалар бар еді. Бұлардан басқа республикалардан механизация училищелерін бітіріп келген 66,7 мың адам және Қазақстанның училищелерінен келген 19,8 мың адамға республика совхоздарында жұмыс істеуге жолдама берілді. Республиканың жаңа совхоздарына жоғары және орта білімі бар 2088 адам директор, бас агроном, бухгалтер, инженер-техник, құрылысшы сияқты жұмыстарға жіберілді. 1950-жылдардың аяғына қарай Қазақстанның ауыл шаруашылығының материалдық- техникалық негізі едәуір нығайды. Совхоздар мен колхоздар 169 мың трактор, 98 мың комбайн, 73 мың жүк машинасының және басқа да көптеген ауыл шаруашылық техникасын алды.

Тың эпопеясы экологиялық мәселеде өзінің теріс жағын көрсетті. Бұрын болып көрмеген көлемде жерді жыртып тастау салдарынан 1957-1958 жж. Павлодар облысының жеңіл топырақты жерлерінде шаң бораны тұра бастады, ал 1960-жылдардың басында жер қыртысын ұшырып кету тек жеңіл топырақты аймақты ғана емес, ауыр топырақты жерлерді де қамтыды. 1960 жылға дейін солтүстік Қазақстанда 9 млн. гектардан астам жер жел эрозиясына ұшырады, бұл сол кездегі Франция сияқты елдің бүкіл ауыл шаруашылық жер көлеміне тең еді. Рас, сонан кейін егіншіліктің топырақ қорғау жүйесі, жерді қайырмасыз түренмен жырту тәсілі жасалды. Алайда, эколог мамандар атап көрсеткендей, қазіргі заманғы шаралардың барлығыда қоршаған ортаны қажетті экологиялық қорғауды қамтамасыз ете алмады. Ол тек экологиялық зардаптарды жеңілдетеді. Бұл қазіргі экономикалық мәселеде әрине жеткіліксіз. Тың игеру мал шаруашылығына үлкен зиян келтірді. Мал жайылымы, шабындық жерлер азайып малдың саны кеміді, әсіресе, түйе, жылқы орны толмайтын шығынға ұшырады. Тың игеру барысында ауыл-село тұрғындарының қосалқы шаруашылығына, үй іргесінде көкөніс егуге тыйым салынып, елде азық-түлік мәселесін шиеленістірді. Тың игеру қарабайыр әдіспен жүргізілді. Мұның өзі әр гектарға шаққанда өнімді аз алуға соқтырды. Бұл жерлерде өндірілген астықтың бағасы өте қымбатқа түсті. Оны жинауға бүкіл елдің комбайншылары, әскери бөлімдер, қала тұрғындары, оқу орындарының студенттері қатыстырылды.

1950-жылдардың екінші жартысынан бастап бүкіл елімізде, соның ішінде Қазақстанда іске асырылған экономикалық, әлеуметтік және идеологиялық шаралар нәтижесінде дамудың көптеген көкжиектері ашыла бастады. Бірақ ол мүмкіндіктер толығынан пайдаланылмай қалды. Оған кінәлі Н.С. Хрущев бастаған басшылықтың қызметіндегі субъективтік әдістер еді. Экономиканы басқару ісі ойдан шығарылған әрекеттердің ыркына түсіп кетті. Сол кездегі басшылықтың волонтаристік идеялары мен әрекеттері қоғамның берекесін кетіре бастады. Өркөкіректік, жалған уәделермен негізсіз болжамдар сөзбен істің арасын алшақтата түсті. Партияның XXII съезінде (1961 ж.) КОКП-ның жаңа бағдарламасы туралы айта келіп, Хрущев: «бұл коммунизмнің материалдық-техникалық базасын салу бағдарламасы бұрынғылардан оның өзгешелігі - ол 20 жылға есептелген шынайы бағдарлама» деп мәлімдеді. Бұл кезеңнің соңында коммунизмнің базасы жасалып бітеді, сөйтіп «кеңес адамдарының қазіргі ұрпағы коммунизмнің тұсында өмір сүретін болады». Осынау сөздер ондаған млн. кеңес адамдарын шабыттандырып, оларды жан қиярлықпен еңбек етуге шақырады. Хрущев бүгінгі қиындықтар уақытша, 20 жылдан кейін кеңес адамдарын тек жақсы өмір ғана емес, коммунизмнің басталуы күтіп тұр деп дәмелендірді.

Хрущев Қазақстанды сынақ алаңы сияқты пайдаланып, көптеген тың тәжірибелерді оның ішінде келешегі кем тәжірибелерді Республикада сынақтан өткізіп байқап көрді. Гидропоникалық әдіспен өсімдік өсіру, жүгері егу, т.б. осы сияқты тәжірибелер Қазақстан шаруашылықтарында байқаудан өтті. Хрущевтың айтуымен республиканың оңтүстіктегі аудандары көршілес республикаларға берілді, өлкелер құрылды. Көптеген қалалардың аттары

өзгертілді. Сөйтіп, Ақмола- Целиноград атанды. Оңтүстік Қазақстан облысы – Шымкент облысы, ал Батыс Қазақстан облысы – Орал облысы болып өзгертілді. Оған Қазақстанда қарсы келетін ешкім болған жоқ. қазақ зиялыларының жағымпаз жарамсақтарын шешуші буындарға орналастырып, олар арқылы қазақ халқын мәңгүрттендіріп орыстың патшаларының отарландыру саясатын санасыздықпен жандандырылған ол қазақтардан бірыңғай коммунистік ұлт шығаруды армандады. Хрущевтің жолсыздықтары мен жөнсіз қылықтарын ашып айтпаса да халық оған наразы болды. Сөйтіп, елдің экономикасын жаңа сатыға көтеру, халық шаруашылығын басқару, өндірісті жоспарлау мен ынталандыру жүйесін түбегейлі жақсарту қажеттігі пісіп - жетіліп келе жатты, экономикалық мәселелерді шешуге субъективизмді, волюнтаризмді жою қажеттігі барған сайын айқындала түсті. қалыптасқан жағдайды түзеу және жол берілген қателіктерді жою жөнінде кезек күттірмейтін шұғыл шаралар алған КОКП ОК - нің қазан (1964 ж.) пленумы өтті. Пленум Н.С. Хрущевті КОКП ОК - ның Бірінші хатшысы және КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы міндеттерінен босатты. Оның орнына КОКП ОК- нің Бірінші хатшысы етіп Л.И.Брежневті сайлады, ал Кеңес үкіметінің басшысы етіп КСРО Жоғарғы Кеңесі А.Н. Косыгинды тағайындады.

Алпысыншы жылдары Кеңестер Одағы Коммунистік партия Орталық комитеті (алда - КОКП ОК) мен Кеңес үкіметі одақтас республикалардың құқын кеңейтуге бағытталған шараларды жоққа шығарды. Экономика саласында жалпы бағытты белгілеу, кадрларды тағайындау, ауыстыру, сол сияқты басқа да маңызды мәселелер шағын топтың қолында болды. Үкімет билігі партиялық аппаратқа тәуелді болды. Коммунистік партия, оның жергілікті органдары Кеңестер жұмысына қатаң бақылау жасады, шаруашылық, ғылыми, әскери, оқу, қоғамдық мекемелер мен ұйымдардың жұмысын дербес бағыттап отырды.

1962 жылы басқа жерлердегі сияқты Қазақстанда да облыстық партия комитеттері өнеркәсіптік және ауылшаруашылық болып екіге бөлінді. Жариялықтың, сынның болмауы әміршіл-әкімшіл жүйені қалыптастырды. Бұл уақытта қоғам дамуында қоғамдық жүйені, оның салалары мен құрылымдарын түбегейлі өзгерту қажеттігін қолдаған және консервативтік екі бағыт күресі жүрді.

КОКП ОК-нің 1964 жылы қазан айында өткен пленумында Н.С.Хрущевті КОКП ОК-нің Бірінші Хатшысы және КСРО Министрлер Кеңесінің Төрағасы міндеттерінен босатып, орнына КОКП ОК-нің Бірінші Хатшысы етіп Л.И. Брежневті, Кеңес үкіметінің басшысы етіп КСРО Жоғарғы Кеңесі А.Н. Косыгинді тағайындады.

Сегізінші бесжылдықты жоспарлау және экономикалық ынталандырудың жаңа тәртібі бойынша Қазақстанда ондаған өнеркәсіп орындары: Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты, Шымкент цемент зауыты, Алматы “Жетісу” аяқ киім фабрикасы, Семей шұға комбинаты және басқалары жұмыс істей бастады. Бұл бесжылдық республиканың өндіргіш күштерінің қаурыт дамыған кезеңі болды. 1970 жылы Қазақстанда 18,2 млн. тонна болат, 2,5 млн. тонна қара металдар прокатын, 61,5 млн. тонна көмір, 13,2 млн. тонна мұнай, 2093 млн.

текше метр газ, 34,5 миллиард киловат сағат электр қуатын өндірді. Республиканың мұнай өндіретін және химия өнеркәсібі жалпы одақтық маңызға ие болды. Дегенмен, шаруашылық реформасы орталықтың басқаруымен жүргізілді. Соның нәтижесінде, республика өнеркәсібі салалары шикізат өндіру көздеріне айналды. Мысалы үшін, Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинаты Магнитогорск металлургия комбинаты, Төменгі Тагиль металлургиялық зауыты үшін шикізат базасы болды. Қазақстанда шикізат қана өндірілді, ақырғы өнім басқа аймақтарда шығарылды. Сондай-ақ, ауыр өнеркәсіп милитандырылған, яғни әскери өнім шығару басым болды. Республикада ірі өнеркәсіп объектілерін салуда аймақтың экологиялық жағдайы, жастардан маман кадрларын даярлау, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын арттыру ескерілмеді.

Негізі, 1960 - 1970 жж. өнеркәсіп жұмысшылары республикада 87700-ға жетті. Ауыр индустрияның басым өркендеуінің нәтижесінде өнеркәсіп жұмысшыларының қатарында машина жасау, металл өңдеу, құрылыс материалдары, отын өнеркәсібінің еңбеккерлері жетекші орын алды. Сол сияқты жеңіл өнеркәсіп жұмысшылары олардың үлкен тобын құрады.

Әсіресе жұмысшылардың саны 1973 ж. 44,4% -ке көтерілді. Әйелдердің еңбегі дәстүрлі жеңіл және тамақ өнеркәсібі салаларында кеңінен қолданылды. Қазақстан жұмысшы табының ұлттық құрамы да өзгерді, бірақ өнеркәсіпке қазақ халқының өкілдері өте нашар тартылды. Осының салдарынан 17,4% -тен 11,7%-ке кеміді. Ұлттық кадрлардың көпшілігі мұнай өндіруде 36,7%, баспаханада 27,8%, тамақ өнеркәсібінде 20,3%, ағаш дайындауда 28,8% жұмыс істеді. Жұмысшы қазақтардың үлес саны энергетикалық машина жасауда 1973 ж. 2,2%, прибор жасауда 4,7%, электротехника өнеркәсібінде 6,6 %, тоқыма 13,6%, тігін өнеркәсібінде 15,7% төмендеді. Қазақ жұмысшылығының аз болуының басты себебі: жоғарғы басшы органдар жергілікті халықтан маман кадрлар даярлауға қамқорлық жасамады. Олар жұмысшы күшін сырттан алғызуды жөн тапты. Әрі сырттан келгендердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жергілікті халық есебінен шешпек болды. Сондықтан, бұл тұрғылықты халық пен келушілер арасында ұлтаралық қатынастардың шиеленісуіне әкелді. Мұның барлығы әкімшіл-әміршіл жүйе салдары нәтижесінде болды.

Н.С. Хрущевтің “жылымық” кезінен соң 1964-1971 жылдар Қазақстан үшін дағдарыс кезеңі болды. Оның басты себептері: біріншіден, коммунистік идеологияның үкімет басқару ісінде доминантты болуы, екіншіден, экономикалық реформаларды білікті арнайы маман жетекшілері емес, партия қызметкерлерінің басшылық жасауымен жүзеге асырылды, үшіншіден, республиканың өнеркәсіп дамуы тек шикізаттық бағытта дамыды және қазақ жұмысшыларының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы қажетті деңгейде шешілмеді, төртіншіден, ауыл шаруашылығы даму бағыты экстенсивті сипатта болды, әрі ауыл адамдарының - діні, қазақтардың еңбегі тиісілі бағаланбады, бесіншіден, Қазақстан сынақ алаңына, ал халқы эксперимент объектісіне айналып, экологиялық дағдарысқа ұшырады.

Жоспарлы экономика, оның экстенсивті бағыт алуы, әкімшіл-әміршіл жүйенің үстем болуы жетпісінші жылдардың басында КСРО бойынша тоқырауға әкелді. Бұл өнеркәсіп, ауыл шаруашылық, мәдениет салаларында жалпы қоғамда айқын көрінді. Осы кезеңде Қазақстан экономикасы қалыпты да қарқынды дами алған жоқ. Республика өнеркәсібінің жартысына жуығы одақтық министрліктің қарамағында болды. Одақ үшін Қазақстан шикізат орталығы болды. Өндіріс тиімділігі мен өнім сапасын арттыруда, ғылыми-техникалық дамуда республика өнеркәсіп саласы артта қалды.

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7,8,9,11,19,20];

Қосымша әдебиеттер: [21,22,23,24,29,34,35,37,41,47];

Ғаламтор көзі: [49,50,51,55,56,59,60,61,66,71]

7 дәріс тақырыбы. Қазақстандағы «қайта құру» саясатының сипаты.

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Идеологиядағы, экономикалық және саяси өмірдегі ауқымды өзгерістер.
2. КСРО –ның әкімшіл-әміршіл жүйесін демократиялық жолмен қайта құруға талпыныстар.
3. Алматыдағы және республиканың басқа қалаларындағы Желтоқсан көтерілісі және оның шынайы себептері. Партиялық басшылықтың бастамасымен жастарға және зиялы қауым өкілдеріне қарсы бағытталған қуғын-сүргіннің қайта өршуі.

Дәріс тезистері:

1970-1980 жж. бірінші жартысында Қазақстанда халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруде бірқатар істер атқарылды, республика жұмысшылар мен қызметшілерінің орташа айлық табысы едәуір өсті. 1971 ж. колхозшылар үшін де жұмысшылар мен қызметкерлерге белгіленгендей зейнетақы белгілеу тәртібі енгізілді. 1972-1974 жж. соғыс және еңбек мүгедектеріне айлық орташа зейнетақы 33%-ке көбейтілді, 1975 жылы Отан соғысының мүгедектеріне қосымша жеңілдіктер енгізілді. Бірақ, бұл шаралардың халықтың тұрмыс дәрежесін көтеруге ықпалы аз тиді. Өйткені, мемлекеттің және кәсіпорындардың бағаны көтеруі, тауарлар сапасының нашарлауы, тапшылықтың өсуі т.б. халықтың тұрмыс жағдайының төмендеуіне әкеп соқтырды. Оған ақшаның құнсыздануы әсер етті, тек 1970-1986 жылдары инфляция 20 % өсті.

Бұл кезеңде индустриялық дамудың, кәсіпорындардың көптеп салынуының нәтижесінде қоршаған ортаға зиян келтірілді. Сырдария мен Әмудария өзендерінің суларын мақта егісіне көптеп шығарудан соң Арал теңізі тартылып, оның суы азайды. Бұрынғы жағасынан 60-120 км. қысқарды. Құрғаған жерлерден құм, тұз көтеріліп, осы өңірдегі халыққа әсер етті. Ересек халық пен бала өлімі көбейді.

Бұл жылдары мәдениет саласының материалдық-техникалық негізін нығайтуда бірқатар жұмыстар істелді. ІХ-Х бесжылдық кезінде жаңа баспалар

құрылды. “Қайнар”, Қазақ Совет Энциклопедиясы, “Жалын”, “Өнер” баспалары. 1970 - 1980 жж. 5 томдық “Қазақ ССР тарихы”, 10 томдық “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі” тағы басқа іргелі еңбектер жарияланды. 1970 жылға қарсы телевизия республиканың барлық облыстарына дерлік енді.

46 Жоғары және 190 арнаулы орта оқу орны жұмыс істеп, оларда 416 000-дай студент білім алды. Студенттерді 160 мамандық бойынша әзірледі. 1960-1980 жж. І.Есенберлин, Ә.Нұршайықов, М.Мақатаев, О.Сүлейменов, М. Шаханов және басқа қазақ әдебиетшілерінің шығармалары жарық көрді. Бірақ, экономикадағы тежеу мен тоқырау құбылыстары қоғам өмірінің мәдени даму жақтарына да әсерін тигізді. Жалпы, бұл кезеңде тоқырау өмірдің барлық салаларында: идеологияда да, экономикада да, қоғамдық-саяси өмірінде де орын алды. Осылайша сексенінші жылдар тарихта саясат пен экономика жағдайының дағдарысқа ұшырағанымен белгілі болды.

Еліміздің тарихындағы ең қайғылы парақтардың бірі - Семей ядролық сынақ полигонының өмірге келуі. Алғашқы атомдық жарылыс дауысы 1949 жылы тамыздың 29-ы, таңғы сағат 7-де естілді. Семей ядролық полигонындағы сынақтардың жалпы саны 456 ядролық және термоядролық жарылысты құрады. Олардың 116-сы ашық болды, яғни жер бетіндегі немесе әуе кеңістігінде жасалды. Семей полигонында әуеде және жер бетінде сынақтан өткізілген ядролық зарядтардың жалпы қуаты 1945 жылы Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе көп болды. Семей полигоны Кеңес Одағының аса маңызды стратегиялық объектісі болды. Осынау полигонның кемел инфрақұрылымы: Курчатov қаласын (Семей – 21), реакторлар кешенін, «Балапан», «Г» (Дегелеңдегі сейсмокешен), «Ш» («Тәжірибелік алаң» дейтін) сынақ алаңдарын, толып жатқан басқа да ұсақ тәжірибелік алаңдарды қамтиды. Тек Семей ядролық полигонының ғана емес, соған жақын жатқан орасан үлкен аумақтар да (Павлодар, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Жезқазған облыстары және Ресей Федерациясының Алтай өлкесі) радиоактивті ластануға ұшырады. Соның нәтижесінде сол аумақтағы көптеген тірі ағзалар және тұрғын халықтар зардап шекті.

Қазақстандағы сансыз ядролық зерттеулердің салдарлары әлі де толық зерттелген жоқ. 1989 жылдың ақпанында Семейдегі атом полигонын табу үшін күресті бастауға ұйғарған «Невада - Семей» қозғалысының алғашқы митингісі өткізілді. Оны басқарған – белгілі қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменов. Бұл қозғалысқа Қазақстанның көптеген халқы кеңінен қатысты. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев республикада ядролық сынақтар өткізуге мораторий жариялады. Қазақстан Республикасының егемендігі туралы Декларацияда ел ауағы ядросыз аймақ деп жарияланды. Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» Жарлығына 1991 жылы тамыздың 29-да қол қойды. Семей полигоны жабылғаннан кейін Ресейдің, АҚШ пен Францияның полигондарында ядролық қаруды сынауға мораторий жариялады. 1991 жылдың 29 тамызында Семей ядролық полигоны жабылып, 1992 жылдың мамырында оның базасында Курчатov қаласындағы Ұлттық ядролық орталық құрылды.

Арал теңізі деңгейінің төмендеуі бұл проблеманың тууына себепші болған - адам әрекеті. Ұзақ жылдар бойы Аралға құятын ірі өзендер Әмудария мен Сырдарияның суын теңізге жеткізбей, түгелдей дерлік егістіктерді (мақта, күріш) суландыруға пайдаланылып келді. Буланушылық дәрежесі жоғары болатын шөл зонасында орналасқан теңіз суының көбірек булануы оның тартылуына әкеп соқты. Қазіргі кезде Арал теңізі екі су айдынына Үлкен және Кіші теңізге бөлінген. Арал теңізіндегі суы тартылған бөліктің ауданы 30 мың км² жетеді. Ғалымдардың есептеуі бойынша, теңіз табанынан атмосфераға жылына 200 млн тоннаға дейін тұзды шаң-тозаң ұшады. Теңіз суының шегінуінен оның жағалауындағы 800 гектар тоғай, жануарлар дүниесі жойылып, теңіз айналасы бұл күнде тіршілігі жоқ құмды, сортаң жарамсыз жерлерге айналды. Теңіз суының тартылуынан мұнда теңдесі жоқ Барсакелмес қорығы жойылды. Арал өңіріндегі антропогендік факторлар ондағы тұрғындардың салт-дәстүріне, экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етуде. Жұмыссыз қалған балықшылар әлеуметтік жағынан қорғаусыз қалып, басқа аймақтарға еріксіз қоныс аударуда. Қазіргі Арал өңірінде адамдардың денсаулығы күрт төмендеп кетті. Бұл өңірде соңғы мәліметтер бойынша туберкулез, бүйректе тас байлану, сарысу, өкпе-тыныс жолдарының қабынуы, жұқпалы аурулар республиканың басқа өңірімен салыстырғанда жоғары көрсеткішті беріп отыр. Арал теңізінің болашағы дүние жүзі халықтарын толғандыруда.

Аралды сақтап қалуға арналған Халықаралық қордың құрылғанына 15 жыл толды. Осы жылдар аралығында атқарылған жұмыстар аз емес. Аралды қалпына келтіру үшін көптеген іс-шаралар қаралып, жобалар жасалды. Кіші аралдың оңтүстігіне ұзындығы 12 км болатын Көкарал бөгені салынды. Соның салдарынан Кіші Аралдың (Солтүстік) деңгейі 42 метрге, аумағы 800 шаршы километрге ұлғайды. Суы тартылып қалған тұзды көлдің табанын жауып, көлге тіршіліктің нышаны енді. Ғалымдардың айтуынша Аралдан ұшқан тұзды дауылдың бір ұшы Гренландия мұздықтары мен Норвегияның орманды алқабына да жеткенін дәлелдеген еді. Еліміздің көлемді атқарып жатқан іс-шараларының алды, аймақтың және жергілікті жердің экологиялық жағдайын көтеру. Бүгінгі күні Солтүстік Арал маңына халықтар қайта қоныстанып, үй салып, балық шаруашылығымен қайта айналыса бастады.

1985 жылы наурызда КОКП ОК-нің Бас хатшысы М.С.Горбачев тағайындалған соң «қайта құру» бағыты жарияланды. Бірақ республиканың қоғамдық-саяси өмірінде жүргізілген бірқатар өзгерістерге қарамастан, Орталықтың жоғарыдан басқару саясаты тоқтатылған жоқ. Бұл әсіресе, 1986 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші Хатшысы Д.А. Қонаев орнынан алынған кезде анық байқалды. Пленум мәжілісі 18 минут қана болды. Ульяновскіден Г.В. Колбин республикаға Орталықтан жіберілді. 1986 жылы 17 желтоқсанда Брежнев алаңына жастар шығып, бұл шешімге қарсылықтарын білдірді. Жастар Бірінші Хатшылыққа ұсынған өкілдерінің ішінде орыс ұлты да болды: В.П. Демиденко, О.С. Мирошкин, Н.Е. Морозовты, сол сияқты Е.Н. Әуелбеков, С.М. Мұқашев, Н.Ә. Назарбаев т.б.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы етіп Г.В. Колбиннің жасырын және халықты қорлайтындай түрде тағайындалуы жастар қозғалысына тікелей түрткі болды. Бұл орталықтың өрескел өктемдік саясатының тікелей көрінісі болды. Бұл республика халқының өмірлік мүдделеріне байланысты мәселелерді олардың пікірімен, көзқарасымен санаспай, қайта құру жария еткен демократиялық қағидаларға қайшы, біржақты әміршіл әдіспен жүзеге асыруының дәстүрлі айқын көрінісі еді.

Көтеріліс “Бұрқасын-86” арнайы оперативті операциясы бойынша басылды. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы ұлтшылдық сипатта емес, отаршылдыққа қарсы ұйымдастырылған ұлттық қозғалыс болды. Бұл желтоқсан оқиғасының басты тарихи себебі болды. Әрі бұл оқиға қазақ тарихында ұлттық сана-сезімнің оянуының айқын көрінісі болды. Оны басуға Орталықтан арнайы әскер бөлімдері әкелінді. Қатысқан көтерісшілер саны - 5000. 2400-і тұтқындалды. Осы оқиға кезінде Чехославакия, Польша, Венгрия, АҚШ қоғам қайраткерлері КСРО Жоғарғы Кеңесіне арнайы хат жолдаған. Олар ескерусіз қалды. Бұл оқиғаға баға беру жөнінде Комиссия құрылған. Онда: М.Шаханов, Қ.Мырзалиев, Т.Бурабаев, И. Тасмағамбетов т.б. болды. 1989 жылы Г.В. Колбин Халықтық Бақылау Комитеті төрағасы болып сайланды да, I хатшылыққа Н. Назарбаев тағайындалды.

Қазақстан аумағында желтоқсан оқиғасына қатысушыларды жазалау, қудалау үрдістері жаппай жүзеге асырылды. Оқиғаға қатысушыларға қылмыстық істер қозғалды, олар бойынша тергеу қысқа мерзімде үстірт және айқын айыптау бейімділігімен жүзеге асырылды. Түрлі деңгейдегі органдар істі асығыс қарап, әділетсіз үкімдер шығарды. Тергеу, прокуратура, сот органдары әміршіл-әкімшіл жүйенің тікелей құралына айналды. Желтоқсандағы қайғылы оқиғаға әміршіл-әкімшіл жүйені басты кінәлі деп санап, оған қазақ жастарының ешқандай кінәсі жоқ екенін сол оқиғадан кейін-ақ көтерген халықтың адал ұл-қыздары болды. Соның бірі сол кездегі КСРО халық депутаты, КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі, Қазақстанның халық жазушысы Мұхтар Шаханов еді. 1989 жылғы 6 маусымда өткен КСРО халық депутаттары съезі мінбесіне шығып, 1986 жылғы 16 желтоқсанда Алматыда болған желтоқсан оқиғасының мұның алдында орын алған Грузиядағы оқиғадан да едәуір қауіпті сипат алғанын, бейбіт шеруге шыққандарға қарсы сапер күректерін, қызмет иттерін қолданғанын, жас қыздарды дубинкамен сабап, етіктерімен тепкілегенінен, бұл наразылықтың ешқандай ұлтшылдық астары болмағанын айтып, осы оқиғаға байланысты ақиқатты анықтау үшін халық депутаттары комиссия құрамында құруды батыл түрде ұсынды. Іле-шала М.Шаханов төрағалық еткен комиссия құрылды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы 1990 жылғы қыркүйектің 24-і күні қаулы қабылдап, онда қазақ жастарының 1986 жылы желтоқсанда Алматыда болған бой көрсетуі ұлтшылдық сипат алмағаны және бастапқы сатысында заңға қайшы болмағанын атап өтті. Осыдан кейін сол кездегі Қазақстан Орталық Партия Комитетінің бірінші хатшысы Н.Назарбаевтың тікелей араласуымен, ұсынысымен СОКП Орталық Комитетінің Қаулысындағы қазақ ұлтшылдары деген айыптау алынып тасталды.

Желтоқсан оқиғасы бойынша кезінде республикада 707 адам әкімшілік қамауға алынған, партия қатарынан 57 адам алыстатылған, 210 адам партиялық жазалауға іліккен, комсомолдан 758 адам, жоғары және орта оқу орындарынан 266 студент шығарылып, 1164 жастар комсомолдық жазаға тартылған. Желтоқсан оқиғасынан кейін қазақ жастарын жоғары оқу орындарына қабылдау да қиындай түсті. Мысалы, 1985 жылғы Қарағандыдағы жоғарғы милиция мектебіндегі абитуриенттерінің 61 пайызы қазақтар болса, келесі 1986 жылы оның саны 27,5 пайызға дейін кеміген. Қазақ жастарын ішкі істер органына қабылдау күрт азайған. Тіпті Шымкентте облыстық ішкі істер басқармасы алдында «Қазақтарды ішкі істер органына қабылдамаймыз» деген жарнама ашық жазылып қойылды. 1987 жылы 90 мыңнан астам қазақ жастары елден кетіп, басқа республикаларда жұмыс істеуге мәжбүр болды.

1988 жылғы шілде-тамыз айларында өткен Бүкілодақтық ХІХ партия конференциясында Кеңес қоғамының саяси жүйесіне реформа жүргізу қажеттігі атап көрсетілді. Онда ең басты мәселе- халық депутаттары Кеңестерінің толыққанды өкіметін барлық жерлерде қайтадан қалпына келтіру көзделді. Конференцияның шешімдеріне сәйкес қысқа уақыт ішінде ең жоғарғы мемлекет органдарын қайта құру жоспарланды. Ол 1988 ж. 1 желтоқсанда қабылданған “КСРО Конституциясына қосымша өзгерістер енгізу туралы” және “КСРО Халық депутаттарын сайлау” жөніндегі заңдарда өзінің шынайы көрінісін тапты. Жаңа тәртіпке сәйкес 1990 жылғы наурызда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне сайлау ұйымшылдықпен өтті. Онда Қазақстан партия Орталық Комитетінің Бірінші Хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болып сайланды. Кейін орталықтағыдай президенттік қызмет орны енгізілді. Сөйтіп, 1990 жылғы 24 сәуірде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Н.Ә. Назарбаевты республиканың тұңғыш президенті етіп сайлады. Осы кезеңде Қазақ қоғамында жаңа серпіліс жасалды.

Саяси жағдай дамуының жалпы бағытын дұрыс анықтап, 1990 жылдың 25 қазанында ҚР егемендігі жөніндегі Декларациясы қабылданды.

1990 жылы Қазақстанда “Азат” азаматтық қозғалысы қалыптасты. Мақсаты- Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздігін заң алдында барлық азаматтардың кең құқығын, әлеуметтік әділеттілікті қорғау болды. Одан басқа республикада “Алаш”, “Желтоқсан” сияқты саяси қозғалыстар болды. 1991 ж. қазанда Қазақстан конгресі партиясы құрылды. Жетекшілері: О.Сүлейменов пен М.Шаханов. Сондай-ақ, республикада тұратын бірқатар коммунистер бұрынғы Қазақстан Коммунистік партиясының қызметін қайтадан қалпына келтіруге әрекет жасады. Осы кезде Солдат аналар комитеті, Қазақстан мұсылман әйелдерінің лигасы, “Айша”, “Ақ отау” және Іскер әйелдер ассоциациясы құрылды. Барлық саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың алдында тек демократиялық жолмен, Конституция талабына сай қызмет ету мақсаты қойылды. Республикада 1991 ж. барлығы 120-дан астам дербес қоғамдық негізде бірлестіктер жұмыс істеді.

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7,8,9,11,19,20];

Қосымша әдебиеттер: [21,22,23,24,25,29,30,31,35,37,38,39,40,41,43,46,47];

Ғаламтор көзі: [49,50,51,55,56,59,60,61,66,71]

8 дәріс тақырыбы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымының қалыптасуы.

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. «ҚР мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң.
2. Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын қалыптастыру.
3. Президенттің Қазақстан халқына алғашқы Жолдауы: «Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы», ҚР дамуының ұзақ мерзімге арналған басым бағыттары.
4. «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.

Дәріс тезистері:

1991 жылдың 16 желтоқсанында Республика жоғары Кеңесінің жетекші сессиясында Парламент депутаттарының "Қазақстан Республикасы мемлекетінің тәуелсіздігі» туралы Конституциялық Заңы қабылданды. Сол заңның бірінші бабында: "Қазақстан Республикасы - тәуелсіз мемлекет" деп жарияланды. Ол өз территориясында өкімет билігін толық иеленеді; өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес белгілеп, жүргізеді; барлық мемлекеттермен өзара қатынасын халықаралық принциптері бойынша құрады; өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін басқа мемлекеттер тану үшін ҚР ашық, ҚР территориясы қазіргі шекараларында біртұтас, бөлінбейтін және қол сұғуға болмайтын территория болып табылады.

Біз ашық плюралистік қоғам қалыптастырдық. Қазақстан тәуелсіздігі үлкен халықаралық маңызға ие болды. Шығыс Еуропа мен Батыс Азияның түйіскен жерінде бейбітшілік сүйгіш, демократиялық жаңа мемлекет пайда болды. Ұзақ талқылаудан кейін, 1992 жылы маусымда тәуелсіз Қазақстанның Мемлекеттік Елтаңба мен Мемлекеттік Туы қабылданды. Осы жылдың желтоқсанында Республиканың жаңа әнұранының мәтіні бекітілді.

Қазақстанның Тәуелсіздік алуы және оның әлемдік қауымдастыққа қосылуы ҚР жаңа негізгі Заңын - Конституциясын қайта қарауды және қабылдауды талап етті. ҚР-ның жаңа Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданды.

Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысымен 1995 жылы 30 тамызда өткен республикалық референдумда жаңа Конституция қабылданды. Конституция 9 тарау, 98 баптан тұрады. Бүкіл халықтық референдумның нәтижесінде жаңа Конституция қабылданып, Қазақстан “Президенттік республика” деп жарияланды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев болғаннан бері сыртқы саясат мәселелеріне деген жалпы мемлекеттік көзқарас түбірімен өзгерді. Алдымен одақтас республикалардың рөлі мен қызығуын көтеру, оларға орталық өкілдіктерінің біраз бөлігін беру жөнінде мәселе көтерілді. Республика

Сыртқы істер министірлігі нығайтылып, Қазақстан Сыртқы экономикалық қызметке белсенді қатысты. Қазақстан мен оның Президентіне деген әлемнің ынталығы артуда. 1992 жылдың қыркүйек-қазан айларында Дүниежүзілік қазақтар құрылтайы өтті. Бұл оқиға біздің еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана мүмкін болды. Оған Азияның 13 еліндегі, Еуропа мен Америкадан 3200 мың қазақ диаспорасының (32%) өкілдері қатысты.

Мемлекеттік тәуелсіздік жарияланғаннан соң Президент Н.Ә. Назарбаев еліміз халықаралық қатынастардың дербес тұлғасы ретінде саяси-дипломатиялық тұрғыдан танылуына тікелей көмек көрсетті. Қазақстанның шетелдердегі дипломатиялық және консулдық өкілдіктерінің қарекет қимылы жедел ұлғаюда. Н.Ә. Назарбаев дипломатиялық корпуспен, Сыртқы істер министірлігінің кеңейтілген алқаларына қатысушылармен кездесуі дәстүрге айналды. Қазақстан және ТМД. 1991 жылдың аяғына қарай бұрынғы КСРО-ның барлық республикалары мемлекеттік тәуелсіздік алғаны мәлім. Президент Н.Ә. Назарбаев 1991 ж. 20 желтоқсанда Әзірбайжанның, Арменияның, Грузияның, Белорустың, Қырғызстанның, Латвияның, Литваның, Молдованың, Ресейдің, Тәжікстанның, Түрікменстанның, Өзбекстанның, Украинаның, Эстонияның мемлекеттік тәуелсіздігін тану туралы Жарлыққа қол қойды.

Сол күні Президенттің Жарлығымен Т.С. Сүлейменов тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұңғыш Сыртқы істер министрі болып тағайындалды. Сол кезде сыртқы саяси мекеменің құрамы небәрі 17 адамнан тұратын.

1995 жылы ол ҚР Сыртқы саясатының тұжырымдамасын бекітіп, 2002 жылы оның қазіргі кезеңнің ақиқатына байланысты бейімделген нұсқасын қарап берді. 1997 ж. Сыртқы саяси қызметтің құқықтық өрісін айқындайтын “Дипломатиялық қызмет туралы” тұңғыш Заңы қабылданды.

1997 жылдың қазан айында Президент Н.Ә. Назарбаев республика халқына «Қазақстан — 2030» деген атпен жолдау қабылдап, онда еліміздегі дағдарыстан шығудың және жүріп жатқан реформаларды аяқтаудың, сондай-ақ алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қатарына қосылудың, немесе «Қазақстан барысын» қалыптастырудың жаңа бағдарламасын ұсынды. Бағдарламада еліміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуының жақын арадағы және стратегиялық ұзақ мерзімдегі даму жолдары мен мүмкіндіктері жан-жақты көрсетілді. Онда елдің ішкі және сыртқы саясатындағы мүмкіндіктерді барынша пайдалана отырып, мемлекеттің дамуындағы ұзақ мерзімді жеті басымдықты іске асыру көзделген.

Олар: 1) ұлттық қауіпсіздікті сақтау; 2) ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуын нығайту; 3) нарықтық қатынастар негізінде экономикалық өсу; 4) Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқатын көтеру; 5) энергетика ресурстарын жете пайдалану; 6) инфрақұрылым, көлік және байланысты дамыту; 7) демократиялық кәсіби мемлекетті құру. Тек осы аса маңызды шараларды іске асырғанда ғана Қазақстан халқының өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы мүмкін екендігіне сенім білдірілді.

2012 жылдың 14 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауын Қазақстан халқына арнады.

Өзінің Жолдауында Елбасы өткен 15 жыл бойынша республика дамуының негізгі нәтижелерін талдады, қазіргі заманның басты үрдістері мен түйіндерін белгілеп, «Қазақстан – 2030» Стратегиясындағы көптеген тапсырмалар сәтті орындалды, енді елдің алдында жаңа тапсырма орын алып тұр – ол «Қазақстан – 2050» Стратегиясының іске асу негізіндегі дүниежүзінің дамыған 30 мемлекет қатарына кіру».

«Қазақстан – 2050» Жаңа Стратегиясы – ол бір жағынан «Қазақстан – 2030» Стратегиясы шеңберінде өткізілген реформалар курстарының жалғасуы болып табылса, екінші жағынан – бәсекелестіктің жаңа межелеріне арналған Қазақстан дамуының басты бағыттары анықталған дербес құжат болып табылады. Бұл құжатта ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстанды экономикалық, саясаттық және әлеуметтік дамудың жаңа деңгейіне әкелетін жеті стратегиялық басымдылықты анықтады.

1. Жаңа бағыттың экономикалық саясаты – пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм.

2. Кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау – ұлттық экономиканың жетекші күші.

3. Әлеуметтік саясаттың жаңа қағидаттары – әлеуметтік кепілдемелер мен жеке жауапкершілік.

4. Білім және кәсіби біліктілік – қазіргі білім жүйесінің, кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың кілтті бағыттары.

5. Мемлекеттіліктің одан әрі дамуы және қазақстандық демократияның дамуы.

6. Дәйекті және жорамалды сыртқы саясат – ұлттық мүдделерді өрлету және аймақтық пен жаһандық қауіпсіздікті нығайту.

7. Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көп ұлтты және көп конфессиялық қоғамның жетістік негізі.

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7,8,9,11,19,20];

Қосымша әдебиеттер: [22,23,24,26,27,29,30,32,38,40,41,43,46,47];

Ғаламтор көзі: [49,50,51,55,56,59,60,61,66,71]

9 дәріс тақырыбы. Экономикалық дамудың қазақстандық үлгісі.

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Өнеркәсіп, аграрлық және қаржы-банк секторлары сияқты экономиканың шешуші салаларының даму басымдықтары мен келешегі.

2. Қазақстанның тұрақты экономикалық дамуының траекториясы. ХХІ ғасырдағы экономиканың қазақстандық үлгісі.

3. «Нұрлы Жол – болашаққа жол» жаңа экономикалық саясаты – Қазақстанның жаһандануға берген жауабы.

Дәріс тезистері:

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін нарықтық экономикаға көшу жолына түсті. Осы бағытта 1992 жылы қаңтарда мемлекеттік меншікті оның иелігінен алып жекешелендіруге кірісті. Қазақстанда нарықтық экономикаға көшудің алғашқы кезде үш кезеңі белгіленді.

Нарықтақ экономиканың Бірінші кезеңі шағын жекешелендіруден басталдық. Алғашқы кезеңнің барысында 1991-1992 жылдары 5000-ға жуық нысандар жекешелендірілді, олардың қатарында ұжымдық меншікке берілгендердің саны 470-тен астам болды.

Екінші кезең «Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен мемлекеттік меншікті жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған Ұлттық бағдарламасы» негізінде жүргізілді. Бұл кезеңнің аса маңызды қадамы мемлекеттік меншікті басқару мен жекешелендірудің біртұтас жүйесі болды. Сол кезде шағын және орта бизнесті дамытуға белгі берілді. Көтерме сауда буынын қоса алғанда бұрынғы кеңестік сауда жүйесін өзгерту басталды, Қызмет көрсету саласында бәсекелестік орта пайда болды.

Үшінші кезең 1995 жылғы желтоқсанда заң күші бар «Жекешелендіру туралы» Жарлықтан басталып, 1999 жылға дейін жалғасты. Осы сәттен бастап ол тек ақша қаражатында жүзеге асырылды.

Нарықтық экономикаға көшу мәселелерімен айналысатын жаңа мемлекеттік басқару органдары құрылды. Олар: Мүлік жөніндегі, Монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеттер, Салық инспекциясы, Кеден және т.б. Сондай-ақ нарықты экономикаға тән инфрақұрылымның кейбір түрлері биржалар, коммерциялық банктер, сауда үйлері, жеке меншіктік кәсіпорындар мен шаруашылықтар, жеке меншік пен мемлекет меншігі аралас ірі корпорациялар, акционерлік қоғамдар, холдингтік компаниялар өмірге келді.

Алайда, нарықтық экономикаға көшуде бірсыпыра қателіктерге жол берілді. Біріншіден, реформаны бастауда мемлекеттің мақсаты да, мүдделері де, әдіс-тәсілдері де толық анықталмады. Екіншіден, барлық елдерге бірдей сай келетін экономикалық реформаның моделі болмайды. Әр елдің өзіне тән, оның ұлттық бітіміне, тарихына, дәстүріне, нақтылы саяси, әлеуметтік, экономикалық қалыптасқан жағдайына сәйкес өз моделі, өз жолы болу керек. Оны әлемдік тәжірибе де көрсеткен. «Жапондық», «Немістік» тағы басқадай әр елдің өз даму жолы болғаны белгілі. Қазақстан көп елде жақсы нәтиже бермеген, Халықаралық Валюталық Қоры ұсынған «есеңгіретіп емдеу» деп аталатын жолына түсті, Ресейдің соңынан ерді. Үшіншіден, экономикалық реформа бірінен кейін бірі және өзіндік ретімен жасалуы арқылы жүзеге асуға тиіс. Ал Қазақстанда қажетті заң жүйесі жасалып бітпей, жеке меншікке негізделген кәсіпорындардың үлесі өсіп, бәсеке ортасы қалыптаспай тұрып, ең әуелі бағаны ырықтандырудан бастау қате болды, өйткені бағаны ырықтандыру үкімет тарапынан мезгіл-мезгіл оны өсіріп отыру болып шықты (инфляция). Төртіншіден, қабылданған заңдар көп жағдайда жүзеге аспай калды, себебі ол заңдардың жүзеге асатын механизмдері жасалмады. Бесіншіден, Ұлттық банк ақша жүйесін, ақша айналымын, оның ішкі және сыртқы қозғалысын қатаң бақылауға алудың орнына, ақша-несие ресурстарын бей-берекет жұмсап, аса жоғары процентпен сатып, пайда табумен әуестенді.

Алтыншыдан, қылмыс, жемқорлық, заңды бұзушылық көбейді. Оған жаппай тәртіпсіздік, жауапкерсіздік қосылды. Міне, бұлар реформаны жүргізуде, экономиканы дамытуда өздерінің зиянын тигізді. Жетіншіден, мемлекет басшылары экономикалық дағдарыс кезінде өмір сүріп, жұмыс істеп көрмегендіктен, одан шығу жолдарын білмеді. Экономикалық дағдарысты дұрыстап бағалай алмады. Елді дағдарыстан тез арада шығару саясаты жүргізілді, бірақ ол ешқандай нәтиже бермеді.

Нарықтық экономика мен демократия бірінсіз-бірі болуы мүмкін емес. Қысқа ғана уақыт ішінде 1993 жылдың аяғында ұлттық валютамыз "теңге" айналымға түсті, қазір оның бағамы тұрақты. Нарықтық экономиканы табанды жүргізудің нәтижесінде макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткіздік. Тиімді құқықтық база құрылды. Қазіргі заманғы ақпараттық технология өркендеп, отандық өндіріс қарқын алып келеді.

"Қазақстан 2030" стратегиялық бағдарлама - ол тәуелсіз мемлекеттердің болашағын анықтап, айқындайтын бағдарлама. Мысал: Соғыстан күйреп шыққан Жапония мемлекеті елінің дамуының 50 жылдық жоспарын жасаған болатын. Мыңдаған жылдық өркениеті бар қытай мемлекетінде өткен ғасырдың 70 - жылдарының аяғында қытай елін дамытудың 100 жылдық бағдарламасы жасалды. Сондықтан ел басымыздың "Қазақстан 2030" стратегиялық бағдарламасы еліміз бен халқымыздың 2030 жылға дейінгі жетер жерін, шығар биігін анықтауға деген қажетті 7 басымдылығы: 1. Ұлттық қауіпсіздік. 2. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы. 3. Экономикалық өрлеу. 4. Қазақстанның азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты. 5. Энергия ресурстары. 6. Инфрақұрылым, әсіресе көлік және байланыс. 7. Кәсіби мемлекет.

Негізгі міндет - Қазақстанда нарықтық экономика үшін оңтайлы басатын мемлекеттік қызмет пен басқару құрлымының осы заманғы тиімді жүйесін жасау.

Негізгі мақсат - Қазақстанның тарихи, табиғи, мәдени, рухани байлықтарын дамытып, күллі мүмкіндіктерін нақты нәтижеге қол жеткізіп, 2030 жылға қарай Орталық Азия барысына айналдыру.

Мемлекет басшысының елдің сыртқы саясатын «экономикаландыру» жөніндегі нұсқауларын басшылыққа ала отырып, сыртқы істер министрлігі инвестициялық саясатты түзету жөнінде бірқатар шаралар жасады. Осы бағыттағы істерді қолға алды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы шетелдік инвесторлар кеңесінің – ЕКДБ, Дойче Банк, АБН-Амро, Шелл, Мобил, Эни, Тоталь, ЛукОйл т.б. сияқты жетекші шетелдік банктермен және инвестор компанияларымен ашық пікір алысуға мүмкіндік беретін аса маңызды кеңес беру, кеңесу органының жұмысы жанданды.

2000, 2002 жылдары Алматыда өткен бірінші және екінші еуроазиялық экономикалық саммиттер, 2012 жылдың 22-24 мамыр күндері Астанада өткен 5-ші экономикалық форумы тек Қазақстан үшін ғана емес, сонымен бірге бүкіл Орта Азия үшін бұрын-соңды болып көрмеген оқиғалар. Бұл шаралар Дүниежүзілік экономикалық форумның (ДЭФ) қамқорлығымен өтті. Бұл беделді ұйымның Қазақстанда еуроазиялық саммит өткізу туралы шешімі

республиканы Орталық Азия мемлекеттерінің арасында өңірлік көшбастаушы, неғұрлым келешегі мол экономикалық әріптес ретінде танытты. Аталған екі саммитке 500-ден астам бизнесмен және саяси жетекшілер қатысты. 2012 жылдың 22-24 мамыр күндері елордадағы тәуелсіздік сарайында өтті. Қазақстан елордасында осымен 5-ші рет өтіп жатқан жиын мың құбылған жаһан экономикасының бүгінгі бағдарына, дағдарысқа тап болып, еңсесі түскен Еуроаймақты құтқару жолдарына арналды.

Валюта, банк жүйесі, технология, ал, ең бастысы - әлеуметтік саланы дағдарыс дендеп барады. Жұмыссыздық, билікке наразы халық, бюджеттік шығындардың қысқаруы. Қазір Еуропаның бірқатар елдеріндегі көрініс осы. «Бес саусақ бірікпей, ине ілікпейді». Форумда ғалымдар ұсынған G-глобал идеясының түп мағынасы осы.

Мұндай жағдайда тек ұжымдық күш-жігер ғана оң жолға апаратыны айқын. Ал осындай ұтымды бағытты «G-Global» ілкі идеясымен байланыстыруға болады. Өйткені, біз «G-8», «G-20» секілді құрылымдар бар екендігі туралы айтқанда, олардың тек таңдаулылар клубы екендігіне мән бермей жатамыз. Ал, жаһандық полижүйелі дағдарыс бұндай ауқымды мәселеге әлем елдерінің басым көпшілігінің қатысуын талап ететінін көрсетіп отыр. Президент Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған «G-global» идеясы да осы тұрғыдан өзекті.

2014 жылы 11 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты жаңа жолын ұсынды. Бұл жолдаулар еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарларын қамтиды. Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасында алдағы жұмыстың ұзақмерзімді басымдықтары белгіленген.

2015 жылы 6 сәуірде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бағдарлама елдің макроөңірлерін біріктіру және хаб қағидаты бойынша бірыңғай нарықты қалыптастыруға негізделген жаңа экономикалық саясатты іске асыруға бағытталған. Бағдарламаның негізгі міндеттері: «шұғыла» қағидаты бойынша тиімді көліктік-логистикалық инфрақұрылымды құру; индустриялық және туристік инфрақұрылымдарды дамыту; бірыңғай электр энергетикасы жүйесін дамыту шеңберінде энергетикалық инфрақұрылымды нығайту; тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымын және жылумен, сумен жабдықтау және су бұру желілерін жаңғырту (реконструкциялау және салу); азаматтардың тұрғын үйге қолжетімділігін арттыру; білім беру саласының инфрақұрылымын дамыту болып табылады. Бағдарламаны іске асыру 2020 жылға дейін мынадай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді: 2014 жылмен салыстырғанда жалпы ішкі өнімнің өсімін 15,7% қамтамасыз ету; 395,5 мың жұмыс орнын ашуға, оның ішінде: тұрақты - 86,9 мың адам; уақытша - 308,6 мың адам; Дүниежүзілік экономикалық форум рейтингіндегі «базалық инфрақұрылымның сапасы» көрсеткішін 57-орынға дейін көтеру.

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7,8,9,11,19,20];

Қосымша әдебиеттер: [21,22,23,24,29,31,38,47];

Ғаламтор көзі: [49,50,51,55,56,59,60,61,66,71]

10 дәріс тақырыбы. Әлеуметтік жаңғыру – қоғамның әл-ауқат тірегі.

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. 2008 жылғы 6 ақпандағы Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы: «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты».

2. Денсаулық сақтау, спорт және дене шынықтыруды дамыту. Қазақстандық спортшылардың жетістіктері.

3. «Серпін-2050» әлеуметтік жобасы бойынша білікті мамандар даярлау мәселесі.

Дәріс тезистері:

Еліміз егемендік алғаннан кейін білім негіздерін демократиялық, интеграциялық принциптерге орайлас әр баланың жеке-дара ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, оқытып, тәрбиелеу талап етілді. Осы жайттар ұлт мектептерінің жаңа бағдарламаларынан елеулі орын алды. Арнаулы білім салаларына икемі бар балаларға арналған лицей, гимназия, колледж, медреселер сияқты мектептің жаңа түрлері ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы Заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді. Осы Заң және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес мемлекеттік саясат принциптері айқындалады.

Елбасы Н.Назарбаевтың бес әлеуметтік бастамасы атты халыққа үндеуі салықты азайту, қолжетімді ипотека, сапалы жоғары білім, шағын кәсіпкерлікті дамыту, елді газбен қамтамасыз ету сынды қоғамның өзекті әлеуметтік маңызды мәселелерін көтерген кемері кең, мазмұны әлеуметтік философиялық бағдарлама. Еліміздің Конституциясының I-бабында Қазақстан Республикасы өзін әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады деп қоғамның әр түрлі топтарының үйлесімді әрі бақуатты тіршілік етуін қолдау мемлекетіміздің басты ұстанымы ретінде айқындалған.

Қазіргі алмағайып заманда ел бірлігі мен жұрттың тыныштығы түрлі этно-мәдени және діни бірлестіктер арасындағы түсіністік пен келісімнің нақты ізгі ниетінен бастау алатыны белгілі. Қалыптасқан мемлекет бұл әлеуметтік мемлекет қағидасы халықтың мұң-мұқтажын терең түсіну мен маңызды қоғамдық мәселелерді шешудегі жауапкершілік жүгін айқындайды. Әлеумет-жеке басқа тән даралық ұғым емес, әлеумет бұқаралық – халықтық сипаттағы ұғым. Қоғам кедей, орта және байлардан тұрады. Мемлекеттің мақсаты-кедейлерді ортаға,ортаны байға жеткізу. Қоғамда орта таптың үлес салмағының артуы мемлекеттің өркендеуі мен тұрақты дамуының көрсеткіші. Адамзат

тарихында қоғамның әлеуметтік мәселелері ойшылдар мен философтар, мемлекет қайраткерлері уақыт және кеңістік аясына сай көтерген көкейкесті әлеуметтік-философиялық тақырып. Отырарлық ойшыл әл-Фараби бабамыздың «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы» трактатында бақытқа жету жолында қоғам мүшелері бір-біріне көмектесетін болса, ол ізгі және қайырымды қоғам болып саналады. Әлеуметтің бақытқа жетуі және қайырымды мамыражай мемлекет құру қоғамдық келісімнен басталады. Орта ғасырлық түркі ойшылы Жүсіп Баласағұн «Құтты білігінде»:

Пақыр орта болса-оңғаны кемінің,

Байыса орта-байығаны елінің, –

деп әлеуметтік топтар үшін ыңғайлы да, қолайлы әлеуметтік жағдай жасау ізгі ниетті, білікті бектердің халық сүйер құтты ісі. Елбасымыздың салық жүктемесін азайту және жалақыны көбейту 2 миллионнан аса отандастарымыздың, әсіресе бюджеттік ұйымдардан жалақы алатын жас мамандардың әл-ауқатын жақсартуына септігін тигізеді. Салық көлемін азайту жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбекке ынтасын арттыруға түрткі. 7-20-25 бағдарламасы баспана мәселесін оңтайлы шешуге жол ашып, жастарымыздың үй болып, тұрмыс жағдайын жақсартуына көмектеседі. 2018-2019 оқу жылына қосымша 20 мың грант бөлу жоғары білім алудың қолжетімділігін мен жастардың білімге деген талпынысын арттырады. Олардың мемлекетке деген сенімін нықтап, өмірлік құлшынысын жігерлендіреді. Еліміздің рухани және әлеуметтік тұрғыда жаңғыруы білімді қоғамның зияткерлік әлеуетінің жоғары дегейімен іске асады. Студент жастарға арналған жатақханалар тұрғызу және елді мекендерді газбен қамтамасыз ету қоғам мүддесіне орай жасалған ізгі қадам. Әлеуметтік жобалардың табысты әрі жемісті болуы ең алдымен ұлттық бірліктің және әлеуметтің барлық топтарының қолдауымен жүзеге асады. Қоғамның әлеуметтік қабаттарының бірлігі мен тату тіршілігі мемлекеттің өркендеуінің негізі. Әлеуметтік және рухани жаңғыру философиясының тірегі – ұлттық сананың бірегейлігі мен қоғамдық келісімде.

Қазіргі өскелең өмір талаптарына сай жастарға білім және тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту – қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Білім беру – бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудық үздіксіз процесі.

Қазақстан Республикасында жастарға білім беру процесі халқымыздық ұлттық салт-дәстүріне, мәдениетіне, экономикасына және саяси өміріне негізделіп іске асырылады.

Білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардың (бірлестіктердің) ұйымдық құрылымдарың құруға және олардың қызметіне жол берілмейді. Білім беру ісін басқару мемлекеттік-қоғамдық сипатта болады. Республикада Білім және ғылым министрлігі оның төменгі атқарушы органдары Қазақстан Үкіметінің білім беру саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асырады. Білім беру жүйесінің құрылымы. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы негізінде білім беру жүйесінің құрылымы екіге бөлінеді: жалпы білім беру және кәсіптік білім беру.

Егеменді ел болып, іргемізді бүтіндеп отырған кезде ұзақ жылдар бойы отаршылық тұзағына түскен ұлттық санамыз қайта жанданып, даму үстінде. Соның бір жарқын көрінісі ұлттық демографиялық санамыз бен демографиялық мінез – құлқымызда орын алып отырған келелі өзгерістерден айқын байқалады. Кейінгі жылдары демографиялық деректерді білуге деген құлшыныс артып, қазақ ұлтының үрім бұтағының өсіп-өнуі, сандық және сапалық өркендеуінің ақуалы қалай деген сауал әркімді де ойландыра түсуде. Саны жағынан әлемнің өркениетті дамыған елдерінен кешен қалған қазақ халқы үшін демографиялық ой-сананы жаңа сапалық тұрғыда қалыптастырудың тарихи маңызы аса зор.

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7,8,9,11,19,20];

Қосымша әдебиеттер: [22,24,26,27,29,30,32, 41,44,46,47,48];

Ғаламтор көзі: [49,50,51,55,56,59,60,61,66,71]

11 дәріс тақырыбы. Этнодемографиялық үдерістер мен ұлтаралық келісімнің нығаюуы.

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Қазақстандағы көші-қон, демографиялық үрдістер, халықтың этникалық құрылымындағы өзгерістер.
2. Біртұтас ұлт болашағының қалыптасу мәселелері.
3. Президент жанындағы консультативтік және кеңесші орган Қазақстан халқы келісімі мен бірлігінің қоғамдық институты - Қазақстан халқы Ассамблеясының (ҚХА) құрылуы.

Дәріс тезистері:

Тәуелсіздігін әлем таныған, БҰҰ – ның толыққанды мүшесі Қазақстан үшін дүниенің төрт бұрышындағы өзінің географиялық орны мен әлем халықтары арасындағы үлес салмағын айқын түсіне білуі керек. 2000 жылдың 1 желтоқсанына еліміздің халық саны (есепті деректер бойынша) 14843,7 мың адам болды, саның ішінде 8284,1 мыңы (55,8)- қала және 6559,6 мыңы (44,2) село тұрғындары.

2000 жылдың қаңтар-қарашасында халықтың табиғи өсімі – 64,3 мың адам болды, бұл өткен жылдың тиісті кезеңдегісінен 6,6 көп (1) Табиғи өсім шамасының артуы еліміздің 10 аймағында (Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарынан басқаларында) байқалды.

2000 жылдың 11 айында елімізді тұтастай алғанда тіркелген неке – 83,8 мың, ажырасуы 25,3 мың (немесе 1000 адамға 6,2 неке қиылып, 1,9 ажырасу), ал 1999 жылғы қаңтар – қарашада тиісінше 78,9 мың неке және 23,6 мың ажырасу немесе 1000 адамға 5,8 неке қиылып, 1,7 ажырасу орын алды.

2000 жылғы қаңтар-қарашада көшіп қонушылар саны – 347, 6 мың адам (1999 жылғы осы кезеңде – 346 мың болған). 1999 жылдың қаңтар-қарашасымен

салыстырғанда былтыр еліміздегі халықтың көшіп-қонуынан шеккен шығыны 2,2 қысқарып, 116,7 мың адам болды.

Мемлекетаралық көшіп-қону байланыстарының ішінде Қазақстан үшін ТМД елдерімен айырбастау аса қарқынды болды. 2000 жылдың 11 айында жалпы көшіп-кетушілердің 75 процент осы елдерге кетті. Сыртқы көшіп-қону бойынша жаппай кетушілік Қостанай, Павлодар және Қарағанды облыстарында орын алды. Кетушілердің арасында орыстар (58,5) мен немістердің (18,5) сыбағалы салмағы ересен.

ТМД елдеріне кетушілердің жалпы санының 69,9 пайыз орыстар, ал ТМД-дан тыс елдерге кетушілердің 63,3 пайыз- немістер.

Республикадағы ұлттардың арасалмағы әркелкі. Ерлердің үлесі 1000 әйелге шаққанда қазақтарда 978, ұйғырларда 999, орыстарда 843, татарларда 842, украиндарда 872 адамнан келеді. Әзірбайжандар мен өзбектер арасында ер азаматтардың саны басым 1000 әйелге әзірбайжанның 1014 ер азаматы, өзбектің 1015 ер азаматы келеді. Ауылды жерлердегі қазақтар арасында ерлердің саны басымырақ. Орта есеппен онда 1000 әйелге 1020 ер келеді. Бұл Маңғыстаудан басқа облыстардың бәріне тән. 1000 әйелге Қызылорда облысында 1058, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облысында – 1040, Шығыс Қазақстан облысында – 1029, Ақмола облысында – 1026, Жамбыл облысында – 1023, Ақтөбе облысында 1021 ер азаматтан келеді (1). Барлық облыстар бойынша қалалардағы әйелдер саны басым болып, жыныстық арасалмақтағы үйлесімсіздік тереңдей түсуде. Мәселен, 1989 жылы қалаларда ер адамдар тұрғындардың 47,5 пайызын құраса, 1999 жылы 46,7 деңгейіне түсті. 1989 жылы 1000 әйелге 907 ер адам келсе, 1999 жылы 879 ер адамнан келді.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін еліміздің алдына жаңа мемлекеттілік жүйесін қалыптастыру мәселесі қойылды. Осы орайда құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам құру, ұлт және ұлттық идея, этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынас мәселелері өзекті зерттеу тақырыптарына айналды. Өйткені Қазақстан сияқты полиэтникалық мемлекетте аталған мәселелерді біржақты шешу мүмкін емес.

Бүгінгі күні Қазақстанның 140-қа жуық этнос өкілдерінен тұратын 15 миллионнан астам халқы бар. Қазақстанның этникалық құрамы белгілі бір уақыттарда әр түрлі себептерге байланысты айтарлықтай өзгеріске ұшырап отырғандығы мәлім. Мәселен, 1990-жылдары посткеңестік мемлекеттерде миграция процесі өте күшті болды. Өйткені КСРО құлаған соңғы уақытта бұрынғы Одақ құрамында болған республикадағы басқа ұлт өкілдері өздерінің этникалық Отанына қайтуға мүдделі болды, әрі соған мүмкіндік алды. Мұндай жағдай көпұлтты Қазақстанда да айрықша байқалды. Мәселен, 1991 жылы республикаға сырттан 170 787, оның ішінде ТМД елдерінен 161 738, ал ТМД-дан басқа мемлекеттерден 9 049 адам келсе, 228 437 адам, оның 150 731-і ТМД-ға, 77 692 адам ТМД-дан басқа елдерге кеткен болатын.

Осы мәселеде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың рөлі өте зор. Өйткені Елбасы «қазақстандық ұлт» қалыптастырудың негізгі бастамашысы және оны жүзеге асырудың нақты жолдарын айқындаушы тұлға

болып табылады. Әрине бұл мәселе қысқа уақыттың ішінде және оңай шешілетін мәселе еместігі айдан анық. Сондықтан Елбасы бастамасымен бұл мәселе бірнеше кезеңдер бойынша жан-жақты қарастырыла отырып, жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, 1996 жылы сәуірде өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының III сессиясында Елбасы республикада азаматтық ортақтық құру мәселесін көтерген болатын. Ал 1997 жылы маусымдағы ҚХА IV сессиясында Президентпен жаңа қазақстандық азаматтықты қалыптастыру ең маңызды саяси мәселелердің бірі ретінде аталып көрсетілген еді. ҚХА VII сессиясында «қазақстандықтар қалыптастыру», ал кейінгі жылдары бәсекеге қабілетті қазақстандық ұлт қалыптастыру мәселесі қойылуда.

«Қазақстандық ұлт» терминін этникалық жағынан емес, азаматтық тұрғыдан түсіну қажет. Мәселе еліміздің бір азаматтық ортақтығы турасында», - деген Елбасының айтқаны бұл мәселеде ешқандай түсіндіруді қажет етпейді. Десек те бұл арада бір-ақ мәселені ерекше атап өту қажет, бұл «қазақстандық ұлт» тек қана қазақ ұлты негізінде қалыптаса алады.

140-қа жуық этнос өкілдері тұратын еліміз үшін тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтаудың, этносаралық келісім мен татулықты дамытудың маңызы аса зор. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарынан бастап-ақ Елбасының бастамасымен елімізде ұлтаралық қарым-қатынастарды реттеу, үйлестіру жұмыстарымен айналысатын арнайы ұйым құрудың жолдары жан-жақты қарастырылды. Осындай ізденістердің нәтижесінде 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы кеңесші орган ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Қазіргі таңда ҚХА – Қазақстандағы тұрақтылық пен тұтастықты берік сақтаудың маңызды тұғырларының бірі.

Қазақстан халқы Ассамблеясының құқықтық мәртебесінің артуына Елбасының қосқан үлесі зор. Мәселен, 2007 жылы Қазақстан Республикасы Конституциясына енгізілген түзетулер бойынша Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісіне Ассамблеядан 9 депутат сайланды. 2008 жылы 20 қазанда Президент «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңға қол қойғаны мәлім.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев Ассамблеяның XIV сессиясында сөйлеген сөзінде Ассамблея қызметінің басты қағидалары қатарында:

- Қазақстандағы этностық, конфессиялық, мәдени және тіл ерекшеліктерін;
- этностардың мәдениеті мен тілдерін дамытуға мемлекет тарапынан жасалып жатқан жағдайларды;
- сондай-ақ, қазақ ұлтының толеранттылығы мен жауапкершілігін;
- қазақ этносының ынтымақтастықты нығайтудағы рөлін;
- Қазақстан халқының бірлігін атап көрсеткен еді.

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7,8,9,11,19,20];

Қосымша әдебиеттер: [26,27,28,29,32, 41,44,46,47,48];

Ғаламтор көзі: [49,50,51,52,53,55,56,59,60,61,66,71]

12 дәріс тақырыбы. Рухани жаңғыру және қоғамдық-саяси дамудың келешегі.

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси өмірін демократияландыру және жаңарту.
2. Қазақстандық бірегейлік пен бірліктің іргетасы – мәдени, этностық, тілдік және діни әралуандылыққа негізделген жалпыұлттық құндылықта.
3. Қазақстан Республикасының жастар саясаты және рухани жаңғыру бағыты.

Дәріс тезистері:

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялағаннан бергі уақытта құқықтық мемлекет құру, қоғам өмірінің экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістер енгізу, нарықтық экономиканы, көппартиялылық жүйені қалыптастыру, қоғамдағы көптеген демократиялық және құқықтық институттарды нығайту салаларында елеулі нәтижеге жетті.

Қазақстанда ұлттық саяси-құқықтық жүйені негіздеудің ерекше үдерісі 1990 жылдың басынан басталды. Ең алғаш заңдық негізде «құқықтық мемлекет» термині - 1993 жылы қабылданған Конституцияның кіріспе бөлімінде тәуелсіз мемлекетті негіздеу мақсатында Қазақстан халқының құқықтық мемлекет құруға ұмтылысы ретінде айқындалды.

Құқықтық мемлекеттің негізгі принциптерінің, ерекшеліктерінің бірі-барлық құқықтық актілердің мемлекеттің негізгі заңы – Конституцияға сәйкес болуы. 1991 жылы 16 желтоқсанда қабылданған «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Заң Қазақстан Республикасының егемендігін заңды түрде бекітті. Бұл заңның құрылымы және мазмұны тәуелсіз Қазақстан дамуының ең алғашқы кезеңдерінің мемлекеттік және қоғамдық қатынастарының реттелуіне сәйкес келді.

Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде дамуының жаңа кезеңі егеменді Қазақстанның қажеттіліктеріне жауап бере алатын Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамызда осы екінші Конституциясының қабылдануымен сипатталады. Ол Конституцияның негізінде құқықтық мемлекетке бастау болған демократиялық дамуды бекіткен конституциялық заңдар қабылданды. Мемлекеттік-құқықтық жүйені түбегейлі өзгерткен реформалар жүргізіліп, қазіргі күндегі мемлекетті басқару жүйесі қалыптасып, жұмыс істей бастады.

Жалпы алғанда, Қазақстанда құқықтық мемлекет құрудағы ең негізгі жетістіктердің бірі 1995 жылы қабылданған Конституцияда биліктердің тармақтарға бөлінуінің демократиялық принципінің бекітілуі болып табылады. Бұл қағидат Конституцияның 3-бабының 4-тармағында былай деп көрсетілген: «Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың

тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады».

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен 2002 жылы 20 қыркүйекте бекітілген Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының тұжырымдамасы Қазақстандағы құқықтық мемлекетті қалыптастыру жұмысын жеделдету және жетілдіруге қуатты серпіліс берді.

Бүгінгі күні Қазақстан халқы өз алдына құқықтық мемлекетті негіздеп әрі жетілдіруді биік мақсат етіп қойып отыр. Бұл мақсатқа оңай жолмен жету мүмкін емес екені анық. Қазақстан Республикасы Президенті атап өткендей: «Ең алдымен, конституционализм дегеніміз – құқықты мемлекеттің басы, өйткені, ол енді абсолютті емес, бірақ әлі жан-жақты дамымаған. Мемлекетті конституцияландыру оны бастапқы ұйымдастыру көрінісі іспетті, ал мемлекеттік органдардың жанды тініне және қоғамның күнделікті өміріне конституциялық-либералдық ережелер мен нормалардың әрі қарай дендеп енуі құқықты мемлекет пен азаматтық қоғамға жол тарту болып табылады. Құқықтық мемлекет – бұл тұрақты конституциялық құқық тәртібінің нәтижесі. Азаматтық қоғам – экономикалық еркіндіктер мен либералдық-демократиялық тәртіп негізінде, кеңестік кезеңдегі көзі ашық авторитаризм элементтерімен болса да, жеке тұлғаның дербестігін орнықтыру және қоғамның өздігімен реттелу салдары. Осыған байланысты айрықша айтарым, Қазақстаннан жоғары дәрежеде дамыған елдердегідей сияқты конституционализм жағдайына көзді ашып-жұмғанша көшуді талап ету әділетсіздік болар еді».

Қазақстан Республикасы бүгінгі таңда конституциялық-құқықтық дамудың жаңа кезеңінде өмір сүріп отыр. Халықаралық талаптарға сәйкес жүргізілген конституциялық реформалар қоғамдағы саяси күштер мүмкіндіктерінің заңды консенсусы ғана емес. Ол жеке тұлға, қоғам және мемлекет арасындағы қолайлы қатынастарды орнықтыруға қызмет етеді. Азаматтық қоғам – құқық және мемлекет тарапынан қорғалатын, қоғам мен мемлекеттің және оларға әсерін тигізетін, мемлекет тарапынан құрылатын қоғамдық құрылымдардың өміріндегі мәселелерді шешуге белсене қатысатын, жеке бостандыққа ие экономикалық тәуелсіз адамдардың қоғамы.

Тәуелсіздік алған алғашқы кезеңде бірнеше ұлт пен бірнеше дін қатар өмір сүретін Қазақстанда ұлтаралық және дінаралық қақтығыстар тұтанып кетуі әбден мүмкін еді. Өкінішке орай, посткеңестік мемлекеттерде өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында этникалық қайшылықтар негізінде туындаған қақтығыстар әлі тоқтатылған жоқ. Бұған Молдовадағы Приднестровье, Ресейдегі Шешенстан, Әзірбайжандағы Таулы Қарабақ, Грузиядағы Абхазия, Оңтүстік Осетия мәселелері дәлел.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев мемлекетіміз тәуелсіздікке қол жеткізген алдыңғы жылдардан бастап, біздің көпұлтты еліміздегі татулық пен келісімді сақтауға, дамытуға, қауіпсіздігі мен бейбітшілігін қорғауға бар күш-жігерін салып, этносаралық және конфессияаралық тұрақтылық пен ынтымақты, келісім мен тыныштықты сақтау ісіне жіті көңіл бөліп келеді. Елбасы өзінің Қазақстан халқына арнап жасайтын жылсайынғы Жолдауларында да үнемі бұл мәселеге қатысты ой-

пайымдауларын білдіріп, маңызды ұсыныстар жасайды. Елбасымыз өзі бас болып жүргізіп отырған көреген саясатының арқасында тәуелсіз елімізде сенімі мен көзқарасы әралуан сан ұлт пен ұлыстың, мақсат-мүдделері ортақ, тату-тәтті, береке бірлікте өмір сүруде. Нәтижесінде, Қазақстандағы этникалық үйлесімділік бүгінгі күні әлемге танылған, жетекші дамыған мемлекеттермен жоғары бағаланып, мойындалған және тәжірбие аларлықтай үлгіге айналды.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың елімізде дін мәселесінің оңды шешілуіне және де осылайша бүкіл әлемге Қазақстанның бейбітшілікті сақтаушы мемлекет болып танылуындағы еңбегі аса зор екендігі көпшілікке аян. Осы орайда Елбасы: «...Бізге төзімділік немесе діни фанатизм жат. Бұл рухани дәстүр, бұл қандай шеңберде болмасын Құдайдың Сөзіне деген ғашықтық. Бұл Қазақстандағы конфессияаралық келісімнің ең маңызды негіздерінің бірі. Біз әлемге өзіміздің толеранттылығымызбен, ұлтаралық, конфессияаралық келісім мен диалогты сақтауымызбен танылдық. Біздің еліміздің өскелең дүниетанымдық әлеуеті бұдан ары қарай да сақталуға, дамуға тиіс», - деп дін мәселесінде аса сақтық таныту қажеттігін қашанда болсын баса көрсетеді.

2006 жылдың 28 маусымындағы №593 Қазақстан Республикасының Қаулысымен «Қазақстандық этникааралық және конфессияаралық келісім үлгісін жетілдіру бойынша» арнайы Бағдарлама қабылданған болатын. Әрине, бұл құжат елімізде ұлтаралық қарым-қатынасты нығайтуда және Қазақстан халықтары арасындағы келісім мен татулықты бекіте түсуде ұйымдастырушы, үйлестіруші басты құжат болды десе де болады.

2008 жылы 6 ақпанда Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Елбасы Қазақстан Республикасында одан ары қарай қоғамдық тұрақтылықты қамтамсыз етуде, ұлтаралық келісімді барынша нығайта түсуде және қазақстандық бірегейлік пен Отанына деген сүйіспеншілік қалыптастыруда Қазақстан халық Ассамблеясының рөлін ерекше атап көрсеткен болатын. Қазақстанның этникалық құрамында жүз қырыққа жуық ұлт өкілдері бар екендігі аян. Сондықтан мемлекеттің саяси тұрақтылығы мен бейбіт өмір кепілдігі- этносаралық келісім мен татулық.

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттілігі мен саяси тұрақтылығының басты тұғыры – ұлтаралық және дінаралық келісім болып табылады. Бұл әсіресе республика тұрғындарының этникалық құрамын ескерсек, өте маңызды. Осы себепті көпұлтты республикада келісім мен татулықтың тұрақты болуы аса қажет. Әрі бұл үрдіс Қазақ қоғамында бүгін ғана пайда болған құбылыс емес. Мұның тамыры тереңде ата-баба дәстүрінде жатыр. Мәселен, қазақ халқы қашан да болсын елдікке, соның ішінде ел берекесінің тұрақты болуына аса мән берген. Ата-бабамыз: «Бірлік бар жерде тірлік бар» деп ынтымаққа шақырып қана қоймай, «Бірліксіз ел тозады, бірлікті ел озады» дегенді де ескертеді. Сан ғасыр бойы мәңгілік жалғастығын тауып келе жатқан қазақ халқындағы осы бір қасиетті үрдіс бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның да басты қағидасына айналды. Ол – Қазақ елі тәуелсіздігінің мәңгі мұқалмастығының негізі.

Жастар – келешегіміздің негізі ретінде өз білімімен, жасампаз еңбегімен және күш-жігерімен өз болашағын құрудың жаңа мүмкіндіктерін алу

қажет. Ол ХХІ ғасырда Жаңа Қазақстанның – дамыған, бәсекеге қабілетті және әлемдегі сыйлы мемлекетті қалыптастыруды белсенді жалғастыруы қажет.

Жастар саясатын жүзеге асыру елді жаңашылдыққа, интеллектуалды бәсекелестікке жетелейді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: «кез-келген ел өз келешегін болашақ ұрпағымен байланыстырады», - деген болатын. Сондықтан жастар қоғамның бір бөлігі ретінде мемлекетте маңызды рөл атқарады. Қазақстан Республикасының Президентінің №73 жарлығымен 2009 жылдың 28-ші тамызында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты» туралы концепциясы бекітіліп бүгінгі күнге дейін жастар мәселесін шешетін негізгі құжат болып келеді. Қазақстан Республикасының Үкіметінің қолдауымен осы концепцияны жүзеге асыруда 2010-2012 жылдарға «Қазақстан жастары» атты нақты бағдарлама қабылданды. Басым бағыттарға ең бірінші азаматтылық пен патриотизмді дамытуға, жастардың рухани-адамгершілік қасиеттерін жоғарылатуға көп орын берілген.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 29 мамырдағы №76 өкімімен ауыл жастарының дамуына жағдай жасау және қолдау мақсатында 2009-2011 жылдарға арналған «Ауыл жастары» жалпы ұлттық бастамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілген. 2009-2011 жылдарға арналған «Ауыл жастары» жалпы ұлттық бастамасының іске асуына бағытталған қаржының жалпы көлемі - 10 млрд. 738 млн. теңге, соның ішінде 2009 жылға – 2 млрд. 806 млн. теңге, 2010 жылға – 3 млрд. 379 млн. теңге, 2011 жылға – 4 млрд. 552 млн. теңге.

Бүгінгі таңда Елбасының қолдауымен мемлекеттік жастар саясаты концепциясы бекітіліп, барлық облыстарда жастар саясаты бағдарламасы қабылданып, үкіметте және жергілікті басқару органдарының ішінен жастар ісі бөлімі ашылып, жұмыс істеуде. Мәселен, осындай бағытта бекітілген «Қазақстан жастары –2009» бағдарламасы жеті бағытты қамтыған: жастардың еркіндігі мен құқығын қорғау; жас азаматтардың жан-жақты білімі мен тәрбиесі; әлеуметтік-экономикалық қолдау мен қамтамасыз ету; жастардың денсаулығын қорғау; жастардың адамгершілік-мәдени және рухани қалыптасуы; жас отбасыларды қолдау; жастар саясатының инфрақұрылымын дамыту.

Мемлекеттік жастар саясатының мақсаттары, міндеттері және принциптері

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты жастардың рухани, мәдени, білім алуы, кәсіби қалыптасуы мен дене тәрбиесін дамытуы үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайлар мен кепілдіктер жасау, бүкіл қоғам мүддесі үшін олардың шығармашылық әлеуетін ашу мақсатында жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының міндеттері: жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау; жастарға көмек беру және әлеуметтік қызметтер көрсету; жастардың әлеуметтік маңызды бастамаларын іске асыру болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты: ерекше әлеуметтік-демографиялық топ ретінде жастардың мүдделері мен қажеттіліктерін тану; Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени құндылықтарының басымдылығы; тән саулығын сақтау және нығайту; адамгершілік және рухани даму; қазақстандық патриотизмді қалыптастыру; азаматтықты қалыптастыру; жастардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыру; жастардың проблемаларын шешудегі жүйелілік пен кешенділік; мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен іске асыруға жастардың тікелей қатысуы принциптеріне негізделеді.

Жастар саясатының басты басымдылықтарын іске асуының негізгі құжаты болып табылатын «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының концепциясы» қабылданды. Концепция тәуелсіз мемлекеттік жастар саясатының жаңа приоритеті мен стратегиясын анықтап берді. Қазақстанның мемлекеттік жастар саясатының басты мақсаты - жас буынның өсіп-өркендеуі мен азаматтық қалыптасуы үшін құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайларды жасау және бекіту, асыру үшін келесі мақсаттар бөлініп көрсетілді:

1. Жастар патриотизмінде жастардың қоғамы және рухани дамуын қамтамасыз ету.

2. Жастардың еңбек, білім және денсаулығын сақтау саласында әлеуметтік құқықтарын қорғау.

3. Жастардың әлеуметтік–экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдайлар жасау.

4. Жастардың рухани және материалдық дамуы үшін жағдайлар жасау.

5. Жастар қоғамдағы инициативаларын ынталандыру және қолдау.

6. Қазақстан жастарын халықаралық мәдени, экономикалық, ғылыми және білім беру процесстеріне тарту.

2001 жылмен салыстырғанда жастардың жұмыссыздық деңгейі 4 есеге азайып, 3,8%-ды құрап отыр. Бұл көрсеткіш Еуропа мен ТМД елдерінде шамамен 18%, ал кейбір елдерде 40%-дан асады. Біздің елімізде жастарды жұмыспен қамту мәселесі «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы және басқа да әлеуметтік маңызы бар жобалар арқылы іске асады. Атап айтқанда, «Жасыл ел» жобасы. Оған 7 жылдың ішінде 160 мыңнан астам студент және жұмыссыз жастар тартылды. «Дипломмен ауылға» жобасы бойынша жұмысқа орналасқан педагогтердің саны 1,8 есеге, дәрігерлердің саны 2,7 есеге артты.

Бүгінгі таңда, еліміздегі азаматтық қоғамның дербес, белсенді және жауапкершілігі мол бөлшегінің бірі - жастар. Ел аумағында, 1200-ге жуық жастар ұйымы жұмыс жасап, мемлекет қолдауы арқылы жыл сайын 50 мыңнан астам жастарға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылады..

Елімізде мынадай жастар ұйымдары бар: «Нұр Отан» ХДП жанындағы «Жас Отан» жастар қанаты; «Жасыл ел» ЖЕЖРШ; «Қазақстан Жастар конгресі» ЗТБ; Қазақстан Республикасы Президентінің Халықаралық «Болашақ» стипендиясы түлектерінің қауымдастығы; «Ауыл жастар одағы» ҚБ; «ҚСА» республикалық студенттік қозғалысы» ҚБ; «Ұлттық Дельфийлік комитет» ЖМ; «Қазақстанның жас депутаттар қауымдастығы» РҚБ;

«Студенттік құрылыс жасағы» РШ ЖМ; «Қазақстан Жастар Конгресінің Мемлекеттік қызмет мектебі» ЖҚБ; «Жарқын Болашақ Белесі» ҚБ; «Казбренд» ҚБ; «Астана қаласының жастар мәслихаты» ҚБ; «Жігер» ҚБ; «Қарсы» ЖҚК» ҚБ; «Дипломат» ҚК; «Есірткісіз болашақ» КК; «Ргодвижение» ҚК; «Пікір сайысшылардың республикалық қауымдастығы» ҚБ.

Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасының мақсаты мен міндеттері. Тұжырымдама мақсаты табысты, толыққанды, бәсекеге қабілетті және патриот жас қазақстандықты қалыптастыру болып табылады. Тұжырымдама мақсатына қол жеткізу үшін міндеттерді үш бағытта шешу қарастырылады: 1.Бағыт «Жастардың құндылық-патриоттық бағдарларын қалыптастыру»; 2.Бағыт «Жастардың экономикалық, әлеуметтік, инновациялық және шығармашылық әлеуеттерін дамыту»; 3. Бағыт «Мемлекеттік жастар саясатын институтционалдық қамтамасыз ету».

Осы Тұжырымдама жастар саясатының жаңа үлгісін құру мен дамытуға бағытталған заңнамалық және өзгеде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу үшін негіз бола алады.

Осы Тұжырымдама Ережесі келесідегідей нормативтің құқықтық актілер арқылы жүзеге асады: 1) 2004 жылғы 7 шілдедегі № 581-ІІ «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы; 2) Қазақстанның 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары; 3) Білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; 4) Денсаулық сақтауды дамытудың «Саламатты Қазақстан» 2011–2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; 5) Қазақстан Республикасында дене тәрбиесі мен спортты дамытудың 2011–2015 жылдарға арналған бағдарламасы; 6) Еңбекпен қамту 2020 бағдарламасы; 7) Бизнестің жол картасы — 2020; 8) Аумақтарды дамыту бағдарламасы; 9) «Қол жетімді баспана — 2020» бағдарламасы; 10) Орталық және жергілікті атқарушы органдардың стратегиялық жоспарлары.

Жаңа идеялар жастардың жүрегіне тезірек жол табуы тиіс. Содан кейін оларды жетілдіріп, дамытып келе жатқан Қазақстан болашағының бәсекеге лайықты, басқа елдермен терезесі тең болуына жоғары деңгейде ықпал етуі тиіс. Ұлы бабамыз әл-Фараби: «Өткенді білмесең, болашақты болжау қиын»- демекші, жастар өткенімізді есте ұстап, үлгі ала отырып, келешекке нық қадам басуы керек. Қай кезде болмасын өзінің ерік-жігері, күш-қайраты, білімімен ерекшеленетін қазақ елінің болашағы – жастар. Жас буынның еріктігі – мемлекеттің болашағының негізі.

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7,8,9,11,19,20];

Қосымша әдебиеттер: [29, 41, 46

Ғаламтор көзі: [49,51,52,53,54,55,59,60,61,66,69,71]

13 дәріс тақырыбы. Ұлы Дала еліндегі жаңа тарихи сананы және дүниетанымды қалыптастыру саясаты.

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Отандық тарихты зерделеудегі жаңа тәсілдер.

2. «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы. Оның мақсаты және жүзеге асырудың негізгі бағыттары: рухани және білім беру жүйесін дамыту, мәдени мұраның сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету.

3. Жаңа Қазақстан – ол ұлы істердің ұйытқысы болған Ұлы Дала мұрагері.

Дәріс тезистері:

«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасын Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаев бастауымен құрылған. 2003 жылы мемлекет Басшысы Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның үлкен мәдени мұрасын, мемлекеттік тілде гуманитарлы білім қорын, тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруді, ұлттық әдебиет пен жазудағы көпғасырлы тәжірибені біріктіруді зерттеудегі бірыңғай жүйе қалыптастыруға бағытталған бағдарлама жасауды бұйырды.

Бағдарламаны жүзеге асыру 2004 жылы басталған болатын және екі жылға есептелген. Кейін тағы екі кезең құрылды: 2007 жылдан 2009 жылға дейін және 2009 жылдан 2011 жылға дейін.

«Мәдени мұраның» мақсаты – елдің тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, қалпына келтіру және сақтау, тарихи-мәдени дәстүрлерді қайтару, шет елде Қазақстанның мәдени мұрасын үгіттеу.

Ұлттық мәдениетке ерекше маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру; археологиялық зерттеулер; қазақ халқының мәдени мұрасы саласындағы ғылыми жұмыстар; ұлттық әдебиет пен жазулар тәжірибесін ортақтастыру, кеңейтілген бейне және жұмыс қатарларын құру.

2004 жылдан – бағдарламаны жүзеге асыра бастаған кезден – бастап тарих пен мәдениеттің 78 ескерткішінде реставрациялық жұмыстар бітірілген, олардың 28-і (35%) – 2008-2011 жылдары реставрацияланған.

Біздің тарихымыз туралы көптеген мәлімет беретін ғылымды мыңдаған артефактылармен байытқан 26 ғылыми-қолданбалы, 40 археологиялық зерттеу жүргізілген. Шығыс Қазақстан облысындағы Шілікті мен Берел қорғандарындағы қазбалар, «скиф-сібір аң стиліне» немесе өнерге жататын табылған алтын бұйымдар әлемге әйгілі атақ алды (б.з.д. V-III ғғ.).

Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет еліміздегі ескерткіштердің масштабты инвентаризациясы өткізілді және республикалық (218 нысан) және жергілікті (11 277 нысан) маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерінің тізімі қабылданды.

Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония, Мысыр, Өзбекстан, Армения, сонымен қатар АҚШ пен Батыс Еуропаға ғылыми-зерттеу экспедициялар нәтижесінде 5 мыңнан астам құнды тарихқа, этнографияға, Қазақстан өнеріне байланысты архивті құжаттар, қолжазбалар мен баспа шығарылымдары алынды. 537 кітап бір жарым миллионнан астам тиражбен шығарылды, олардың арасында тарихқа, археологияға, этнографияға, жаңа энциклопедиялық сөздіктерге байланысты қайталанбас сериялар кездеседі.

Орта ғасырлардағы әуендерді терең зерттеулер жүргізілді, оның ішінде күйлер, тарихи өлеңдер. Қазақтың дәстүрлі әндерінің «Мәңгілік сарын:

қазақтың 1000 күй, 1000 әні» антологиясы шығарылды. Сәтті аяқталған шетелдік жобалар – Дамаскідегі Сұлтан Аз-Захир Бейбарс кесенесінің, Каирдегі Сұлтан Бейбарс мешітінің, реставрациясы, Дамаскідегі әл-Фараби тарихи-мәдени орталық және кесенесін салынды.

«Қазақфильм» АҚ киностудиясы ұлттық мәдениеттің маңызды тарихи орындары мен мұралары туралы 20 деректі фильм түсірген. Бұл «Мәдени мұра» «Қорқыт. Күй тарихы», «Номадтардың музыкалық мұрасы», «Ежелгі Түркістан сәулет ескерткіштері», «Жүсіп Ата кесенесі», «Тамғалы петроглифтері» және басқалар циклындағы деректі фильмдер.

Әлемнің 30 іргелі елінің қатарында болуды болжап отырған Қазақ елінің алғашқы қалыптасуы туралы айтулы дата Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өту – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тағылымы мол тарихи шешімі. Бұл тәуелсіздік іргесінің беріктігі ғана емес, ата-баба аманатына деген адалдық пен құрметтің белгісі екені анық.

Біздің ұлттық тарихымызда XV ғасырдың орны ерекше маңызға ие. Осы мерзімде Шу алқабында әлемге атымызды әйгілеп тұрған Қазақ хандығы құрылып 550 жыл толды. Бұл аса айтулы оқиға – асқақ рухымызды аспандатуда, тамырымызбен табыстырып, түбімізді танытуда болашақ ұрпақ үшін өте мәні жоғары. Алып державалармен терезе теңестіре бастаған айбынды Қазақ елінің Ұлы дала төсін бағындырудағы тарихын түгендеудегі ұлық шешімі. Осыған байланысты Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Астана қаласында сөйлеген сөзінде: «Керей мен Жәнібек 1465 жылы алғашқы хандықты құрды, қазақтың мемлекеттілігінің тарихы сол кезден бастау алады. Бәлкім, ол бүгінгі шекарасындағы, бүкіл әлемге танымал әрі беделді осы ұғымның қазіргі мағанасындағыдай мемлекет болмаған шығар. Бірақ бұлай деп, сол кезеңдегі басқа да барлық мемлекеттер туралы да айтуға болады. Ең маңыздысы, сол кезде оған негіз қаланды. Біз бабаларымыздың ісін жалғастырушылармыз» деп баса айтқан болатын.

Дәл сол уақытта мыңдаған ғасырға созылған этникалық үрдістер негізінде қалыптасқан қазақ халқы төл мемлекетін құрды. Тәуелсіздікпен дербестікті сақтап қалудың алғашқы қатал сынақтарына төтеп беріп, халықтың санын, аумағын нығайтудың іргетасы осы кезеңде қаланды. Сондықтан да Елбасы осы мерзімге ерекше мән беріп, ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан Қазақ хандығының 550 жылдығын лайықты атап өтудің жаңа қазақстандық патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие екенін меңзеді. Ең бастысы, Президенттің Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлау бастамасы «Мәңгілік ел» идеясының ұлттық идеялогияға айналғандығын аңғартты.

Жаңа қазақстандық патриотизм – түсіне білген адамға Мәңгілік ел болуға қадам басқан лепке жаңаша ойлау мен инновациялық лек беретін ұстын! Бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, үлес қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа қиянат жасамай аманаттау. Бұл нақ «Мәңгілік ел» идеясының басты қағидаты Отанды шексіз сүйу болмақ.

«Мәңгілік ел» идеясының мәні тым тереңде жатыр. Оны барша жұртқа Елбасының өзі түсіндіріп бергені есімізде. Мәселен, осыдан 13 ғасыр бұрын

Тоныкөк абыздың «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік ел» деп өсиет қалдыруы алған бағытымыздың оң екенін дәлелдейді. Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін – елдің бірлігі. Ауызбірлігі жоқ, алтыбақан алауыздық орнаған елде жалпыұлттық идеялар ешқашан жүзеге аспақ емес. Міне, осыны терең түсінген Елбасы Н.Назарбаев халық алдына «Мәңгілік ел» идеясын ұсынып, оны жүзеге асыру тетіктерін «Қазақстан – 2050» стратегиясы арқылы көрсетіп беріп отыр. «Нұрлы жол» бағдарамасымен айқындап, 5 институттық реформаны іске қосатын «Жүз қадам» Ұлт жоспары бағыттарымен бағдарлады. Өйткені «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы – қазіргі қазақ ұлтының мақсат-мүддесіне және Қазақстанды ортақ Отан еткен ұлыстардың ұлттық идеяларына негізделген жасампаз идеология. Өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы басты мұратымыз.

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7,8,9,11,19,20];

Қосымша әдебиеттер: [29, 41, 45,46

Ғаламтор көзі: [49,51,52,53,54,55,56,57,58,59,60,61,62,64,66,69,71]

14 дәріс тақырыбы. Қазақстан – замануи әлем мойындаған ел.

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Әлемдік қауымдастықтың Қазақстанның егемендігін тануы, оны БҰҰ - на қабылдауы.
2. Қазақстанның Батыс-Шығыс мәдениаралық және өркениетаралық диалогты дамытуға қосқан үлесі.
3. Н. Назарбаевтың «Әлем. XXI ғасыр» манифесінің негізгі қағидалары.

Дәріс тезистері:

1992 жылдың қаңтарында діни бостандық жөніндегі заң қабылданған соң мемлекет аумағына осыған дейін ел тұрғындарына беймәлім болып келген жаңа дәстүрлі емес діндер ене бастады. Олардың кейбіреулері деструктивті мақсаттарды көздейді. Заңнаманың жеңілдігі және жергілікті халықтың мейірімділігі радикалды діни және экстремистік идеялардың таралуының жақсы негізі бола алады. 2011 жылдың 1 қаңтарына мемлекетте 4551 діни бірлестік жұмыс жасаған болатын. 2012 жылдың 25 қазанында аяқталған қайта тіркеуден кейін олардың саны 3088-ге дейін қысқарды.

Қазақстан елдің ішіндегі конфессионалдық тұрақтылықты сақтау және нығайтумен қатар, әлемдік бейбітшілікті орнатуға деген өз үлесін қосып отыр. Оған осыған дейін төрт рет Астанада өткізілген дүниежүзілік дәстүрлі діндер басшыларының съезі мысал бола алады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен 2003 жылғы 23-24 қыркүйекте Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің I Съезі өтті.

Алғашқы дінаралық форумның жұмысына ислам, христиандық, иудаизм, синтоизм, индуизм және буддизмнің аса беделді өкілдері қатысты.

Аса қадірлі қонақтар ретінде Сауд Арабиясы Королінің арнайы өкілі - Ә.Әл Аш-Шейх, Египет Президентінің арнайы өкілі, Уақыфтар Министрі - М.Закзук, Японияның бұрынғы Премьер-Министрі Ц.Хата, БҰҰ Бас хатшысының арнайы өкілі В.Сотиров сияқты белгілі саясаткерлер қатысты.

2006 жылғы 12-13 қыркүйекте Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің II съезі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың төрағалығымен жаңа арнайы салынған Бейбітшілік және келісім сарайында өтті. Іс-шараға 25 діни лидерлер (оның ішінде 7 ислам өкілдері, 7 христиандық өкілдері, 4 буддизм өкілдері, 2 иудаизм өкілдері, синтоизм, даосизм, индуизмнен 1 өкілден және 2 халықаралық діни ұйымдардың басшылары) және Еуропа, Америка, Азия, Африка және Таяу шығыстың 26 мемлекетінен келген 14 құрметті қонақтары қатысты. Барлығы 160 адамды құрады. Астанаға бірінші рет Ливия, Таиланд, Армения, Оңтүстік Корей делегациялары, сонымен қатар АҚШ пен Швейцарияның халықаралық діни ұйымдарының басшылары келді. Қадірлі қонақтар ретінде Форумға белгілі саясаткерлер, халықаралық ұйымдар және мемлекет басшылары қатысты.

30-31 мамыр 2012 жыл. Астана. Бейбітшілік және келісім сарайында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының IV Съезі өз жұмысын бастады.

Қазақ елінің астанасында осымен төртінші мәрте ұйымдастырылып, өткізіліп отырған алқалы жиынның тақырыбы «Бейбітшілік пен келісім - адамзаттың таңдауы» аталып, онда төрт секциялық отырыс өткізілді. «Орнықты дамуға қол жеткізуде дін басшыларының рөлі», «Дін және мультимәдениеттілік», «Дін және әйел: рухани құндылықтар және заманауи қатерлер», «Дін және жастар» деген тақырыптардағы ұсынылатын талқылаулар бүгінгі күнгі қоғамдағы өзекті мәселелер болып табылады.

«Мәңгілік ел» идеясын қайта жаңғырту арқылы Қазақ мемлекеті өзін баяғы Ұлы дала империясының мұрагері ретінде көне мемлекеттің дәстүрін жалғастырушы екенін анық байқатты. Елбасы айтпақшы, Ұлы дала елі санатында дүниені тітіреткен көшпенділер рухы мен өркениетін айдай әлемге жариялап отырмыз. Ұлы даланың жалаңтөс рухымен қалыптасқан, Керей мен Жәнібектің Қазақ хандығын құру идеясымен астасқан, әз-Тәуке, Абылай секілді ел басқарушы хандардың арманымен сабақтасқан, бүгінгі Елбасының бастамасымен жаңа ойлау арқылы қайта түлеген «Мәңгілік ел» ұлттық идея-сы – Қазақстанды дүние жүзіне танымал мемлекетке айналдырды. «Тәуелсіздікті сақтап тұру қол жеткізгеннен де өте қиын» деп Тұңғыш Президентіміз айтқандай, ендігі міндет – егемендігіміздің қадіріне жете білу, оны бағалау аса қажет. Бұл үшін – біртұтастық, бірлік және тарихи тамырымызды танып білуіміз керек. Оған қатысты Елбасының «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек» дегені бар. Осы орайда, Қазақ хандығының 550 жылдығы секілді шаралар үздіксіз жүргізілгені болашақ жастар үшін биік мұрат болар еді.

Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлау барысында, Керей мен Жәнібек хандардың ескерткішін салтанатты түрде ашқан Н.Ә. Назарбаев «Біз бүгін Қазақ хандығының 550 жылдығын салтанатты түрде атап өтудеміз. Осы арқылы біз

қазақтар мен осы жердің тарихының тамыры өзге халықтардікі секілді тереңде жатқандығын айтамыз. Сонымен бірге бұл атаулы мерейтойды біздің елімізде тұрып жатқандардың барлығы атап өтуде, яғни бірыңғай халық, бауырлас болып отырған кез келген этникадағы біздің азаматтар мерекелеуде және біз бір-бірімізді жақсы түсінеміз. Бүгінде «Мәңгілік ел» және «Ұлы дала» түсініктері біздің тұрақты дамудың, мемлекетіміздің синонимдері болып табылады» деді. Бүгінде Ұлы дала империясының мұрагері – мәңгілік Қазақстан сол ата-баба салған дала демократиясы сара жолымен дамып келеді. Үлкенге құрмет, кішіге ізет ұстанымымен, қысылғанға жота, қиналғанға пана болып, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығарып отыр.

Ел бірлігі арқылы Тәуелсіздік туы көтерілді. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасы бойынша отандық тарих ғылымын реформалау бойынша жүйелі қадамдар қолға алынды. 1991 жылы 12 қарашадағы Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің қаулысы негізінде құрылған Жоғарғы Кеңестің арнаулы комиссиясы құпия құжаттарды ашу және оларды зерделеу жұмыстарын бір мезгілде жүргізді. Елдің рухани өмірі, қазақстандықтардың интеллектуалдық құндылықтары, жалпы, Қазақстан тарихы үнемі Мемлекет басшысының назарында болды. Қазақстан тарихшылары академик М.Қозыбаевтың жетекшілігімен зерттеу жұмыстарын жүргізгенін жақсы білемін. Сол тұста аға буын өкілдері К.Ақышев, К.Нұрпейіс, Х.Арғынбаев, Ж.Қасымбаев, О.Исмағұлов, У.Шәлекенов және басқалардың монографиялары жарыққа шыққан болатын.

Мектептер мен жоғары оқу орындары оқулықтарын шығару жолға қойылды. «Қазақстан тарихының» бес томдығын шығару қолға алынып, оның үш томы академик М.Қозыбаев тұсында даярланып, баспадан шықты. Әртүрлі өзекті тақырыптар бойынша ауқымды конференциялар өткізіліп, тарихтағы «ақтаңдақтар» беті ашылды. Зерттеу жұмыстарының жүйелілігі үшін бағдарлама қабылданды. Отандық тарих ғылымының қысқа мерзімде өткен оқиғалар жөнінде ғылыми ой қорытындысын жасау қиын болмағандықтан да, реформалаудың қажеттілігі туындады.

Екінші жағынан, ғылымды жаңаша жаңалықтар, жаңа ақпараттық технологиялар алға жылжытып, зерттеу жұмысының тіпті де жаңа методологиясын талап етті. Бұрын тарих ғылымы партия органдарының қысымымен жүргізілді. Бұл жерде қоғамның рухани өмірін дамытуға үлес қосқан С. Асфендияров, М.Тынышпаев, Е.Бекмаханов, Б.Сүлейменов, М. Әуезов, Қ.Сәтбаев және басқа ғалымдардың қуғын-сүргінге түскенін еске алуға болады. Тәуелсіздік алған соң, мүлде басқаша. Мемлекет ғалымдарға көмек қолын созды. Қоғамтанушыларға ешқандай идеологиялық шектеулер қойылған жоқ, керісінше, толықтай және ауқымды зерттеу жүргізуге мүмкіндіктер тудырып отыр. Мысалы, ел Президентінің тікелей бастамасымен «Мәдени мұра», «Ғылыми қазына» сияқты ірі мақсатты бағдарламалар қабылданды. «Халық тарих толқынында» ең ауқымды мақсатты бағдарлама болды. Қазақстан Республикасының ұлттық тарихын зерттеу бойынша ведомствоаралық жұмыс тобының отырысында қабылданған міндеттер аясында еліміздің 59 жоғары оқу орнында Қазақстан тарихы кафедрасы ашылып, іске

қосылды. Әдістер мен зерттеу методологиясын жаңғырту міндеті қойылған оқу-әдістемелік орталықтар қайта ашылды. Гуманитарлық ғылымды реформалау ісінде Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқынында», «Әлем орталығы» сияқты іргелі жұмыстары зор рөл атқарды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де Орталық Азияның дәстүрлі мәдениетін зерттейтін арнаулы орталық ұйымдастырылды.

Археологтардың еңбектері табысты болды. Оған олардың Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Батыс Қазақстан облыстарында «Алтын адамды» табуы және зерттеуі мысал бола алады. Аймақтағы ежелгі қоныстар, ортағасырлық қалалар мәдениеті мен архитектуралық ескерткіштерді зерттеу жұмысы жалғасын табуда. Қазіргі кезеңде тарихты теориялық пайымдау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ежелгі кезең мен орта ғасырлар тарихының объективті және толық көрінісін жасау мақсатында 2013-2014 жылдары республика тарихшылары Иран, Түркия, Ұлыбритания сияқты шетелдердің мұрағат орталықтарында жұмыс атқарды, бағалы материалдар мен қолжазбалар табылды. Қазіргі кезеңде табылған материалдарды сараптау мен зерттеу бойынша жұмыс жүргізілуде. Көп томдық Қазақстан тарихы бойынша тарауларды жасау мен жазу қолға алынды. «Назарбаев Университет» базасында жас ғалымдардың қатысуымен популяциялық генетика зертханасы құрылды және жұмыс атқаруда.

Жалпы, тарих ғылымы жаңғыру кезеңінде. Мысалы, мамандандырылған «Қазақстан тарихы» веб-порталы жақсы жұмыс істеуде, аккаунттар (Facebook) ашылды және ғылыми-зерттеу институттарының веб-сайттары тұрақты тәртіп бойынша жүреді. Осы кезеңде ұлттық тарихтың басты кезеңдері, ежелгі қоныстар мен ортағасырлық қалалар бойынша визуалды өнімдер эфирге шығарылды. «Мәңгілік Ел» журналы қоғамдық ортада танылды және жүйелі түрде шығарылып тұрады.

Ұлттық идея мәселесі бүгінде барлық посткеңестік мемлекеттер үшін маңызды болып отыр. Бүгінде қоғамымызда «мемлекетіміздің болашақ даму бағытына қатысты ұлттық идея мен мемлекеттік идеология қандай болуы?» тиіс деген пікірталастың жүріп жатқандығын аңғаруға болады. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мен қоғамда: «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік ел» идеясы», – деген еді.

Әдетте, «идея» (грек. идея – түсінік, елес, бейне) – теориялық жүйенің, логикалық құрылымның, соның ішінде дүниетанымның негізінде жатқан анықтаушы түсінік мағынасында қолданылатын философиялық термин. XVIII ғасырдағы немістің классикалық философиясының негізін салушылардың бірі – И.Канттың тілімен айтсақ: «Адам білімінің қайсыбірі болмасын, түйсіктен басталып, түсінікке ұласып, идеямен аяқталады». Осы бір қарапайым сөз тіркестері «идея» түсінігінің мәнін және қалыптасу жолдарын қысқаша түрде нақты бере алады.

Нормативтік құқықтық актілер: [1,2];

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14,15,16,17,18,19,20];

Қосымша әдебиеттер: [29, 41, 45,46

Ғаламтор көзі:[49,51,52,53,54,55,56,57,58,59,60,63,64,65,66,67,68,69,70,71]

15 дәріс тақырыбы. Н.Ә. Назарбаев – тарихтағы тұлға. Ортақ болашағы бар ұлттың қалыптасуы.

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Бірінші Президенттің бастамалары мемлекеттің жаңғыру жолында.
2. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың "Ұлт жоспары – қазақстандық арманға жол" мақаласы - қазақстандықтар үшін қуатты іс-әрекет көзі және болашаққа ынталандырушы.
3. "Мәңгілік ел" - бабалардан мұраға қалған тарихпен суарылған қазақ халқының арманы.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «XXI ғасырдағы жаһандық тұрақты дамудың энергоэкологиялық стратегиясы» кітабы.

Дәріс тезистері:

«Мәңгілік ел» идеясының тарихи негіздері 2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кезекті халыққа жолдауын: «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат –Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті», - деп бастады. Бұл орайда елең еткізген жаңалық – тұңғыш мемлекеттік ресми идеология, яғни «Мәңгілік ел» идеясының жариялануы.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты 2015 жылға арналған Қазақстан халқына Жолдауында: «Мәңгілік ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгі ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді», деп қадап айтты. Бұл – Қазақстан Республикасының ұлттық идеясынан келген түйін-тұжырым. Мәңгілік ел отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асу. «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады. Түркі тарихын, көне түркі мұраларын зерттеуші филология ғылымдарының докторы, профессор Қаржаубай Сартқожаұлының «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналында: «Мәңгілік ел – түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк (Тұй-ұқық) негізін қалаған идея...» – екендігін жазған. Елтеріс Құтлық қаған екінші Түрік қағанатын

құрғаннан кейін Тоныкөк «Мәңгілік ел» идеясын қолға алды. Мәңгілік ел – мақсаты түрік елінің билігі деп осыдан 13 ғасыр бұрын мәңгілік идеясын ұсынған. Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс шеңберін жасап, мәңгілік ел саясатын Көк Түріктер іске асырды.

Көне түркілердің «Мәңгілік ел» идеясы үш негізден тұрады: оның біріншісі – көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел» идеясы, екіншісі – Әл-Фарабидің «Қайырымды қалада» философиялық шығармасында, әсіресе, бұл идеяның теориялық-методологиялық тұрғыдан тиянақталуы және үшіншісі – Жүсіп Баласағұнның осы идеяны негіздеген «Құтты Білік» дастаны. Тоныкөк ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дана бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйытқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Түркі халқының елдігінен айырылып, қағансыз қалып, тағы да басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін елдің басын біріктіру шаралары, яғни «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түркі елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені» паш етіледі. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгілік ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үндесіп тұр. Әл-Фараби ежелгі грек философиясы мен шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі дүниесінің «Мәңгілік ел» философиясының теориялық негіздемесін жасап берді. Ғалым «Мәңгілік ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат» шығармаларында баяндайды. Бақытқа жету жолында адамдардың арасындағы қайырымдылық пен түсінушілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлім – Әл-Фарабидің тұтас әлеуметтік-саяси теориясының ажырамас бір бөлігін құрайды. Мемлекет пен қоғамның кемелденуі туралы әлеуметтік-саяси теориясында мемлекет басқарушылары мен сол қоғамда өмір сүретін адамдардың да ұстануы тиіс мемлекетті басқарудың императивтері мен механизмдері көрсетілді. Сондықтан, бұлардың бәрі қазіргі таңда түркітілдес мемлекеттердің ұлттық құндылықтары ретінде саналуы тиіс. Фараби мемлекеттің міндетін және оның ішкі және сыртқы міндеттерін толық анықтап береді. Сыртқы міндеті ретінде мемлекеттің қайырымды қала тұрғындарын немесе мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау, яғни күшті қорғаныс ұйымдастырумен жүктеледі. Ішкі міндеті ретінде мемлекеттің өз халқының бақытқа жетуі үшін көрнекті шараларды іске асыру керек: олар – әділеттілікті орнату, халықты оқыту, оларды керекті ғылыммен толықтыру, адамгершілікке тәрбиелеу, қайырымдылықты тарату және ең жақсы бақытқа жеткізетін әдеттерді бойға сіңіру. Қалған мәселелердің бәрі — экономикалық және саяси мәселелер – негізгі міндетке бағынады, яғни адамдардың бақытқа жетуі олардың рухани жетілуіне тәуелді. «Құтты білік» дастаны Қарахан мемлекеті түріктерінің тілінде жазылғаны белгілі. Жүсіп Баласағұн «Құтты білікті» 1069-1070 жылдары Баласағұн қаласында бастап, он сегіз айдың ішінде Қашқар қаласында аяқтаған. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасы, араб-парсы

әдебиетінің көшірмесі емес. Дастанда X–XI ғасырлардағы Жетісу жерінде тұрған тайпалардың салт-санасы, әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері көп жырланған. «Құтты білік» кейіпкерлерінің есімдері де бұрынғы тәңірілік дін нанымдарына қатысты. Басты бейне Күнтуды – әділ ел басшысының рәмізі. Бұл бейне «Күлтегін» («Түркі қағанаты туралы сөз») жазуларынан басталып, әл-Фараби мен Қожа Ахмет Иассауи армандаған түрік мәдениетіндегі үлгі, мұрат тұлғаның бастысы. Жүсіп Баласағұнның басты кейіпкер қылып Күлтегінді көрсетуі түркі мәдениетін жалғастырушы, мәңгілік ел бағдарының қолдаушысы екендігін айқындайды. XVIII ғасырда Қазақ хандығының басын қосып, Айдаһардай Қытайдың аузына түсірмей, ақырған аюдың тырнағынан аман алып қалған Абылай ханның саясаты түркілік мәңгілік ел идеясын жандандырушы тұлғаның ерлігі. Шығыстағы ежелден дұшпанымыз қытайлар жоңғарларды қазақ жеріне айдап салып, сол арқылы қазақ жерін де, жоңғарларды да өзіне қарату еді. Осы соғыста не қазақ, не жоңғар, болмаса екеуі де құруы керек екендігі алпауыт елдердің жаттанды саясаты еді. Бірақ қазақ елі аман қалды. Қазақтың бақытына орай Абылай хандай дара тұлға тарих сахнасына келді. Нәтижесінде бұл соғыста қазақ емес, жоңғар 1758 жылы тарих сахнасынан мүлдем жойылып кетті. Ел басына түскен үлкен қиыншылықтан Абылай хан бабамыз елді біріктіріп, жұмылдырып, соның арқасында қазақ елін аман сақтап қалды. Ендеше, Абылай хан елді біріктірген ұлы тұлға және «мәңгілік ел» идеясын жалғастырушы екендігін мақтанышпен айтуға болады. Мәңгілік ел — жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Астанада асқақ рухымыз бен мәңгілік мұраттарымызды паш етіп тұрған «Мәңгілік ел» салтанат қақпасының салынуы «Мәңгілік ел» идеясының мелекеттік идеологияға айналғандығының бір дәлелі. «Мәңгілік ел» сөзінің терең тарихи тамыры және үлкен мағыналы мәні бар. Түрік шежіресінде «мәңгі» сөзі «Тәңір», «Құдай», «Алла» сөздерімен мағыналас қолданылды. Осыдан кейін, «Мәңгілік ел» «Алла Тағаланың елі, халқы» дегенді білдіреді және мемлекет пен ұлттың уақытпен шектелмеген тұмары болады деуге толық негіз бар. Мәңгілік ел ұлттық идеясының негізгі мәні — мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті.

1992 жылдың 2 наурызы тәуелсіз Қазақстан үшін айрықша күн болды. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 46-шы сессиясында Қазақстан 46/224 Қарарымен бірауыздан БҰҰ-ның мүшесі болып қабылданды. Осылайша біздің еліміздің тәуелсіздігі мен мемлекеттік егемендігі халықаралық түрде танылды. Дүниежүзінің картасында жаңа егемен мемлекет пайда болды. Қазақстан БҰҰ-ның 168-ші мүшесі болды. Жалпы БҰҰ 1945 ж. 24 қазанда 51 мемлекеттің қатысуымен дүниеге келген болатын. 2010 ж. БҰҰ әлемнің 192 мемлекетінің басын қосты.

1992 жылдың 15 сәуірінде президент өз жарлығымен А.Арыстанбекованы ҚР-ның БҰҰ жанындағы Тұрақты өкілі етіп тағайындады. Сөйтіп Ақмарал

Хайдарқызы Қазақ мемлекетінің тарихында шет елде елшілік қызмет атқарған тұңғыш қазақ қызы болды.

2002 жылы БҰҰ-ның Бас хатшысы Кофи Аннан, 2010 жылы 2 рет Пан Ги Мун арнайы іс – сапарлармен Қазақстанға келіп қайтты. Ол бұрынғы Семей полигонындағы ядролық жарылыстың эпицентрінде болып, ядролық қарудан бас тарту және ядролық сынақ полигонын жабу – шын мәнінде әлемдік тәжірибедегі бірегей жағдай деп атап өтті.

БҰҰ өз қызметінде келесі 4 мақсатты көздейді: бүкіл әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау; ұлттар арасындағы достық қатынастарды дамыту; халықаралық мәселелерді шешуде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру мен адам құқығын құрметтеуді қолдау; осы мақсаттарға қол жеткізуде ұлттардың бірлесіп әрекет ететін орталығы болу.

Қазіргі уақытта Қазақстан бірқатар халықаралық ұйымдардың мүшесі болып отыр: Бүгінде Қазақстан БҰҰ Даму бағдарламасымен және тағы басқа құрылымдарымен ынтымақтастық негіздегі қарым-қатынас өрісін кеңейтті. Қазақстанда БҰҰ жүйесінің 16 ұйымы қызмет жасайды: БҰҰ-ын дамыту бағдарламасы (ПРООН), БҰҰ Балалар қоры, БҰҰ Халық қоныстану қоры (ЮНФПА), Мәдениет және ағарту саласындағы ынтымақтастық ұйымы (ЮНЕСКО) т.б.

Сонымен бірге төмендегідей халықаралық ұйымдарға мүше: экономикалық ынтымақтық ұйымы (ОЭС); Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым (ЕҚЫҰ); атом энергиясын бақылау жөніндегі Халықаралық агенттік (МАГАТЭ); дүниежүзілік денсаулық қорғау қоғамы (ДДҚҰ); Қызыл Крест және Жартылай Ай қоғамының халықаралық федерациясы; халықаралық астрономиялық одақ (МАС); парламентаралық одақ; ұлттық олимпиадалық комитет (НОК); халықаралық валюта қоры (МВФ);

2005 жылы Қазақстан 121 елмен дипломатиялық қатынас орнатты. Елімізде 69 мемлекеттің өкілдігі ашылды. Оның 16-сы жаңа Астанада қызмет істей бастады.

Қазақстанның сыртқы саясатының басты бағыты – бейбітшілікті сақтау және геосаяси орналасуы, экономикалық әлеуетіне сәйкес ірі аймақтық держава ретінде сындарлы көпбағытты саясат жүргізу. Бүгінде Қазақстанның тікелей қатысуымен құрылған ұйымдар:

1994 ж. Орталық Азия экономикалық қауымдастығы құрылды, оған Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан кірді. 2002 жылы Орталық Азия ынтымақтастығы ұйымы (ОАЫҰ) болып жаңадан құрылды.

2000 ж. 10 қазанында Еуразиялық экономикалық қауымдастық (ЕурАзЭҚ) құрылды, 5 мемлекет мүше – Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан.

2001 ж. 15 маусымында Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) құрылды, 6 мемлекет мүше – Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан.

2002 ж. 4 маусымында Азиядағы өзара ынтымақтастық және сенім шаралары туралы Кеңес (АӨСШК) дүниеге келді, оған 16 мемлекет мүше. т.б.

Қазақстан Республикасы дүние жүзінде бірінші болып өз еркімен ядролық қарудан бас тартты. Мұны ғаламдық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыруға, жер бетіндегі бейбітшілік ісіне қосылған теңдесі жоқ үлес десек, асыра айтушылық емес. Осы орында біз әлемнің барлық ресми тұрғыда танылған ядролық державаларының Қазақстанға бірлесе отырып, жан-жақты қауіпсіздік кепілдіктерін беруге қол жеткіздік. Осы жылдар ішінде ҚХР, Түркменстан, Өзбекстан, Қырғыстан, Ресеймен арадағы шекара мәселелері толығымен реттелді. Бұл орасан зор тарихи маңызы бар оқиға.

"Шанхай бестігі" шеңберінде қабылданған шекаралар аса аумақты географиялық кеңістікте сенім, серіктестік пен тұрақтылық саясатының негізін қалады.

1995 жылы 15 қыркүйекте Президенттің «Қазақстан Республикасының астанасы туралы» Жарлығы шықты. Жарлықта жоғары және орталық органдарды Ақмола қаласына көшіру жұмыстарын жүргізетін Мемлекеттік комиссия құру тапсырылды.

1997 жылы 20 қазанда Елбасының «Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болып жариялануы туралы» Жарлығы шықты. Онда 1997 жылдың 10 желтоқсанынан бастап Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды, ал 1998 жылдың 10 маусымында елорданың ресми тұсаукесері өткізілді.

1997 жылы 8 қарашада Ақмолаға Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің эталондары әкелінді. Ақмола мемлекеттік ту мен елтаңбаны, сондай-ақ президент штандартын сақтаушы ретінде ерекше мәртебеге ие болды.

1998 ж. 6 мамырда ҚР Президенті Жарлығымен жергілікті атқарушы және уәкілетті органдардың өтініштерін, Ақмола қаласының қоғамдық пікірін және Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы мемлекеттік ономастикалық комиссияның қорытындыларын ескере отырып, Ақмола атауы Астана болып өзгертілді. Кейін Астана күні 6 шілдеге ауыстырылды, өйткені дәл осы күні Қазақстан Жоғарғы Кеңесі елорданы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы қаулы қабылдады.

Астана құрылысының бас жоспарын іске асыру жаңа орталық құрылысынан басталды. Астананың жаңа орталығында «Бәйтерек» монументі салынды. Қазір «Бәйтерек» монументі Қазақстан және Астана үшін Мәскеудегі Қызыл алаң немесе Нью-Йорктағы Бостандық ескерткіші секілді символға айналды. т.б

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген уақыттың өзінде Н.Ә.Назарбаев, бұрынғы КСРО саясаткерлерінің ішіндегі ең беделділерінің бірі болды. Одан кейінгі Тәуелсіз Қазақстан Президенті лауазымындағы қызметі оның ірі мемлекет қайраткері талантын ашты, әлем кеңістігі мен деңгейіндегі стратег екендігін көрсетті, әлемдік геосаяси кеңістіктегі Қазақстанның өзіндік, ешкімнен кем түспейтін орнын қамтамасыз етуді көздеген ойшыл екендігін айқындады. Әлемдік тұлғалар: Маргарет Тэтчер, Ли Куан Ю және тағы басқа көптеген саясаткерлер, бір дауыстан Н.Ә.Назарбаевтың стратегиялық ойлау қабілетін, қырағылығы мен көрегендігін атап көрсетуде.

ЕҚЫҰ (1994 жылға дейін Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңес деп аталған) – ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басындағы еуропалық қауіпсіздік жүйесінің маңызды элементі болып табылады. Бұл орайда өзіне ТМД, Орталық және Батыс елдерін, АҚШ пен Канаданы қосатын ЕҚЫҰ-ның басында еуроатлантикалық сипат болса, Орталық Азияда жаңа қауіп-қатердің пайда болуына байланысты соңғы уақытта осы ұйымның азиялық мәні де арта түсуде.

ЕҚЫҰ-ның айналысатын мәселелері шартты түрде үш топқа бөлінеді: 1-сі – әскери-саяси қауіпсіздік және қару-жараққа бақылау жасау, 2-сі – экономикалық, ғылыми-техникалық және экологиялық ынтымақтастық, 3-сі – гуманитарлық (ақпарат, мәдениет, білім) сала және адам құқығы.

2010 жылы 1-2 желтоқстанда еліміздің жүрегі – Астана қаласында он бір жылғы үзілістен кейін Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының VII Саммиті болып өтті. Саммит қарсаңында және оның аясында елорда ЕҚЫҰ-ның Шолу конференциясы ұйымдастырылып, онда 560 үкіметтік емес ұйымдар бас қосты, соның 160-сы шетелдік ұйымдар. Ал Саммиттің өзіне ұйымға қатысушы елдер мен әріптес елдерден және БҰҰ, Еуропалық Кеңес, ЕуроАзЭҚ, ШЫҰ, ҰҚШҰ сияқты аса ірі халықаралық және өңірлік ұйымдардың 73 ресми делегациясы қатысты. Қатысушы қонақтар саны бес мыңға жуық адам болды. Саммиттің барысын 1300-ге жуық қазақстандық және шетелдік журналистер жария етіп отырды.

Бұл беделді Ұйымның Орталық Азияда өткізген тұңғыш форумы еді. Онда өңір үшін өте өткір мәселелер, соның ішінде трансұлттық қатерлер, атап айтқанда лаңкестік пен адам саудасы, сондай-ақ Қырғызстандағы оқиғалар және Ауғанстандағы жағдайлар т.б. мәселелер талқыланды.

Қазақстанның Ислам Конференциясы Ұйымына (ИКҰ) төрағалық етуі. Зайырлы мемлекет ретінде Қазақстан бүгін ислам өркениетінің ажырамас бөлігі болып табылады. Халқының саны жағынан әлемде 62-ші орында тұрған Қазақстан мұсылман әлемінде 23-ші орынды иемденсе, жер көлемі жағынан олардың арасында бірінші орында. Сонымен қатар еліміз тарихының мұсылман әлемімен ғасырлар бойы сабақтас және халқымыздың рухани мәдениетінің ислам өркениетімен ежелден тамырлас екені даусыз.

Қазақстан 1995 жылдан бері ИКҰ-ға мүше мемлекет ретінде атқарып келе жатқан іс-шараларына белсене араласып келеді. 2011 жылы осы беделді ұйымға басшылықтың Қазақстанға өтуінің жер жүзіндегі мұсылман қауымдастығы тарапынан біздің елге деген үлкен сенімі мен қолдауы деп қабылдаған жөн.

2011 жылдың 10 маусымында Париждегі Халықаралық көрмелер бюросының штаб-пәтерінде ЕХРО-2017 жобасының ұлттық үйлестірушісі, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жауапты хатшысы Рапиль Жошыбаев ХКБ-нің Бас хатшысы Винсенте Гонсалес Лоссерталеспен кездесті. Кездесу барысында Рапиль Жошыбаев ҚР Премьер-Министрі қол қойылған Қазақстан Республикасының ресми өтінішін тапсырды. Сөйтіп 10 маусымда Қазақстан Астанада ЕХРО-2017 көрмесін өткізу бойынша сайлау науқанына кірісті. Жыл соңына дейін Қазақстан Республикасының экономикалық даму және сауда Министрлігі өтініш құжаттамасын (көрмені

өткізу тұжырымдамасы, техникалық-экономикалық негіздеме, көрмені өткізу жоспары, қонақтардың қауіпсіздігі мен оларды қарсы алу туралы инфрақұрылымдық шешімдер) дайындап оны Халықаралық көрмелер бюросына тапсырады деп күтілуде. ХҚБ талаптарына сай көрмені өткізуге белгіленген үш ай ішінде Астана қаласының әлемнің 100 мемлекетінен 3-4 млн адамды қабылдайтындай шамасы болу керек.

2012 жылғы 22 қарашада ХҚБ-ге мүше 161 елдің өкілдерінің жасырын дауыс беру барысында Астана ЕХРО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі өтетін орын болып таңдалды. Астананың өтінімін 103 ел қолдады. ЕХРО-2017 ТМД елдерінде өтетін алғашқы көрме болмақ. Астанадағы бүкіләлемдік көрме 3 айға дейін жалғасатын болады. Оған әлемнің 100-ге жуық елі және 10 халықаралық ұйым қатыса алады. Көрмеге 5 миллионнан астам адам қатысады деп күтіліп отыр.

2011 жыл елдің басшылығымен Қазақстан Тәуелсіздігінің 20-жылдығын тойлау жылы деп жарияланды. «2011 жылды ҚР Тәуелсіздігінің 20-жылдығының жылы деп жариялау туралы» жарлық Тәуелсіздікті және мемлекеттілікті әрі қарай күшейтуге, халықтың рухани-мәдени бірігуіне, сабақтастықты және озық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған.

2012 жылы 14 желтоқсанда Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан 2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жаңа жолын ұсынды.

2014 жылы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жаңа жолын ұсынды.

Әлемнің жаһандану үдерісінде Еуразиялық тұтастықтың қажеттігі, осы кеңістікте интеграциялық үрдістердің өмірлік маңыздылығы, ортақ бірлестіктің қағидаттары мен бағдарламасы туралы идеяны мемлекет президенті Нұрсұлтан Назарбаев тұңғыш рет 1994 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінде мәлімдеген еді. Сол сәттен бері, өз дамуын алған бұл еуразияшылдық идея түрлі идеологтар, саясаткерлер, сарапшылар тарапынан қолдау тауып, қазір өмірге белсене еніп келеді. Әрине, мұндай озық идея «қайдан пайда болды, «еуразияшылдық ағымның» шығуы, даму тарихы қайда жатыр?», осы мәселеге алдымен, тоқталған жөн. Жалпы, кез келген серпінді идеяның шығу тегін тарихи тұрғыдан қарастырсақ, өзінің даму кезеңдерін қамтиды. Еуразияшылдық идея алғаш рет ХХ ғасырдың бірінші жартысында Еуропада қуғында жүрген орыс эмигранттарының арасында туған екен. Бұл дегеніміз, бұрынғы ақыл-ойдағы идеологиялық құндылықтардың өзгеріп, жаңа көзқарастың пайда болуымен байланысты туған ерекше идеялардың бірі болды деген сөз. 1921 жылы Еуропада жарық көрген орыстың еуразияшыл философтарының осы бағыттағы пікірлерін жинақтаған «Шығысқа шығу» атты еңбектің алғы сөзінде «Бұл мақалалар дүниетанудың апатты өзгерісі кезеңінде туған дүниелер. Болған және алдағы уақытта болатын өзгерістерден біз саяси, әлеуметтік-экономикалық дағдарыстарды ғана емес, дүниетану көзқарасында да терең өзгерістер болатынын болжап отырмыз», делінген. Қазақстандық еуразияшылдық Батыстан алыстауға емес, керісінше, мемлекетаралық деңгейде

неғұрлым терең қарым-қатынас орнатуға зор мән беріледі. Қазақстанның 2008 жылы қабылдаған «Еуропаға жол» бағдарламасы осының айғағы болып табылады. Назарбаевтың еуразиялық доктринасы тар ауқымдағы идеологиялық сызба емес, кең ауқымдағы халықаралық және өркениетаралық байланыстар әдісі, ашық түрдегі өркениеттік карта болып табылады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей, Еуразиялық одақ құрудың төрт принципті мәселесі бар. Біріншіден, интеграция, ең алдымен, экономикалық қажеттілікке негізделген прагматикалық сипатта ғана бола алады. Екіншіден, көпқабатты және түрлі жеделдіктегі интеграция идеясы. Үшіншіден, қауіпсіздікті бір ғана елдің күш-жігерімен қамтамасыз ету мүмкін емес, аймақтық қауіпсіздік тетіктерін іздестіру қажеттілігі. Төртіншіден, интеграцияның еріктілігі. Жоғарыда айтылған қағидаларды Елбасының көзқарасынан талдап көрсек. Бүгінде КСРО ыдырағаннан кейін құрылған мемлекеттердің жақындасу үдерісін еуразиялық интеграция деп атау дағдыға енді. Бұл ұғым талдамашылар пен сарапшылар кеңінен пайдаланады, және ең маңыздысы, ол таяу және алыс шетелдердегі саяси элитаның табиғи сөз саптауына айналды. Бүгінде Еуразиялық Одақ құру идеясы кері итеру сезімін туғызбайды және ешкімді де таңдандырмайды. Мұның сыртында ол туралы ең жоғары деңгейде таяудағы мақсаттар және нақты интеграциялық жоба ретінде айтылады. Ал бұл идеяның пайда болғанына, ТМД кеңістігінде жаңа интеграциондық бірігу – Мемлекеттердің Еуразиялық Одағын құру ұсынысы жарияланғанына небәрі он сегіз жыл толды. ТМД құрылғанына екі жыл толғаннан кейін, Елбасымыздың мұндай ұсыныс жасауы бекер емес. Өйткені, ТМД заман талабының сұранысына сай емес, қатысушы-мемлекеттердің қажеттілігін қанағаттандырмайды. Сондықтан, арнайы нақты қағидалардың керектігі көрінді. Еуразияшылдықтың ізбасарларының ішінде танымал ойшы Лев Гумилевтің көзқарасын жақын тұтқан Елбасы, ойшының еңбегін бағалап, Ел ордасы – Астанада Еуразиялық университетке есімін қойғанын тағы айтсақ болады. Ол Солтүстік және Орталық Еуразиялық ауқымды бөлігіндегі халықтардың арасындағы географиялық және мәдени-тарихи байланыстардың бірлігін тұжырымдамалы түрде негіздеді. Сонымен, Президент XX және XXI ғасыр кезеңін жағдайына қарай келесі принциптерді негіздеп алды. Біріншіден, мәдени мен өркениеттілік факторлардың маңызын теріске шығармай-ақ, ең алдымен экономикалық прагматизм негізіндегі интеграцияны құру керектігін ұсынады. Абстрактілі геосаяси идеялар мен ұрандар емес, экономикалық мүдделер интеграциялық үдерістердің басты қозғаушысы болмақ. Сондықтан болашақ Еуразиялық Одақтың бастапқы негізі – Біртұтас экономикалық кеңістік біздің халықтарымыздың бірлесе табысты дамуының ауқымды ареалы ретінде болмақ. Екіншіден, интеграцияның еріктілігі. Әрбір мемлекет пен қоғам жаһанданушы әлемде өзіндік болмысқа шексіз бас ұра берушіліктің және өз шекараларында тұйықталып қалудың мағынасы жоқ екендігін түсінуге дербес келуі тиіс. Халық пен мемлекеттің мүдделерін басшылыққа алған ерікті интеграция - мемлекеттің өркендеуінің ең қысқа жолы. Үшіншіден, Еуразиялық Одақ мемлекеттердің теңдік, бір-бірінің ішкі ісіне араласпаушылық, егемендік пен мемлекеттік шекаралардың қол сұғылмастығын құрметтеу қағидастары

негізіндегі бірлестік болып табылады. Төртіншіден, Еуразиялық Одақтың әрбір мүше елдің мүдделерін ескеретін, нақты да шынайы өкілеттіктерге ие, консенсус негізінде іс-қимылдар жасайтын ұлтүстілік органдар құрылуы қажет. Бұл аксиома болғандықтан, егемендікті беру дегенді қарастырмайды. Осымен басты еуразиялық интеграция қағидаттарына әрбір қатысушы елдің ішкі дамудың тұрақтылығы, ұлттық экономикалық, несие-қаржылық және әлеуметтік саясаттың нәтижелілігі мен жауапкершілігі мәселелерін қосу аса маңызды.

2014 жыл 29 мамыр - Астанада Қазақстан, Ресей және Беларусь мемлекеттерінің басшылары Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы шартқа қол қойды. Бұл күн-Қазақстан, Ресей және Беларусь елі тарихының жаңа бетін ашқан тағдырлы күнге айналды. Қазақ елінің бас қаласы - Астананың төрінде, Тәуелсіздік сарайында үш ел көшбасшысы салтанатты жағдайда «Еуразиялық Одақ құру туралы» келісімге қол қойды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бұл күнді «Еуразиялық ықпалдастық күні» деп атады. Еуразиялық одақты бұрынғы КСРО-ға қайта оралу емес, интеграциялық қайта жаңғыру деп түсінген жөн. Өйткені, Еуразиялық одаққа бастар жол – Кеден одағын қарастырсақ, қазіргі еларалық достық тікелей ақшаға байланысты. Бұл жерде қаржы белгілі бір саяси шешімге қатысты бөлінейін деп жатқан жоқ. Мұнда тараптар келісімді түрде қаржы бөліп, дивидендтерін алып отырады. Қазақстан, Ресей, Беларусь – бәрі тең, дербес мемлекет болғандықтан, әр мемлекет өз мүддесіне қарай шешім қабылдайды. Бұл бір ғана елдің саяси идеясы емес. Мұндағы салық заңдары, кеден заңдары арқылы кәсіпкерлердің өздерін өте жайлы сезінуіне, өндірісін дамытуына, салығын лайықты түрде төлеуіне жағдай жасалады. Қазір осы қағида жүзеге асырылып жатыр.

Әскери коммунизм саясаты 1918-1919 жж.			Жаңа экономикалық саясат (ЖЭС)		
Мақсаты:	Іс-шаралар:	Бақылау:	Мақсаты:	Іс-шаралар:	Бақылау:
1	2	3	4	5	6

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7,8,9,11,19,20];

Қосымша әдебиеттер: [29, 41, 46

Ғаламтор көзі: [49,51,52,53,54,55,59,60,61,66,69,71]

5- Тақырып. Фашистік басқыншылыққа қарсы күрестегі қазақстандықтардың ерлігі мен қасіреті.

КӨЖ 6 сағат

Тапсырма

1. Қазақстан майдан тылы болғандығын дәлелдейтін тарихи материалдарды сипаттаңыз. Қазақстанға эвакуацияланған өнеркәсіп орындары туралы кесте жасаңыз.

2 . Қазақстандықтардың ірі майдандардағы ерліктері туралы реферат дайындаңыз(көлемі 8-10 парақ).

Өзіндік жұмыстарды орындауға қажет әдістемелік нұсқаулар

Гитлершіл Германияның 1939-1940-шы жылдардағы Батыс және Орталық, Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерінде жүргізген басқыншылық соғысына сипаттама беріңіздер.

1939 жылғы 23 тамыздағы Германия мен КСРО арасындағы «Өзара шабуыл жасаспау туралы» пактісінің тарихи маңызына талдау жасаңдар.

Ұлы Отан жылдарындағы Қазақстанның адам және экономикалық ресурстарының жауға тойтарыс беруге жұмылдыруы нәтижесінде жеңісті жақындата түсуге қосқан үлесін анықтау қажет. Семинардың сұрағын дайындауда баяндамаларды, демонстрациялық кино мен фотодеректермен көрсетіңіз. Ұлы Отан соғысы ардагерлерін шақыруға болады. Ұлы Отан

соғысының аяқталу кезеңіндегі (1944-1945жж.) Қазақстандықтардың Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерін фашистік басқыншылардан азат етуі және Берлинді алу ұрыстарындағы көрсеткен ерліктерінің тарихи маңызын көрсете біліңіз.

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7,8,9,11,19,20];

Қосымша әдебиеттер: [21,22,23,29,34,35,41,47];

Ғаламтор көзі: [49,50,51,55,59,60,61,71]

6-Тақырып. XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы кеңестік реформалардың қайшылықтары мен зардаптары.

КӨЖ 6 сағат

Тапсырма

1.Тың және тыңайған жерлерді игеру саясатының жетістіктері мен кемшіліктерін көрсететін салыстырмалы кесте жаса.

2. КОКП ОК сәуір пленумының материалдарын оқыңыз.

Өзіндік жұмыстарды орындауға қажет әдістемелік нұсқаулар

Сталиннен кейінгі мемлекеттің дамуындағы нұсқаларды айтайық. 1954-1964 жж. тарихта «Хрущевтің декадасы» деп аталған кезеңді түсіндіріңіз, «Хрущевтік жылымық» ретінде неге аталатындығын түсіндіріңіз. Партияның XX съезіндегі Сталиннің жеке басына табынушылықты сынау және оның салдарымен күрес жүргізу идеясын түсіндіріңіз. 1960 ж. республика экономикасының индустриялық секторы ненің есебінен дамығандығын түсіндіріңіз.

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7,8,9,11,19,20];

Қосымша әдебиеттер: [21,22,23,24,29,34,35,37,41,47];

Ғаламтор көзі: [49,50,51,55,56,59,60,61,66,71]

7-Тақырып. Қазақстандағы «қайта құру» саясатының сипаты.

КӨЖ 5 сағат

Тапсырма

«Қайта құру саясаты» тақырыбында тірек схема құрастыру.

Өзіндік жұмыстарды орындауға қажет әдістемелік нұсқаулар

Қазақстанда да «тоқырау» құбылыстарының 1965-1985 жж. тереңдей түстуінің себептерін көрсет. 1979 ж. Ақмола оқиғасы. «Семей полигоны», «Ауғанстан соғысы», «Арал трагедиясы», «Азғыр», «Капустин Яр», «Возрождение», «Байқоңыр» қару-жарақтар сынау полигондары туралы тарихи еңбектерді оқу керек.

Полигондарды және экологиялық апат аймақтарды картада белгілеңіз.

Осы сұрақтарға жауап беру үшін әдебиеттер тізімінде көрсетілген арнаулы зерттеуді қарап осы кезеңнің келмелденген социализмге жетеміз деген кеңес адамдарының ой-армандары болғандығын түсіндіріңіз.

II. Тапсырма

Қайта құру кезеңіндегі саяси қайраткерлер тақырыбындағы материалдарды талдап презентация құрастырыңыз.

Өзіндік жұмыстарды орындауға қажет әдістемелік нұсқаулар

Бұл сұрақтарға жауап беру үшін қайта құру деп аталатын ұғымды түсіндіре отырып, Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың себептерін ашып көрсету керек. Қоғамның терең дағдарысқа ұшырауының бір себебі Кеңес өкіметінің жүргізген ұлттық саясатында екендігін дәлелде.

1980-ші жылдардың ортасында басталған әлеуметтік-экономикалық және саяси дағдарыстың себебін талдаңдар.

1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдың басындағы қоғамды демократияландырудағы саяси ағымдар мен партиялардың белсенді әрекеттеріне сипаттама беріңіздер. 1987 жылдан бастап құрылған қоғамдық қозғалыстар «Инициатива», «Невада -Семей», «Әділет», «Азат», «Алаш», «Желтоқсан» т.б. азаматтық қозғалыстарының алдына қойған мақсат-міндетіне анықтама беріп, Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі демократиялық үрдістердің кең өріс ала бастағанын көрсетіңіздер.

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7,8,9,11,19,20];

Қосымша әдебиеттер: [21,22,23,24,25,29,30,31,35,37,38,39,40,41,43,46,47];

Ғаламтор көзі: [49,50,51,55,56,59,60,61,66,71]

8- Тақырып. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымының қалыптасуы.

КӨЖ 6 сағат

I. Тапсырма

Тақырып бойынша реферат дайындау.

Өзіндік жұмыстарды орындауға қажет әдістемелік нұсқаулар

1990 жылғы Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі Декларациясының қабылдануының тарихи маңызын түсініңіз. ТМД-ның құрылуының тарихын оқы. Қазақстан Республикасы Конституциясыларының 1993 жылғы және 1995 жылғы нұсқаларын салыстырыңыз. Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан-2030» (1997) елді дамытудың ұзақ мерзімдік стратегиясын оқыңыз. Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының негізін салушы Нұрсұлтан Назарбаев екендігін дәлелдеңіз. Ол үшін Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты деп аталатын ғылыми еңбекті оқыңыз.

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7,8,9,11,19,20];

Қосымша әдебиеттер: [22,23,24,26,27,29,30,32,38,40,41,43,46,47];

Ғаламтор көзі: [49,50,51,55,56,59,60,61,66,71]

9-Тақырып. Экономикалық дамудың қазақстандық үлгісі.

КӨЖ 5 сағат

Тапсырма

Төмендегі тақырыптардың біріне реферат жазыңыз:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы 2004 жылғы 19 наурыз «Бәсекеге қабілетті Қазақстан, бәсекеге қабілетті экономика, бәсекеге қабілетті ұлт» және оның маңызы.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы 2011 жылғы 28 қаңтар «Үдемелі инновациялық индустрияландыру бағдарламасының жалғасы жеделдетілген экономиканы жаңғырту».

3. Қазақстанның экономикалық тұрақты даму траекториясы.

4. ХХІ ғасырдағы Қазақстандық экономиканың моделі.

5. «Нұрлы Жол - болашаққа жол» жаңа экономикалық саясаты - Қазақстанның жаһандық сын-қатерлерге жауабы.

Өзіндік жұмыстарды орындауға қажет әдістемелік нұсқаулар

Бұл сұраққа жауап беру үшін экономикалық дамудың қазақстандық моделіне анықтама беру керек.

Қазақстан тәуелсіз ел болғаннан жүргізген «алдымен экономика, содан кейін саясат» экономикалық саясатының шемісті болғандығына тоқталыңыз. Қазақстан Республикасының экономикалық дамуының ерекшеліктерін сипаттаңыз.

Сонымен қатар Қазақстан экономикасын тұрақтандырып, халықаралық дәрежеге көтеруде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы халыққа жолдауларын талдап, тарихи маңызын бағалау керек.

2014 жылғы 11 қарашадағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Қазақстан халқына Жолдауымен танысыңыз.

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7,8,9,11,19,20];

Қосымша әдебиеттер: [21,22,23,24,29,31,38,47];

Ғаламтор көзі: [49,50,51,55,56,59,60,61,66,71]

10- Тақырып. Әлеуметтік жаңғыру – қоғамның әл-ауқат тірегі.

КӨЖ 6 сағат

Тапсырма

1. Тақырып бойынша хабарлама жазыңыз: «Қазақстанның 1991-2015 жылдардағы қоғамдық-саяси өмірі»

Өзіндік жұмыстарды орындауға қажет әдістемелік нұсқаулар

1991 жылдың 16 желтоқсанында Республика жоғары Кеңесінің жетекші сессиясында Парламент депутаттарының "Қазақстан Республикасы мемлекетінің тәуелсіздігі» туралы Конституциялық Заңы қабылданды. Сол заңның бірінші бабында: "Қазақстан Республикасы - тәуелсіз мемлекет" деп жарияланды. Ол өз территориясында өкімет билігін толық иеленеді; өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес белгілеп, жүргізеді; барлық мемлекеттермен өзара қатынасын халықаралық принциптері бойынша құрады; өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін басқа мемлекеттер тану үшін ҚР ашық, ҚР территориясы қазіргі шекараларында біртұтас, бөлінбейтін және қол сұғуға болмайтын территория болып табылады.

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7,8,9,11,19,20];

Қосымша әдебиеттер: [22,24,26,27,29,30,32, 41,44,46,47,48];

Ғаламтор көзі: [49,50,51,55,56,59,60,61,66,71]

11- Тақырып. Этнодемографиялық үдерістер мен ұлтаралық келісімнің нығаюуы.

КӨЖ 6 сағат

Тапсырма

Хабарлама тақырыптары:

1. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік пен демократияның негізі – ұлтаралық келісімді нығайту.
2. Саяси партиялардың және партиялық жүйенің дамуы.
3. Әлем қазақтарының бірінші құрылтайы.

Өзіндік жұмыстарды орындауға қажет әдістемелік нұсқаулар

1991 жылдың 16 желтоқсанында Республика жоғары Кеңесінің жетекші сессиясында Парламент депутаттарының "Қазақстан Республикасы мемлекетінің тәуелсіздігі» туралы Конституциялық Заңы қабылданды. Сол заңның бірінші бабында: "Қазақстан Республикасы - тәуелсіз мемлекет" деп жарияланды. Ол өз территориясында өкімет билігін толық иеленеді; өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес белгілеп, жүргізеді; барлық мемлекеттермен өзара қатынасын халықаралық принциптері бойынша құрады; өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін басқа мемлекеттер тану үшін ҚР ашық, ҚР территориясы қазіргі шекараларында біртұтас, бөлінбейтін және қол сұғуға болмайтын территория болып табылады.

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7,8,9,11,19,20];

Қосымша әдебиеттер: [26,27,28,29,32, 41,44,46,47,48];

Ғаламтор көзі: [49,50,51,52,53,55,56,59,60,61,66,71]

12-Тақырып. Рухани жаңғыру және қоғамдық-саяси дамудың келешегі.

КӨЖ 5 сағат

Тапсырма

Төмендегі тақырыптар бойынша реферат жазыңыз:

1. Жастар саясатындағы тарихпен тәрбиелеу шаралары.
2. Жастар саясатының істері бойынша негізгі бағыттары.
3. Қазақстанның конфессионалдық саясаты қауіпсіздік мәселелері контекстінде.

Өзіндік жұмыстарды орындауға қажет әдістемелік нұсқаулар

Тәуелсіз Қазақстанның тарихы, оның мемлекеттік институттарының қалыптасуы мен нығаюуы, халықаралық сахнада танылуы, әлеуметтік-экономикалық жетістіктер, ұлттың рухани және мәдени қайта жаңғыруы, жастар саясаты және рухани жаңарудың жолдарын анықтап, сипаттама беріңіздер.

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7,8,9,11,19,20];

Қосымша әдебиеттер: [29, 41, 46

Ғаламтор көзі: [49,51,52,53,54,55,59,60,61,66,69,71]

13- Тақырып. Ұлы Дала еліндегі жаңа тарихи сананы және дүниетанымды қалыптастыру саясаты.

КӨЖ 5 сағат

Тапсырма

1.Қазақ хандарының XV ғасырдың II жартысы - XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы жүргізген сыртқы және ішкі саясаты, деректерді талдап кестені толықтырыңыз.

Хандар және олардың билік еткен жылдары	Астаналары	Шекарасы	Ішкі саясаттағы басым бағыттары	Сыртқы саясаттағы басым бағыттары
1	2	3	4	5

Өзіндік жұмыстарды орындауға қажет әдістемелік нұсқаулар

1. Қазақ хандығының құрылуы барлық қазақ жерлерін біріктірудегі этносаяси процесстердің заңды қорытындылары болғандығын түсіндіріңіз.
2. Мына ұғымдардың мәнін түсіндіріп жазыңыз: ру, ұлт, антропология, этногенез, алаш, жүз, ақсүйек, қарасүйек, ұлыс, билер кеңесі, хан кеңесі, би, бай, жатақ, төлеңгіт, “Қасым ханның қасқа жолы”, “Есім ханның ескі жолы”, “Жеті жарғы” заңдар жинағы.
3. XVI ғасырдағы Қазақ хандығының күшейуінің себептерін анықтаңыз (Хақназар, Тәуекел, Есім, Өз-Тәуке).
4. Қазақ халқының осы кездегі тарихи ой-пікірінің дамуын сипаттаңыз (өзіңіз таңдаған бір ақын-жыраудың еңбегін таңдаңыз), электрондық ресурстарды пайдаланыңдар.

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7,8,9,11,19,20];

Қосымша әдебиеттер: [29, 41, 45,46

Ғаламтор көзі: [49,51,52,53,54,55,56,57,58,59,60,61,62,64,66,69,71]

14- Тақырып. Қазақстан – замануи әлем мойындаған ел.

КӨЖ 6 сағат

Тапсырма

Тақырып бойынша ұсынылған материалдардың көмегімен презентация жасаңыз.

Өзіндік жұмыстарды орындауға қажет әдістемелік нұсқаулар

Тәуелсіздігімізді ғұмырлы, бақытымызды баянды ету жолындағы Қазақ елінің ұлттық идеясы «Мәңгілік ел» идеясы қайнар бастауын қайдан алатынын, тұғырнамасын қалыптастырған тарихи тұлғалардың еңбектері және ұрпақтар сабақтастығын болашақ ұрпақтың санасына сіңдіріп, тарихтан тағылым алған жас өскіндерді тәрбиелеу өзекті мәселесіне көзқарастарыңды білдіріңіздер.

«Мәдени Мұра» бағдарламасы бойынша қол жеткен жетістіктерді нәтижесі жайлы ақпарат дайындап, сараптама жасаңыз.

Нормативтік құқықтық актілер: [1,2];

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14,15,16,17,18,19,20];

Қосымша әдебиеттер: [29, 41, 45,46

Ғаламтор көзі:

[49,51,52,53,54,55,56,57,58,59,60,61,62,63,64,65,66,67,68,69,70,71]

15- Тақырып. Н.Ә. Назарбаев – тарихтағы тұлға. Ортақ болашағы бар ұлттың қалыптасуы.

КӨЖ 6 сағат

Тапсырма

1. Бір тақырыпқа шығармашылық шығарма дайындаңыз «Мен тәуелсіз Қазақстанның құрдасымын», «Менің жүрегімдегі Қазақстан», «Астана – болашақтың қаласы»
2. «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясат туралы эссе жазыңыз.
3. «ӘКСПО: бүкіләлемдік көрме тарихы» тақырыбында презентация дайындаңыз.

Өзіндік жұмыстарды орындауға қажет әдістемелік нұсқаулар

Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдағы жеткен жетістіктері туралы арнайы еңбектер мен мерзімді басылымдағы мақалаларды оқып, өз пікіріңізді білдіріңіз.

Республика Президентті Н.Ә. Назарбаевтың 2011 жылғы «Болашақтың іргесін бірге қалайық» және 2012 жылғы 28-қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғыру – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты жолдауларын оқып, мемлекеттің әлеуметтік сала мен мәдениетті дамытуға арналған статистикалық мәліметтеріне сараптама жасаңыз.

Қазақстанның халықаралық ұйымдарға мүше болуының тарихи маңызын түсіндіру және Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ОБСЕ), Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШОС), Ислам Конференциясы Ұйымы төрағалық жасауының дүниежүзілік маңызын анақтаңыз.

Қазақстандағы Дүниежүзілік діндер съезінің өткізілуінің себептері мен маңызын түсіндіріңіз.

Астана Экономикалық Форумының мақсаты мен болашағына сипаттама беріп, Нұрсұлтан Назарбаевтың дүниежүзілік дағдарыстан шығудың жолдары туралы ұсыныстарын оқып талдаңыз.

2014 жылғы 11 қарашадағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Қазақстан халқына Жолдауымен танысыңыз.

Нормативтік құқықтық актілер: [1,2];

Негізгі әдебиеттер: [3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14,15,16,17,18,19,20];

Қосымша әдебиеттер: [29, 41, 45,46

Ғаламтор көзі:[49,51,52,53,54,55,56,57,58,59,60,63,64,65,66,67,68,69,70,71]

Курстық және бақылау жұмыстарды, рефераттарды рәсімдеу, орындау бойынша әдістемелік нұсқаулық

Рефератты жазуға арналған әдістемелік нұсқаулық

Курсанттардың орындауға міндетті өздік жұмыстарының бірі, берілген тақырып бойынша реферат жазу.

Курсанттар өздігінен бір оқу айналымында «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша реферат дайындап, оны қорғауға міндетті. Реферат тақырыбы семестрдің алғашқы аптасында беріледі.

Рефераттың мақсаты бойынша курсант «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша берілген тақырыптың жүйелілігін, өзектілігін, маңыздылығын аша отырып, өз бетінше теориялық мәселелерді көтеріп, оларға талдау жасап, еркін баяндап, қорытынды жасай алуы қажет.

Оқытудың бұл түрінің ерекшелігі мен құндылығы – мұндай оқу түрі арқылы курсант осы уақытқа дейін жинаған білімін бір жүйеге келтіре отырып, осы және өзге де мәселелерді логикалық тұрғыдан және сыни тұрғыдан зерттеуге мүмкіндік алады.

Реферат жазу жаңа мәліметтер алуға шектеу қоймайды, керісінше, жаңа білім жинауға және ғылыми-зерттеу жұмыстарының алға жылжуына әсер етеді.

Реферат жазуға қатысты жалпы сұрақтар

Рефераттың тақырыбы курсантқа жеке тапсырма ретінде немесе ұсынылған тақырыптар бойынша оқытушымен келісіп беріледі.

Дегенмен, мұқият құрастырылған тақырыптар Қазіргі заман Қазақстан тарихын оқыту барысындағы көптеген және барлық мәселелерді қамти алмайды. Реферат тақырыбын курсанттың өзіне де таңдауға шек қойылмайды. Тақырыптың маңызды және ауқымды болуын, мақсатты қаралуын, қисынға келтіре отырып зерттелуін курсантқа үйретіп, көмектесу оқытушының міндеті болып табылады.

Бір тақырыпты бірнеше курсанттарға қайталап беруге тиым салынады.

Курсантқа тақырыпқа қатысы бар, аса тиімді, қолайлы пікірі бар әлеуметтік, саяси, тарихи тұрғыдағы жұмыстарды ұсынуға болады. Ондай пікірлерді «Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ Хабаршысы», «Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы», «Әл-Фараби атындағы ҚҰУ Хабаршысы», «Мәңгілік ел» журналы, «Отан тарихы» журналдарынан алуға болады.

Рефератты семинар сабағында қорғаған дұрыс. Семинар сабағын талқылау және дискусстық сабақ ретінде өткізу қажет.

Рефератты жазуға мынадай талаптар қойылады:

1. Көрнекілігі бойынша:

Титул парағы, жұмыс жоспары және пайдаланылған әдебиеттері бар реферат қана қорғауға жіберіледі. Рефераттың барлық беттері нөмірленген болуы қажет.

2. Мазмұны бойынша:

Рефератта тақырыптың маңыздылығы, мақсаты және шешімдерді шешу жолдары, шешуге тиіс және шешілген сұрақтардың анализі, күрделі мәселелердің жауаптары міндетті түрде қамтылуы тиіс.

Рефератты жазып аяқтағаннан соң, курсант өз жұмысын сабақ кезінде қорғайды. Қорғалған рефератты міндетті түрде мұрағатқа өткізілуі үшін кафедраға тапсыруы қажет.

Төмен баға алған жағдайда, реферат қайтадан өңдеуге жіберіледі немесе жаңа тақырып беріледі.

Рефераттың мазмұны және құрылымы

Қазіргі заман Қазақстан тарихы бойынша реферат қолмен немесе компьютерде терілген, көлемі 10-15 бет қалыпты мөлшерде болуы қажет.

Рефераттың мынадай құрылымдары ұсынылады:

Кіріспе - 1-2 бет

Кіріспеде курсант тақырыбының мақсатын, маңыздылығын және нақты деректермен айқындап алуы қажет.

1 бөлім – 5-6 бет

Бірінші бөлім кіріспенің жалғасы болып табылады. Бұл бөлімде тақырыптың қысқаша тарихы баяндалады және сұрақтардың жалпы болмысы автордың ой-пікірімен ұштасып қарастырылады.

2 бөлім – 5-6 бет

Екінші бөлімде жинақталған материалдар бойынша тақырыптың мазмұнына талдау жасалады. Сондықтан да рефератта мәселенің күрделілігі нақты көрсетілуі тиіс. Егер курсант тақырыбын өзінің мамандығымен байланыстыра отырып жазса, рефераты әсерлі болады.

Қорытынды – 2 бет

Қорытынды бөлімде автор өзі жинақтаған материалға тұжырым жасайды. Және де осы тақырыптың келешектегі даму жолдары көрсетіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Пайдаланылған әдебиеттер тізіміне соңғы жылдары шыққан маңызды, оқу және анықтағыш әдебиеттер кіреді. Сонымен қатар ғылыми монографиялар да жатады. Реферат жазуға қолданылған әдебиеттер ғылыми еңбектерге, баспаларға сәйкес келуі тиіс.

Рефератты тексеру кезінде, тақырыптың толық және терең, жүйелі ашылуына аса назар аудару қажет.

Мәтінді теріс пайдаланып, асыра баяндаудың қажеті жоқ.

Эссе жазуға арналған әдістемелік нұсқаулық

Семестр барысында әрбір курсант эссе жазып өткізуі керек. Эсседе курсант белгілі бір мәселе бойынша өз ойын жазады. Эссені семестрдің 10-шы аптасында өткізеді. Эссе 2-3 беттен тұрады. Эссе шығармашылық жұмыс болғандықтан, біреудің жазған жұмысын ұрлауға, көшіруге рұқсат етілмейді.

Эссе жазуға мынадай талаптар қойылады:

Көрнекілігі бойынша:

Титул парағы, пайдаланылған әдебиеттер (қажет болған жағдайда) эсседе міндетті түрде болуы қажет. Барлық беттері жоғарыдан ортасында нөмірленуі керек.

Мазмұны бойынша:

Эсседе міндетті түрде тақырып бойынша мәселелер қарастырылып, талдау жасалуы қажет.

Жобаның тұсаукесері мен әзірлеуіне әдістемелік сипаттама

«Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша курсант бір оқу кезеңі бойынша презентация жасап, оны семестр аяқталғанға дейін ұсынып, қорғап шығуы қажет.

Презентация дайындау «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша білім алып жатқан курсанттың білімін шыңдап, өз бетінше талдау жасап, баяндама жасауына негіз болады.

Жоба жасау – курсанттан гуманитарлық ғылымдар бойынша анықтамалық және ғылыми материалдарды оқып, жинауды, орнықты мәлімет алуды, өздігінен қабілетін жетілдіріп, білімін кеңейтуді талап етеді.

Курсанттар белгілі бір зерттеу нысаны бойынша тақырып алып, сол бойынша жоба ұсынады. Тақырыптарды қайталауға рұқсат етілмейді.

Жобаның құрылымы:

Тақырыпты дәлелдеу

Тақырыптың негізгі мәселесі мен түйінді мәселесін көрсету

Негізгі дерекөздеріне қысқаша шолу

Сандар мен дәлелдер

Қазіргі қалпы мен үрдістері

Шешілу жолдары, ұсыныстар мен сипаттамалары

Жобаның талаптары:

Жоба ұзақтылығы 10 минут болуы қажет

Power Point бағдарламасы арқылы дайындалуы қажет

Бағалау өлшемі:

Мазмұнының жүйелілігі

Нақты дәлелдері мен аргументтері

Қисындылығы

Жаңашылдығы

Өзектілігі

Іс жүзіндегі маңыздылығы.

ПӘН БОЙЫНША ЖАЗБА ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

Рефераттар тақырыптары:

1. Қазақстан І дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде.
2. 1916 жылғы Жетісу өңіріндегі ұлт - азаттық көтеріліс.
3. 1916ж. көтеріліс көзіндегі қазақ зиялыларының ұстанған саясаты.
4. 1917 жылғы Ақпан революциясы және оның Қазақстанға әсері.
5. Алашорда үкіметтінің құрылуы және оның қызметі.
6. Қазақстан шетел интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында (1918-1920 жылдар).
7. Қазақ комитетінің құрылуы және олардың қызметі.

8. 20 ғасырдың 30-шы жылдардағы Қазақстандағы мәдениеттің дамуы.
9. Қазақстандағы жаңа экономикалық саясат.
10. ЖЭС-тың әлеуметтік - экономикалық нәтижелері.
11. Қазақ өлкесін басқару туралы революциялық комитеттің құрылуы (Кирревком)
12. Қазақстан мен Орта Азияны ұлттық - мемлекеттік межелеу және біртұтас Қазақстан атырабының қалыптасуы.
13. Қазақ Кеңес мемлекетінің құрылуы.
14. Ұжымдастыру – Қазақстан халқының қасіреті. 1931-1933 жылдардағы ашаршылық.
15. М.Тынышбаевтың Түркістан-Сібір темір жолын салуға қосқан үлесі.
16. 1936 ж. Москвада өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің алғашқы апталығы және оның маңызы.
17. Қазақ КСР -інің құрылуы.
18. Күштеп ұжымдастыру және оған қарсы көтерілістер.
19. Қазақстан Ұлы Отан соғысы кезінде (1941-1945ж.).
20. Ұлы Отан соғыс кезіндегі Қазақстанның мәдениеті мен ғылымы.
21. 1946-1970 ж. Қазақстанның қоғамдық-экономикалық жағдайы.
22. XX ғ. 50-жылдарындағы Қазақстанның қоғамдық саяси ахуалы.
23. Қ.Сәтбаев- көрнекті ғалым.
24. Қазақстанда тарих ғылымының қалыптасуы және Е.Бекмаханов.
25. Тың және тыңайған жерлерді игеру және оның нәтижелері.
26. Қазақстандағы «Хрущевтың жылымық » жылдары. Н.С.Хрущевтың реформалары. (1953-1964 ж.)
27. 1965ж. реформа және оның халық шаруашылық маңызы.
28. 1986ж. желтоқсан оқиғасы және оның тағылымы.
29. Қазақстандағы «қайта құру» саясаты. М.С. Горбачевтың реформалары (1985-1991 жж.).
30. 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан оқиғасы және оның тарихи маңызы.
31. КСРО-дың құлауы. ТМД-ның құрылуы. Қазақстан тәуелсіздік жолында.
32. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы.
33. Н.А.Назарбаев – Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті.
34. Тәуелсіздік жолындағы Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық дамуы.
35. Тәуелсіздік жолындағы Қазақстан Республикасының ішкі саясаты. Тәуелсіз Қазақстанның ішкі саясатының көпвекторлығы.
36. Қазақстан қайта құру мен тәуелсіздік жолында.
37. Қазақстан -тәуелсіз егеменді мемлекет.

38. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынасы.
39. Қазақстан Республикасының экономикалық дамуы және оның негізгі бағыттары.
40. Ұлттық идея - Тәуелсіздік тұғыры.
41. Тәуелсіз Қазақстан: дамуы, қазіргі кезеңі және болашағы.
42. Тәуелсіздік және шетел қазақтары.
43. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: тарихы және қазіргі кездегі қоғамдағы алатын орны.
44. Тәуелсіз Қазақстан және ұлттық мәдениеттің қайта өрлеуі.
45. Қазақстан Республикасының қоғамдық –саяси дамуы.
46. Қазақстандағы парламентаризмнің даму тарихы.
47. Қазіргі кездегі саяси партиялар мен қозғалыстардың рөлі.
48. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты. Оның қазіргі кезеңдегі бағыттары мен проблемалары.
49. Қазіргі заманғы Қазақстанның әлеуметтік жағдайы
50. Демографиялық саясат. Қазақстан ұлтаралық қатынастар аясында.
51. Қазақстандағы аграрлық қатынастар және ауыл шаруашылығы саласының нарықтық қатынастарға әсері.
52. Қазіргі замандағы өркениеттің жаһандық мәселелері.
53. Алаш тағылымы және қазіргі Қазақстан руханияты.
54. Қазақстандағы қазіргі діни мәселелер мен жағдайлар.
55. Қоршаған ортаның қазіргі экологиялық жай- күйі.

2. 10. ПӘНДІ ОҚЫТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ:

Қазақстанның қазіргі заман тарихы пәнінің бастапқы міндеті курсанттардың тарихи ой-пікірлерін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының алдында тұрған мақсат міндеттерін шешуге белсенді қатысуға шақырады

Қазақстанның қазіргі заман тарихы курсының барысында курсанттар Отан тарихының қазіргі заманғы жоғары деңгейдегі ғылыми зерттеу мәселелерімен танысады.

Қазақстанның қазіргі заман тарихын оқып-үйрену үрдісінде курсанттар дәріс және семинар сабақтарында курстың мазмұнын игеріп, тарихи деректерге сараптама жасай білуі, алған білімдерін меңгере білуге, арнайы әдебиеттер мен оқулық-анықтамалық құралдарды қолдана білулері керек.

Қазақстанның қазіргі заман тарихын оқып үйренуде ұтымды тәсілдеме, Отанымыздың өткенінің бүгінгі болашағының тұтас мәнін бүгінгі күндегі тарих ғылымының теориялық нәтижесіне сүйенген, қазіргі жалпы мәндегі танымдық

нормаларды сақтау принципіндегі, адамзаттың бүкіл дамуы контексінде қараған түсіндіруден көрінеді.

Курсанттарға оқу материалдарын игеру әдістемесін, белсенді оқытудың қазіргі формалары мен әдістері негізінде қолданып курсанттардың тарихи білімдерін көтеру, жетілдіру, т.б.

1. Отан тарихының динамикалық дамуына (қозғалтқыш күштер, механизмдер, бағыттар, тарихи дамудың заңдылығы).
2. Қазақстанның қазіргі заман тарихының құрылымы және оның кезеңдері және әлеуметтік-кеңістіктегі бөлшектенуі (бөліктері, кезеңдері, формациялары, өркениеттер, әлемдік жүйе, дәуірлер)
3. Тарихтың жалпы жүрісі, тарихтың құрылымы, динамикасы арқылы түсіндірмесі (өткелдері, үрдіс пен кері даму, эволюция)
4. Отандық тарихтың негізгі оқиғаларын тереңдете оқыту;
5. Курсанттардың шығармашылық ойлауын дамыту мен танымдық белсенділіктерін және олардың осы пәнге қызығушылықтарын арттыру;
6. Оқу процесінде алынған білімдерді іс-тәжірибеде қолдану іскерлігін қалыптастыру.

2.11. КУРСТЫҚ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ ПЕН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ: жұмыстық оқу жоспарында қарастырылмаған.

2.12. ӨЗІНДІК БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ:

1. 2012 жылғы Лондондағы жазғы Олимпиада ойындарында біздің қазақстандық спортшыларымыз әлем рекордын жаңартуда әлем елдері арасында нешінші орынға шықты?

- А) 10-шы орын.
- В) 7-ші орын.
- С) 21-ші орын.
- Д) 1-ші орын.
- Е) 4-ші орын.

2. «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы» қабылданды –

- А) 2004 жылы.
- В) 2006 жылы.
- С) 2005 жылы.
- Д) 2003 жылы.
- Е) 2007 жылы.

3. Дүниежүзі қазақтар қауымдастығының төрағасы –

- А) Н.Нығматуллин.
- В) Н.Назарбаев.
- С) С.Ахметов.

- Д) К.Масимов.
- Е) Қ.Тоқаев.

4. АЛЖИР-де әйелі мен қызы азап шеккен мемлекет қайраткері –

- А) Ә.Бөкейханов.
- В) Б.Қаратаев.
- С) Т. Рысқұлов.
- Д) Ж.Аймауытов.
- Е) С.Сейфуллин.

5. Капустин Яр атом полигоны орналасқан облысты ата:

- А) Қарағанды
- В) Шығыс Қазақстан
- С) Павлодар
- Д) Атырау
- Е) Батыс Қазақстан

6. 1905 ж. Қарқаралыдағы өкіметке қарсы ереуілді кім ұйымдастырды?

- А) М.Дулатов
- В) А.Байтұрсынов
- С) Ы.Алтынсарин
- Д) М.Тынышбаев
- Е) М.Шоқай

7. «Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті» мемлекеттік мейрамы болып қай күнге белгіленді?

- А) 25 қазан
- В) 17 желтоқсан
- С) 1 желтоқсан
- Д) 15 қараша
- Е) 6 шілде

8. Қазақстан Республикасы Парламентінің шешімі бойынша «Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті» мемлекеттік мейрамы қай жылдан бастап тойланады?

- А) 2012 жыл
- В) 2011 жыл
- С) 2010 жыл
- Д) 2009 жыл
- Е) 2008 жыл

9. Қазақстан, Ресей, Белорусь мемлекеттерінің шекараларында кедендік бақылаудың жойылу мерзімі –

- А) 2010 жылғы 1 шілде
- В) 2011 жылғы 1 шілде

- С) 2010 жылғы 1 қыркүйек
- Д) 2011 жылғы 1 желтоқсан
- Е) 2012 жылғы 1 қаңтар

10. Шанхай ынтымақтастық ұйымы басшылары 1998 жылы бас қосқан қала

- А) Ташкент
- В) Мәскеу
- С) Бішкек
- Д) Алматы
- Е) Пекин

11. Қазақстанның Еуропалық Қауіпсіздік Ұнтымақтастық Ұйымына төрағалық еткен жыл

- А) 2009 жылы
- В) 2010 жылы
- С) 2011 жылы
- Д) 2012 жылы
- Е) 2008 жылы

12. Қазақстан – 2030 жылы қандай ел болады?

- А) Дамыған капиталистік елдерді басып озады.
- В) Дүние жүзіндегі ең бай ел болады.
- С) Ғарышты игеруде интенсивті жолға түседі.
- Д) Қиыншылықты жеңіп, дамудың келесі сатысына өтеді.
- Е) Қиыншылықты жеңеді.

13. Дүние жүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайына әлемнің қанша елінен отандастарымыз келді?

- А) 13 елінен
- В) 19 елінен.
- С) 27 елінен.
- Д) 9 елінен.
- Е) 10 елінен.

14. «Халық қаһарманы» атағын алған желтоқсан құрбаны:

- А) Л.Асанова.
- В) Е.Сыпатаев.
- С) Қ.Рысқұлбеков.
- Д) С.Мұхамеджанова.
- Е) Р.Қожабергенев.

15. «Сұлтан Бейбарыс» фильмінің режиссері:

- А) С.Апырымов.
- В) Т.Теменов.
- С) Ф.Мансұров.

- Д) О.Рымжанов.
- Е) Ш.Айманов.

16. Республика жазушылары арасында тұңғыш Социалистік Еңбек Ері атанған:

- А) Ә.Тәжібаев.
- В) І.Есенберлин.
- С) Ғ.Мүсірепов.
- Д) Ғ.Мұстафин.
- Е) Т.Ахтанов.

17. «Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың мақаласы қашан шықты?

- А) 2012 жылғы 10 шілдеде
- В) 2012 жылғы 12 тамызда
- С) 2012 жылғы 10 қыркүйекте
- Д) 2012 жылғы 12 қазанда
- Е) 2012 жылғы 10 қарашада

18. 1940-1950жж. биология, медицина, геология саласындағы ғалымдарға қандай айып тағылды?

- А) Өзгеше ойлайтындар.
- В) Пантюркист.
- С) Космополит.
- Д) Ұлтшыл-уклонист.
- Е) Буржуазияшыл.

19. Қазақтан шыққан тұңғыш инженер –

- А) А.Ермеков.
- В) В.Шатов.
- С) Н.Нұрмақов.
- Д) Т.Рысқұлов.
- Е) М.Тынышбаев.

20. «Қазақстан -2050» стратегиясының басты мақсаты -

- А) Елімізде өнеркәсіпті дамыту.
- В) Дамыған 50 елдің қатарына кіру.
- С) Дамыған 30 елдің қатарына кіру.
- Д) Дамыған 40 елдің қатарына кіру.
- Е) Азияның 5-ші барысына айналу.

Білім алушылардың білімін бағалау өлшемі

Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау – академиялық кезең ішінде, кестеге сәйкес оқытушылардың аудиториялық және аудиториялардан

тыс сабақтарда білім беру бағдарламасына сәйкес білім алушылардың білімін жүйелі тексеру.

Межелік бақылау (**МБ1, МБ2**) - білім алушылардың білімін бір оқу пәнінің ірі бөлімін (модулін) аяқтағаннан кейін бақылау.

Курсанттарды пән бойынша қорытынды бақылауға жіберу үлгерімнің ағымдық бақылауының бағасынан (бұл ретте курсантта оқылған пәннің әрбір тақырыбы бойынша кемінде бір баға болуы тиіс) және аралық бақылаулардың бағасынан құралатын рұқсат рейтингісінің (РР) бағасы негізінде жүзеге асырылады.

$$(YAB+MB1+MB2) : 3 = PP$$

Пән бойынша қорытынды баға (қорытынды баға) жіберу рейтингісінің бағасы (60%) және қорытынды бақылау (40%) (емтихан бағасы (E)) кіреді.

$$PP \times 60\% + E \times 40\% = \text{Қорытынды баға}$$

«**A**», «**A-**» («**өте жақсы**») – егер білім алушы барлық бағдарламалық материалды терең және мықты игерсе, оны толық, жеткілікті, сауатты және қисынды түрде баяндайды, тапсырманың түрін өзгерту кезінде жауаппен қиындатпайды, қойылған міндеттерді еркін орындайды, монографиялық материалдың білімін көрсетеді, қабылданған шешімдерді дұрыс негіздейді, практикалық жұмыстарды орындаудың жан-жақты дағдылары мен тәсілдерін біледі, материалды өз бетінше жалпылап, қателерге жол бермей баяндай алады;

«**B+**», «**B**», «**B-**», «**C+**» («**жақсы**») – егер білім алушы бағдарламалық материалды қатты білсе, оны сауатты және мәні бойынша баяндаса, сұраққа жауап беруде елеулі дәлсіздікті жібермесе, теориялық ережелерді дұрыс қолдана алады және практикалық тапсырмаларды орындау кезінде қажетті дағдыларды меңгерген;

«**C**», «**C-**», «**D+**», «**D**» («**қанағаттанарлық**») – егер білім алушы негізгі материалды ғана меңгерсе, дұрыс емес тұжырымдауға жол берсе, бағдарламалық материалды мазмұндаудағы реттілікті бұзса және практикалық тапсырмаларды орындауда қиындықтарға тап болса;

«**F**» («**қанағаттанарлықсыз**») – егер білім алушы бағдарламалық материалдың едәуір бөлігін білмесе.

Дәстүрлі шкалаға ауыстырылған білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	

B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

1.13. ПӘН БОЙЫНША ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ.

1. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы курсының пәні мен міндеттері.
2. Ұлттық идея эволюциясы, жаңа заман кезеңіндегі ұлттық мемлекеттілік.
3. Ұлттық мемлекетті құру жолындағы қазақ зиялыларының қызметі.
4. Саяси позициялары бойынша қазақ халқының екіге бөлінуі.
5. XX ғасыр басындағы Қазақстандағы тәуселсіздік үшін күрес.
6. Қазақстан азаматтық қарсыласу жылдарында.
7. Қазан төңкерісі және Қазақстандағы саяси өмір.
8. Жаңа экономикалық саясатқа көшудің әлеуметтік-экономикалық және саяси негіздері.
9. Қоғамдық өмірде биліктің күшейуі және Коммунистік партияның және оның ұйымдарының әсері.
10. Қазақ ұлтының мәңгірттенуінің бастауы. Қазақ зиялыларының саяси репрессияға ұшырату.
11. «Қазақ ұлтшылдығымен» Қазақ өлкелік партиялық комитеттің күресі.
12. Ф.И. Голощекиннің «Кіші Қазан» идеясы мазмұны және зардабы.
13. Солшыл большевиктердің идеясының мәдени өмірде бекуі, қазақ халқының рухани зұлматы.
14. Фашистік Германияның КСРО ға шабуылы. Соғыстың басталуы, оның сипаты. Қазақстандықтардың Мәскеу, Ленинград және Сталинград үшін шайқастардағы ерліктері. Алғашқы қазақстандық батырлар.
15. Қазақстанның адам және экономикалық ресурстарын мобилизациялау.
16. Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысы майданында.
17. Қазақстандықтар партизандық қозғалыстар қатарында.
18. Қазақстан Ұлы Отан соғысының аяқталу сатысында (1944-1945 жж.).
19. Қазақстан соғыстан кейінгі ауыр жылдарда.
20. Қызметтің барлық салаларында «кеңестік цензура» рөлінің салдары.

21. Қалыптасқан ауыл шаруашылығын реформалау (1953 ж. қыркүйек). Тын және тыңайған жерлерді игеру.
22. Соғыстан кейінгі жылдарда көлік және өнеркәсіпті дамыту.
23. Қоғамдық-саяси өмірдегі «жылымық». Мәдениет және ғылымның дамуы.
24. Жоғары партиялық-мемлекеттік басқару жүйесінде ойланбай жасалған өзгерістер. Билікке Л. И. Брежневтің келуі.
25. Экологиялық дағдарыс. Арал қасіреті. Семей полигоны сынақтарының салдары.
26. Әкімшілік-командалық жүйенің тоқырауы. (1964 - 1985 жж.)
27. Қазақстанда XX ғасырдың екінші жартысындағы кеңестік реформалардың қарама-қайшылық салдары.
28. Білім және ғылым. Қоғамның рухани өмірі және мәдениет. (1964 - 1985 жж.)
29. Целиноград қаласындағы оқиға.
30. Қазақстандағы «қайта құру» саясаты (1985-1991.)
31. Қазақстан ОК Компартиясының Бірінші хатшысы Д. А. Қонаев қызметінен шеттету және республика басшысының ауысуы. 1986 жылғы Алматы және республиканың басқа қалаларындағы Желтоқсан оқиғасының шынайы ақиқаты.
32. Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы.
33. «Қайта құру» саясатының негізгі кезеңдері (1985-1991) және оның сипаттамасы.
34. КСРО-ның командалық-әкімшілік жүйесіндегі демократиялық өзгерістерге талпынған әрекеттері.
35. Жастар мен зиялы қауым өкілдеріне қарсы ұлы державалық қуғын-сүргіннің жаңа толқыны.
36. Алаш қозғалысының қайраткерлерін ресми ақтау. Жаңа қоғамдық ұйымдар мен партиялардың құрылуы.
37. Қазақстанның тәуелсіздігін жариялауы.
38. Н.А. Назарбаевтың ісінің маңызы. Қазақстан егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы.
39. Қазақстан Президентінің Қазақстан халқына бірінші жолдауы: «Қазақстан-2030»: қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсарту, гүлдену және қауіпсіздік». Қазақстан Республикасының дамуының ұзақ мерзімді басым мақсаттары.
40. «Қазақстан-2050»: Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты».
41. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы.
42. Қазақстан Республикасының экономикалық дамуы.
43. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-демографиялық үрдістер және әлеуметтік саясат.
44. Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси дамуы (1991-1998).
45. Қазақстан территориясындағы халықтың рухани жаңаруы (1991-2016).
46. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты.

47. Өтпелі кезеңнің қиындықтары экономикалық дағдарыс, әлеуметтік шиеленіс, өмір сүру деңгейінің төмендеуі, жұмыссыздық, қылмыс.
48. Қазақстанның жаңа мүмкіншіліктері. Индустриялық-инновациялық мемлекеттік даму бағдарламасы, алғашқы жетістіктері.
49. ХХІ ғасырдағы Қазақстандық экономиканың моделі.
50. «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» жаңа экономикалық саясаты - Қазақстанның жаһандық сын-қатерлерге жауабы.
51. Қазақстандағы жасампаз кезеңдегі экономикалық өзгерістер мен олардың нәтижелері.
52. Қазақстанның экономикасын дамыту үшін шетел капиталын тарту.
53. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы 2004 жылғы 19 наурыз «Бәсекеге қабілетті Қазақстан, бәсекеге қабілетті экономика, бәсекеге қабілетті ұлт» және оның маңызы.
54. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы 2011 жылғы 28 қаңтар «Үдемелі инновациялық индустрияландыру бағдарламасының жалғасы жеделдетілген экономиканы жаңғырту».
55. Қазақстанның экономикалық тұрақты даму траекториясы.
56. Қазіргі заманғы білім беру жүйесін жаңғыртудың өзекті мақсаттары мен міндеттері.
57. Қазақстандағы көші-қон демографиялық процестер, халықтың этникалық құрылымындағы өзгерістер.
58. «Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту тұжырымдамасының» міндеттері мен принциптері.
59. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы 2008 жылғы 6 ақпан «Мемлекеттік саясаттың басты мақсаты - Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру».
60. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауындағы тарихи сабақтастық.
61. Елдің еңбек әлеуеті, адами капиталды дамыту Стратегиясы. Жұмыспен қамтудың жаңа стратегиясы.
62. Біртұтас ұлт қалыптасуының мәселелері мен болашағы.
63. Қазақстан Республикасы қоғамдық-саяси өмірін демократияландыру.
64. Ұлтаралық келісім - Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі мен демократиясын нығайтудың негізі.
65. Қазақстандық бірегейлік пен бірлік іргетасы, жалпы ұлттық құндылықтарға негізделген мәдени, этникалық, тілдік және діни сан алуандық.
66. Саяси партиялар және партиялық жүйені дамыту.
67. Азаматтық қоғам мен саяси институттарды дамыту.
68. Әлем елдеріндегі қазақтардың бірінші құрылтайы.
69. 2003 жылғы 2 желтоқсандағы азаматтардың Саяси құқықтары туралы шарты және оны жүзеге асыру.
70. Қазақстан Республикасына «Омбудсмен» (мемлекеттік органдар әрекетінің заңдығын бақылайтын және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын парламенттегі лауазымды адам) институтын енгізу.

71. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңы 2004 ж. Жастар саясатының істері бойынша негізгі бағыттары.
72. Қазақстан Республикасы жастар саясатының «Қазақстан-2020» даму бағдарламасы. Қазақстандық ұлттық тарихпен тәрбиелеу.
73. Қазақстанның конфессионалдық саясаты қауіпсіздік мәселелері контексінде.
74. Жалпыұлттық келісім және жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандары жылы.
75. Ұлттық бірлік және ұлттық тарих жылы.
76. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы.
77. Қазіргі Қазақстан – Ұлы Дала елінің ұлы мұрагері.
78. Қазақ халқының пайда болуы өзекті мәселелерінің тарихи алғышарттары мен жаңа көзқарастар.
79. Ұлт көшбасшысының «Халық тарих толқынында» бағдарламасының мәні мен жаңа тарихи танымды қалыптастырудағы рөлі.
80. Елбасының Ұлытаудағы сұхбатындағы қазақ мемлекеттілігі туралы ой-пікірі.
81. Қазақ хандығының 550-жылдық мерейтойын тойлау барысындағы мәдени-әлеуметтік жаңа парагималық көзқарастар.
82. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы билер мен батырлар институтын зерттеу.
83. Тәуелсіз Қазақстан халқының ауызша тарихи дәстүрі және оның ерекшеліктері.
84. «Мәңгілік ел» идеясының ұлттық мемлекет халқын біріктіру құрылысында пайда болуы, негізгі кезеңдері.
85. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы мәні мен маңызы.
86. «Мәңгілік ел» қазақ халқының тарихында ұлы мұраға берілген ежелгі арманы.
87. "Мәңгілік ел" қазақ мәдениетінің тарихи сабақтастығы, еркіндік, бірлік, мықты мемлекет, жоғары мақсаттар.
88. Тарих бірлігі, мәдениет және тіл.
89. Қазақстан Республикасының әлем мен аймақтық мәселелерді шешуге белсене қатысуы және ұлттық қауіпсіздік.
90. Қазақстанның егемендігін әлемдік қауымдастық мойындауы, БҰҰ-на қабылдау.
91. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мақсаттар, халықаралық және өңірлік қауіпсіздік, аумақтық тұтастық және егемендігі.
92. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еуразиялық идеясын дамыту және оның қазіргі заманда түсіндіру.
93. Қазақстанның сыртқы саясаттағы басым бағыттары. Қазақстанның сыртқы саясатын қалыптастыру.
94. Жаңа геосаяси жағдайдағы Қазақстан Республикасының негізгі бағыттары – халықаралық қатынастарда қауіп-қатерді азайтуға талпыну.
95. Қазақстанның Шығыс пен Батыстың өркениеттік және мәдени диалогын дамытуға қосқан үлесі.
96. «ЭКСПО-2017»: мәні және рөлі.

2.14. ҚҰРАСТЫРҒАНДАР: жалпы білім беретін пәндер кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция майоры М.Е. Уалиев; жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдарының магистрі, полиция аға лейтенанты Ә.Б. Жағыпар.